5. Іздеген құрылғылар экранға шығады. Пайдаланыңыз келетін біреуін таңдап **Далее** түймесін басыңыз.


-  Егер драйвер бір құрылғы арқылы ізделсе, растау терезесі шығады.

6. Орнату аяқталғаннан кейін сынақ бетін басып шығаруды сұрайтын терезе шығады. Тексеру бетін басып шығарыңыз келсе, **Тексеру бетін басып шығару** түймесін басыңыз.


Әйтпесе **Далее** түймесін басыңыз да 8-қадамға өтіңіз.

7. Егер тексеру беті дұрыс басып шығарылса, **Иә** түймесін басыңыз. Егер дұрыс болмаса, қайтадан басып шығару үшін **Жоқ** түймесін басыңыз.

8. Егер құрылғыңызды Samsung веб-сайтына тіркегіңіз келсе, **Регистрация через Интернет** түймесін басыңыз.

-  Егер құрылғы компьютерге әлі қосылмаған болса, **Подключение** бөлімін таңдаңыз. **Подключение** бөлімінде құрылғыны қосу әдісі бойынша егжей-тегжейлі ақпарат беріледі. Терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

9. **Готово** түймесін басыңыз.

-  • Драйверді орнатқаннан кейін брандмауэрді қосуыңызға болады.
- Егер принтер драйвері дұрыс жұмыс істемесе, драйверді жөндеу немесе қайта орнату қадамдарын орындаңыз.
    - a) Құрылғының компьютерге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
    - b) **Бастау** мәзірінде, **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > принтер драйверінің атауы > Обслуживание** тармағын таңдаңыз.
    - c) Қалаған опцияны таңдаңыз, терезедегі нұсқауды орындаңыз.

## Macintosh

1. Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.
2. Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
3. Macintosh жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
4. **MAC\_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
5. **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
6. Құпиясөзді енгізіп **OK** түймесін басыңыз.

7. Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Continue** түймесін басыңыз.
8. Лицензиялық келісімді оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
9. Лицензиялық келісімге келісу үшін **Agree** түймесін басыңыз.
10. **Easy Install** тармағын таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** параметрі басым көпшілік пайдаланушыларға ұсынылады. Құрылғының жұмысына қажетті барлық компоненттер орнатылады.
  - Егер **Custom Install** тармағын таңдасаңыз, орнату үшін жеке компоненттерді таңдауыңызға болады.
11. Барлық бағдарламалардың жабылуын ескертетін хабар компьютеріңізде пайда болады. **Continue** түймесін басыңыз.
12. Қажетті орнату түрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
  - **Typical installation for a local printer:** Пайдаланушы компьютеріне тікелей қосылған құрылғы үшін әдепкі құрамдастарды орнатады.
  - **Typical installation for a network printer:** Желідегі құрылғы үшін бағдарламалық жасақтама орнатады. SetIP бағдарламасы іске қосылады. Егер құрылғы желі ақпаратын конфигурациялаған болса, SetIP бағдарламасын жабыңыз. Келесі қадамға өтіңіз.
  - **Установка и настройка беспроводной сети :** CLP-325W(K)/CLP-326W моделдері үшін **Установка и настройка беспроводной сети** мәзіріне кіруіңізге болады. **Установка и настройка беспроводной сети** мәзірі сымсыз желіні құрылғыға USB кабелі арқылы қосуға мүмкіндік береді (46-беттегі "Сымсыз желіні USB кабельдің көмегімен орнату" қараңыз).
13. Орнатуды аяқтау үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Орнату аяқталғанда **Quit** немесе **Restart** параметрін таңдаңыз.
14. **Applications** қалтасын > **Utilities** > **Print Setup Utility** тармағын ашыңыз.
  - Mac OS X 10.5~10.6 үшін **Applications** қалтасын > **System Preferences** содан кейін **Print & Fax** тармағын ашыңыз.
15. **Printer List Add** пәрменін таңдаңыз.
  - Mac OS X 10.5~10.6 құрылғысы үшін «+» белгішесін басыңыз; дисплей терезесі шығады.
16. Mac OS X 10.3 үшін **IP Printing** қойындысын таңдаңыз.
  - Mac OS X 10.4 үшін **IP Printing** тармағын таңдаңыз.
  - Mac OS X 10.5~10.6 үшін **IP** тармағын таңдаңыз.
17. **Printer Type** ішіндегі **Socket/HP Jet Direct** параметрін таңдаңыз.
  - Көп беті бар құжатты басып шығарған кезде басып шығарудың өнімділігін **Printer Type** опциясына арналған **Socket** тармағын таңдау арқылы жақсартуға болады.
18. **Printer Address** енгізу өрісіне құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.
19. **Queue Name** енгізу өрісіне кезектің атауын енгізіңіз. Құрылғы сервері үшін кезектің атауын анықтай алмасаңыз алдымен әдепкі кезекті пайдаланып көріңіз.
20. Mac OS X 10.3 құрылғысы үшін Автотандау мүмкіндігі дұрыс жұмыс істемейді **Samsung** тармағын **Printer Model** бөлімінен және құрылғы атауын **Model Name** тармағынан таңдаңыз.
  - Mac OS X 10.4 құрылғысы үшін Автотандау мүмкіндігі дұрыс жұмыс істемесе **Samsung** тармағын **Print Using** бөлімінен және құрылғы атауын **Model** тармағынан таңдаңыз.
  - Mac OS X 10.5~10.6 құрылғысы үшін, егер Автотандау мүмкіндігі дұрыс жұмыс істемесе, **Select a driver to use...** тармағын және **Print Using** бөлімінен құрылғы атауын таңдаңыз.

Құрылғы **Printer List** шығады және әдепкі құрылғы ретінде белгіленеді.

## 21. Add пәрменін таңдаңыз.



Егер принтер драйвері дұрыс жұмыс істемесе, оны жойып қайта орнатыңыз.

Macintosh жүйесі үшін драйверді жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- a) Құрылғының компьютерге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
- b) Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
- c) Macintosh жұмыс үстелінде шығатын диск белгішесін екі рет басыңыз.
- d) **MAC\_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
- e) **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
- f) Құпиясөзді енгізіп **OK** түймесін басыңыз.
- g) Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Continue** түймесін басыңыз.
- h) Лицензиялық келісімді оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
- i) Лицензиялық келісімге келісу үшін **Agree** түймесін басыңыз.
- j) **Uninstall** пәрменін таңдап, **Uninstall** түймесін басыңыз.
- k) Барлық бағдарламалар компьютерде жабылатыны туралы ескертетін хабар шыққан кезде **Continue** түймесін басыңыз.
- l) Жою аяқталған кезде **Quit** түймесін басыңыз.

## Linux

Принтер бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін Samsung веб-сайтынан Linux бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеуіңіз керек.



Басқа бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін:

- 34-беттері "Smart Panel орнату" қараңыз.
- 35-беттері "Printer Settings Utility орнату" қараңыз.

## Unified Linux Driver орнату

1. Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.
2. Samsung веб-сайтынан компьютеріңізге Unified Linux Driver бумасын жүктеңіз.
3. **Unified Linux Driver** бумасын оң жақ пернемен басып, буманы шығарыңыз.
4. **cdroot > autorun** тармағын екі рет басыңыз.
5. Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Жалғастыру** түймесін басыңыз.
6. Принтер шеберін қосу терезесі ашылады. **Next** түймесін басыңыз.
7. Желілік принтерді таңдаңыз және **Іздеу** түймесін басыңыз.
8. Тізім өрісінде принтердің IP мекенжайы мен моделі шығады.
9. Құрылығыны таңдап **Next** түймесін басыңыз.
10. Принтердің сипаттамасын енгізіп **Next** түймесін басыңыз.
11. Принтерді қосу дайын болғанда, **Finish** түймесін басыңыз.
12. Орнату дайын болғанда, **Finish** түймесін басыңыз.

## Желілік принтер қосу

1. **Біріктірілген драйвер конфигурация құралын** екі рет басыңыз.
2. **Add Printer...** түймесін басыңыз


3. **Принтер шеберін қосу** терезесі ашылады. **Next** түймесін басыңыз.
4. **Желілік принтер** түймесін және **Іздеу** түймесін басыңыз.
5. Тізім өрісінде принтердің IP мекенжайы мен моделі шығады.
6. Құрылығыны таңдап **Next** түймесін басыңыз.
7. Принтердің сипаттамасын енгізіп **Next** түймесін басыңыз
8. Принтерді қосу дайын болғанда, **Finish** түймесін басыңыз.

# Сымсыз желіні орнату (тек қана CLP-325W(K)/CLP-326W)

Бұл тарауда сымсыз желі қосылған құрылғыны және бағдарламаны орнату бойынша қадамдық нұсқаулар берілген.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Жұмысты бастау
- Сымсыз желіні орнату түрін таңдау
- WPS түймесімен сымсыз желіні орнату
- Сымсыз желіні компьютерден орнату

 Желі ортасы, желілік бағдарламалар және желіге қосылған құрылғының драйверін орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі тарауларды қараңыз:


- 37-беттегі "Желілік орта" қараңыз.
- 37-беттегі "Пайдалы желілік бағдарламаларды енгізу" қараңыз.
- 40-беттегі "Құрылғының драйверіне қосылған желіні орнату" қараңыз.

## Жұмысты бастау

### Желілік қосылымды таңдау

Әдетте, компьютер мен құрылғының арасында бір уақытта тек бір қосылым бола алады. Желі қосылымының ескеру керек екі түрі бар:

- Қатынас орны жоқ сымсыз желі (Ad-Hoc режимі)
- Қатынас орны бар сымсыз желі (инфрақұрылым режимі)



#### Инфрақұрылым режимі

Бұл орта әдетте үйде және үй кеңселерінде (кішігірім кеңсе/ үй кеңсесі) пайдаланылады. Бұл режим сымсыз құрылғымен байланысу үшін қатынас орнын пайдаланады.


- 46-беттегі "Қатынас орны бар сымсыз желіде құрылғыны орнату (Windows)" қараңыз.
- 49-беттегі "Қатынас орны бар сымсыз желіде құрылғыны орнату (Macintosh)" қараңыз.



#### Ad-Hoc режимі

Бұл режим қатынас орнын пайдаланбайды. Сымсыз компьютер және сымсыз құрылғы тікелей байланысады.

- 47-беттегі "Құрылғыны Ad-Hoc желісінде орнату (Windows)" қараңыз.
- 50-беттегі "Құрылғыны Ad-Hoc желісінде орнату (Macintosh)" қараңыз.


 Теңшелімді таңдағаннан кейін компьютердің амалдық жүйесіне арналған оңай нұсқауларды орындаңыз, бірақ жалғастыру алдында құрылғымен бірге келген бағдарлама ықшам дискісін табыңыз.

- Орнатуды аяқтау
- Wi-Fi желісін қосу/өшіру
- Ақаулықтарды жою



### Сымсыз желі атауы және желі кілті

Сымсыз желілер жоғарырақ қауіпсіздікті қажет етеді, сондықтан қатынас орнын бірінші рет орнатқанда желі үшін желі атауы (SSID), пайдаланылатын қауіпсіздік түрі және желі кілті жасалады. Құрылғыны орнатуды жалғастыру алдында осы ақпаратты табыңыз.

### Сымсыз желіні орнату түрін таңдау

Құрылғыға қосылу үшін сымсыз желіні орнатудың көптеген жолдары бар. Сымсыз желіні құрылғының басқару панелінен немесе компьютерден орнатуға болады. **Пайдаланушылардың көбіне сымсыз желі параметрлерін теңшеу үшін WPS (  ) түймесін пайдалануды ұсынамыз.**


### Басқару панелінен

- **WPS (  )**: Егер құрылғы және қатынасу нүктесі (немесе сымсыз бағыттағыш) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) режиміне қолдау көрсетсе, сымсыз желі орнатымдарын басқару панеліндегі **WPS (  )** түймешігін басу арқылы оңай теңшеуге болады. (45-беттегі "WPS түймесімен сымсыз желіні орнату" бөлімін қараңыз).

### Компьютерден

**Компьютерден берілген бағдарлама ықшам дискісінде бар бағдарламамен бірге USB кабельді пайдалану ұсынылады.**


- **USB кабель көмегімен:** Сымсыз желіні жай берілген ықшам дискідегі бағдарламаны пайдаланып орнатуға болады. Тек Windows және Macintosh амалдық жүйелеріне қолдау көрсетіледі (46-беттегі "Сымсыз желіні USB кабельдің көмегімен орнату" бөлімін қараңыз).

 Драйверді орнатқаннан кейін Printer Settings Utility USB кабельімен сымсыз желі орнатуға да болады (Windows және Macintosh операциялық жүйелеріне қолдау бар).


- **Желілік кабель көмегімен:** Сымсыз желіні SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдаланып орнатуға болады (51-беттегі "Желілік кабель көмегімен сымсыз желіні орнату" бөлімін қараңыз).


## WPS түймесімен сымсыз желіні орнату

Сымсыз желіні **WPS** (  ) түймесімен орнатуға болады.

-  Сымсыз желіге қосылуды аяқтағаннан кейін бағдарламадан басып шығару үшін құрылғының драйверін орнату керек (40-беттегі "Құрылғының драйверіне қосылған желіні орнату" бөлімін қараңыз).

### WPS түймесімен сымсыз желіні орнату

Егер құрылғы және қатынасу нүктесі (немесе сымсыз бағыттағыш) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) режиміне қолдау көрсетсе, сымсыз желі орнатымдарын басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймешігін басу арқылы оңай теңшеуге болады.


-  Егер сымсыз желіні инфрақұрылым режимін пайдаланып пайдалану керек болса, желілік кабель құрылғыдан ажыратылғанын тексеріңіз. Қатынас орнына қосылу үшін WPS (PBC) түймесін пайдалану немесе компьютерде PIN коды енгізу пайдаланып жатқан қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты әр түрлі болады. Пайдаланып жатқан қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.


### Дайындау керек элементтер

Келесі элементтер пайдалану үшін дайын болуы керек:

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауды қолдайтынын тексеріңіз.
- Құрылғы Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауды қолдайтынын тексеріңіз.
- Желіге қосылған компьютер (тек PIN код режимі).

### Желілік қосылымды таңдау

Басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймесін пайдаланып құрылғыны сымсыз желіге қосудың екі әдісі бар.

**Push Button Configuration (PBC)** әдісі құрылғының басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймесін басу арқылы және сәйкесінше Wi-Fi Protected Setup™ (WPS)-қолдайтын қатынасу орнындағы (немесе сымсыз бағыттағыш) WPS (PBC) түймесін басу арқылы құрылғыны сымсыз желіге қосуға мүмкіндік береді.



**Personal Identification Number (PIN)** әдісі құрылғыны сымсыз желіге Wi-Fi Protected Setup™ (WPS)-қолдайтын қатынасу орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) берілген PIN ақпараты арқылы қосуға мүмкіндік береді.


Құрылғыдағы зауыттық әдепкі параметр – **PBC** режимі. Ол әдеттегі сымсыз желі ортасы үшін ұсынылады.

### PBC режимінде сымсыз желіге қосылу



PBC режимінде құрылғыны сымсыз желіге қосу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Сымсыз желі көрсеткішінің күйін тексеру керек.

1. Басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймесін шамамен 2-4 секунд бойы жарық диодты күй көрсеткіші тез жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
  -  : Сымсыз желі көрсеткішінде жарық баяу жыпылықтайды. Құрылғы сымсыз желіге қосылуды бастайды. Көрсеткіш қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) PBC түймесін басқанша екі минутқа дейін баяу жыпылықтайды.

2.  : Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) **WPS (PBC)** түймесін басыңыз.

Сымсыз желі көрсеткіші төмендегідей жыпылықтайды:


- a)  : Сымсыз жарық диодындағы жарық тез жыпылықтайды. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
- b)  : Құрылғы сымсыз желіге сәтті қосылғанда, сымсыз желі көрсеткіші қосулы қалады.


### PIN режимінде сымсыз желіге қосылу


Құрылғыны сымсыз желіге қосу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Сымсыз желі көрсеткішінің күйін тексеру керек.

1. PIN нөмірін қамтитын желі теңшелімі туралы есепті басып шығару керек.

Дайын режимінде басқару панелінде **Болдырмау** (  ) түймесін шамамен 5 секунд бойы басып тұрыңыз. Құрылғының PIN нөмірін білуге болады.



2. Жарық диодты күй көрсеткіші қосылғанша басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймесін 4 секундтан аса басып тұрыңыз.

-  : Сымсыз желі көрсеткішінде жарық баяу жыпылықтайды. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосыла бастайды.

3. Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылған компьютерге екі минут ішінде сегіз сандық PIN нөмірін енгізу керек.

Көрсеткіш сегіз сандық PIN нөмірін енгізгенше екі минутқа дейін баяу жыпылықтайды.

Сымсыз желі көрсеткіші төмендегідей жыпылықтайды:

- a)  : Сымсыз жарық диодындағы жарық тез жыпылықтайды. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
- b)  : Құрылғы сымсыз желіге сәтті қосылғанда, сымсыз желі көрсеткіші қосулы қалады.


### Сымсыз желіге қайта қосылу

Сымсыз желі функциясы өшірулі кезде, құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) бұрын пайдаланылған сымсыз қосылым параметрлерімен және мекенжайымен қайта қосылуға әрекет жасайды.


-  Келесі жағдайларда құрылғы сымсыз желіге автоматты түрде қайта қосылады:

- Құрылғы өшіріліп, қайта қосылады.
- Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) өшіріліп, қайта қосылады.



### Сымсыз желіге қосылу процесін болдырмау

Құрылғы сымсыз желіге қосылып жатқанда сымсыз желіге қосылу функциясын болдырмау үшін басқару панеліндегі **Болдырмау** (  ) түймесін басыңыз және жіберіңіз. **Сымсыз желіге қайта қосылу үшін 2 минут күту керек.**

### Сымсыз желі қосылымын ажырату

Сымсыз желіден қосылымын ажырату үшін басқару панеліндегі **WPS** (  ) түймесін екі секундтан аса басыңыз.


- **Wi-Fi желісі бос режимде болғанда:** Құрылғы сымсыз желіден бірден ажыратылады және сымсыз желі көрсеткіші өшеді.
- **Wi-Fi желісі пайдаланылып жатқанда:** Құрылғы ағымдағы тапсырманың аяқталуын күткенде, сымсыз желі көрсеткішінде жарық тез жыпылықтайды. Содан кейін, сымсыз желі қосылымы автоматты түрде ажыратылады. Сымсыз желі көрсеткіші өшеді.

 Wi-Fi желісі ажыратулы болғанда, басқару панеліндегі **WPS** ( түймесін басыңыз. Wi-Fi желісі қосылады және сымсыз желіне орнату басталады.

## Сымсыз желіні компьютерден орнату

Сымсыз желі USB кабелін немесе желілік кабельді компьютерден орнатуыңызға болады.

### Сымсыз желіні USB кабельдің көмегімен орнату

 Желі теңшелімі туралы ақпарат алу үшін желілік әкімшіге немесе сымсыз желіні орнатқан адамға жолығыңыз.

#### Қатынас орны бар сымсыз желіде құрылғыны орнату (Windows)

##### Дайындау керек элементтер

Келесі элементтер дайын болу керек.


- Қатынас орны
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабелі

#### Windows жүйесінде инфрақұрылым желісін жасау

Элементтер дайын болғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
2. Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.
3. Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
  - Бағдарлама ықшам дискісі автоматты түрде іске қосылады және орнату терезесі шығады.
  - Егер орнату терезесі шықпаса, **Бастау** түймесін, содан кейін **Жеу** түймесін басыңыз. X:\Setup.exe жолын енгізіңіз, «X» әрпін дискіенгізгіні білдіретін әріппен ауыстырыңыз. **OK** түймесін басыңыз.
  - Windows Vista, Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесін пайдалансаңыз, **Бастау** > **Барлық бағдарламаларда** > **Қалыпталған** > **Жеу** тармағына өтіңіз. X:\Setup.exe жолын енгізіңіз. «X» әрпін дискіенгізгіні білдіретін әріппен ауыстырыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
  - Егер Windows Vista, Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі шықса, **Тасушыдан бағд-лама орнату немесе қолдану** өрісінде **Жеу Setup.exe** пәрменін таңдаңыз және **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесінде **Жалғастыру** немесе **Иә** пәрменін таңдаңыз.


#### 4. Установка и настройка беспроводной сети параметрін таңдаңыз.




- **Установить сейчас:** Егер сымсыз желіні орнатып қойсаңыз, сымсыз желі құрылғысын пайдалануға арналған құрылғы драйверін орнату үшін осы түймені басыңыз. Сымсыз желіні орнатпаған болсаңыз, осы түймені баспас бұрын, сымсыз желіні орнату үшін **Установка и настройка беспроводной сети** түймесін басыңыз.
- **Установка и настройка беспроводной сети:** USB кабелі арқылы құрылғының сымсыз желі параметрлерін теңшеңіз, одан кейін құрылғы драйверін орнатыңыз. Сымсыз қосылымды бұған дейін орнатпаған пайдаланушылар ғана.

#### 5. Лицензионное соглашение оқыңыз және **Я принимаю условия лицензионного соглашения** құсбелгісін қойыңыз. Одан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

#### 6. Бағдарлама сымсыз желіні іздейді.

 Егер іздеу орындалмаса, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельдің дұрыс қосылғанын тексеріңіз және терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

#### 7. Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланатын қатынас орнының атауын (SSID) таңдаңыз және **Далее** түймесін басыңыз.

 Егер таңдау керек желі атауын таппасаңыз немесе сымсыз желі теңшелімін қолмен орнатқыңыз келсе, **Дополнительно** пәрменін таңдаңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескеріңіз).
- **Режим работы:** **Инфраструктура** параметрін таңдаңыз.
- **Аутентификация:** Аутентификация түрін таңдаңыз. **Open System:** Аутентификация пайдаланылады және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін. **Shared Key:** Аутентификация пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады. **WPA Personal немесе WPA2 Personal:** Басып шығару серверінің түпнұсқалығын WPA Pre-Shared кілтін көмегімен растау үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол ортақ құпия кілтті пайдаланады (әдетте Pre Shared Key құпия сөзі деп аталады). Ол кілт қатынас орнында және оның әр клиентінде қолмен теңшеледі.
- **Encryption:** Шифрлауды таңдаңыз (Жоқ, WEP64, WEP128, TKIP, AES, TKIP AES).
- **Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін енгізіңіз.

- **Confirm Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін растаңыз.
- **WEP Key Index:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **Индекс ключа WEP** пайдаланыңыз.



Қатынас орнында қауіпсіздік параметрі болса, сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады.

Сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады. WEP немесе WPA қауіпсіздік режиміне байланысты терезе әр түрлі болады.

- **WEP болған жағдайда**

Түпнұсқалық растама үшін **Открытая** немесе **С общим ключом** параметрін таңдаңыз және WEP қауіпсіздік кілтін енгізіңіз. **Далее** түймесін басыңыз.

WEP (Wired Equivalent Privacy) – сымсыз желіге рұқсат етілмеген қатынасуды болдырмайтын қауіпсіздік протоколы. WEP сымсыз желіде алмасатын әр пакеттің деректерінің бөлігін 64-биттік немесе 128-биттік WEP шифрлау кілтін пайдаланып шифрлайды.

- **WPA болған жағдайда**

WPA ортақ кілтін енгізіңіз және **Далее** түймесін басыңыз.

WPA тұрақты аралықтарда автоматты түрде өзгеретін құпия кілтке негізделіп пайдаланушылардың түпнұсқалығын растайды және кім екенін анықтайды. Сондай-ақ, WPA шифрлау үшін TKIP (Temporal Key Integrity Protocol) протоколын және AES (Advanced Encryption Standard) шифрлауын пайдаланады.

8. Терезе сымсыз желінің параметрлерін көрсетеді, параметрлердің дұрыстығын тексеріңіз. **Далее** түймесін басыңыз.

- DHCP әдісі үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі DHCP болса, терезеде DHCP көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, ол «Тұрақты» дегенді көрсетсе, тағайындау әдісін DHCP деп өзгерту үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

- Тұрақты әдіс үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі тұрақты болса, терезеде «Тұрақты» көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, егер ол DHCP дегенді көрсетсе, құрылғының IP мекенжайын және басқа желілік теңшелім мәндерін енгізу үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз. Құрылғының IP мекенжайын енгізу алдында компьютердің желілік теңшелімі туралы ақпаратты білу керек. Егер компьютер DHCP деп орнатылған болса, тұрақты IP мекенжайды алу үшін желілік әкімшіге хабарласу керек.

Мысалы:

Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:

- IP мекенжайы: 169.254.133.42
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0

Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:

- IP мекенжайы: 169.254.133. **43**
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
- Шлюз: 169.254.133.1

9. Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельді ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.

10. **Сымсыз желіні теңшеу аяқталды** терезесі шығады.

Ағымдағы параметрлерді қабылдасаңыз **Иә** түймесін басыңыз және орнату процедурасын жалғастырыңыз.

Бастапқы экранға оралу керек болса **Нет** түймесін басыңыз.

Одан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

11. **Confirm Printer Connection** терезесін шыққанда **Next** түймесін басыңыз.

12. Орнатылатын құрамдастарды таңдаңыз. **Далее** түймесін басыңыз.

Құрамдастарды таңдағаннан кейін, сонымен бірге, құрылғының атауын өзгертуге, құрылғыны желіде ортақ пайдалануға теңшеуге, құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнатуға және әр құрылғының порт атауын өзгертуге болады. **Далее** түймесін басыңыз.

13. Орнату аяқталғаннан кейін сынақ бетін басып шығаруды сұрайтын терезе шығады. Сынақ бетін басып шығарғыңыз келсе, **Печать тестовой страницы** пәрменін таңдаңыз.

Сонымен қатар **Далее** түймесін басып 15-қадамға өтуіңізге болады.

14. Егер сынақ беті дұрыс басып шығарылса, **Иә** түймесін басыңыз. Олай болмаса, оны қайта басып шығару үшін **Нет** түймесін басыңыз.

15. Samsung компаниясынан ақпарат алып отыру үшін құрылғы пайдаланушысын тіркеу үшін **Регистрация через Интернет** параметрін таңдаңыз.

16. **Готово** түймесін басыңыз.

## Құрылғыны Ad-Hoc желісінде орнату (Windows)

Егер қатынас орны болмаса, құрылғыны бәрібір төмендегі оңай қадамдарды орындап компьютерге Ad-Hoc желісін орнату арқылы қосуға болады.

### Дайындау керек элементтер

Келесі элементтер дайын болуы керек:

- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабелі


### Windows жүйесінде Ad-Hoc желісін жасау

Элементтер дайын болғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
2. Компьютерді және сымсыз желі құрылғысын қосыңыз.
3. Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
  - Бағдарлама ықшам дискісі автоматты түрде іске қосылады және орнату терезесі шығады.
  - Егер орнату терезесі шықпаса, **Бастау** түймесін, содан кейін **Жеғу** түймесін басыңыз. X:\Setup.exe жолын енгізіңіз, «X» әрпін дискіенгізгіні білдіретін әріппен ауыстырыңыз. **OK** түймесін басыңыз.
  - Windows Vista, Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесін пайдалансаңыз, **Бастау** > **Барлық бағдарламаларда** > **Қалыпталған** > **Жеғу** тармағына өтіңіз. X:\Setup.exe жолын енгізіңіз. «X» әрпін дискіенгізгіні білдіретін әріппен ауыстырыңыз және **OK** түймесін басыңыз.

- Егер Windows Vista, Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі шықса, **Тасушыдан бағд-лама орнату немесе қолдану** өрісінде **Жегу Setup.exe** пәрменін таңдаңыз және **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесінде **Жалғастыру** немесе **Иә** пәрменін таңдаңыз.


#### 4. Установка и настройка беспроводной сети параметрін таңдаңыз.



- **Установить сейчас:** Егер сымсыз желіні орнатып қойсаңыз, сымсыз желі құрылғысын пайдалануға арналған құрылғы драйверін орнату үшін осы түймені басыңыз. Сымсыз желіні орнатпаған болсаңыз, осы түймені баспас бұрын, сымсыз желіні орнату үшін **Установка и настройка беспроводной сети** түймесін басыңыз.
- **Установка и настройка беспроводной сети:** USB кабелі арқылы құрылғының сымсыз желі параметрлерін теңшеңіз, одан кейін құрылғы драйверін орнатыңыз. Сымсыз қосылымды бұған дейін орнатпаған пайдаланушылар ғана.

#### 5. Лицензионное соглашение оқыңыз және **Я принимаю условия лицензионного соглашения** құсбелгісін қойыңыз. Одан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

#### 6. Бағдарлама сымсыз желіні іздейді.


-  Егер іздеу орындалмаса, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельдің дұрыс қосылғанын тексеріңіз және терезедегі нұсқауды орындаңыз.

#### 7. Сымсыз желілерді іздегеннен кейін құрылғы іздеген сымсыз желілер тізімі шығады.

Әдепкі Samsung ad-hoc параметрлерін пайдаланғыңыз келсе, тізімде соңғы сымсыз желіні таңдаңыз. Бұл – **Имя сети (SSID) – portthru** және **Сигнал – Сеть принтера**.

Одан кейін **Далее** түймесін басыңыз.


Басқа ad-hoc параметрлерін пайдаланғыңыз келсе, тізімде басқа сымсыз желіні таңдаңыз.

-  Ad-hoc параметрлерін өзгерту керек болса **Дополнительно** түймесін басыңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қажетті SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескеріңіз).
- **Режим работы:** **Ad-hoc** параметрін таңдаңыз.
- **Channel:** Арнаны таңдаңыз. (**Автоматически** немесе 2412 МГц - 2467 МГц).
- **Аутентификация:** Аутентификация түрін таңдаңыз. **Open System:** Аутентификация пайдаланылады және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін.

**Shared Key:** Аутентификация пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.


- **Encryption:** Шифрлауды таңдаңыз (ешқайсысы, WEP64, WEP128).
- **Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін енгізіңіз.
- **Confirm Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін растаңыз.
- **WEP Key Index:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **Индекс ключа WEP** пайдаланыңыз.

-  Ad-hoc желісінің қауіпсіздік параметрі болса, сымсыз желі қауіпсіздігі терезесі шығады.

Сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады. Түпнұсқалық растама үшін **Открытая** немесе **С общим ключом** параметрін таңдаңыз және **Далее** түймесін басыңыз.

- WEP (Wired Equivalent Privacy) – сымсыз желіге рұқсат етілмеген қатынасуды болдырмайтын қауіпсіздік протоколы. WEP сымсыз желіде алмасатын әр пакеттің деректерінің бөлігін 64-биттік немесе 128-биттік WEP шифрлау кілтін пайдаланып шифрлайды.

#### 8. Сымсыз желі параметрлері көрсетілген терезе шығады. Параметрлерді тексеріңіз және **Далее** түймесін басыңыз.

-  Құрылғының IP мекенжайын енгізу алдында компьютердің желілік теңшелімі туралы ақпаратты білу керек. Егер компьютердің желі теңшелімі DHCP деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де DHCP болуы керек. Осы сияқты, компьютердің желілік теңшелімі тұрақты деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де тұрақты болуы керек.

Егер компьютер DHCP деп орнатылған болса, ал сіз тұрақты сымсыз желі параметрін пайдаланғыңыз келсе, тұрақты IP мекенжайды алу үшін желілік әкімшіге хабарласу керек.

#### • DHCP әдісі үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі DHCP болса, **Подтверждение настроек беспроводной сети** терезесінде DHCP көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, ол «Тұрақты» дегенді көрсетсе, тағайындау әдісін **IP мекенжайды автоматты түрде алу (DHCP)** деп өзгерту үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

#### • Тұрақты әдіс үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі тұрақты болса, **Подтверждение настроек беспроводной сети** терезесінде «Тұрақты» көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, егер ол DHCP дегенді көрсетсе, құрылғының IP мекенжайын және басқа желілік теңшелім мәндерін енгізу үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

Мысалы:

Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:

- IP мекенжайы: 169.254.133.42
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0

Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:

- IP мекенжайы: 169.254.133. **43**
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
- Шлюз: 169.254.133.1



9. Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельді ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.



Егер **Компьютер желісінің параметрлерін өзгерту** терезесі шықса, терезедегі қадамдарды орындаңыз. Компьютердің сымсыз желі параметрлерін орнатуды аяқтасаңыз, **Далее** түймесін басыңыз. Компьютердің сымсыз желісін DHCP етіп орнатсаңыз, IP мекенжайды алуға бірнеше минут кетеді.

10. **Сымсыз желіні теңшеу аяқталды** терезесі шығады. Ағымдағы параметрлерді қабылдасаңыз **Иә** түймесін басыңыз және орнату процедурасын жалғастырыңыз. Бастапқы экранға оралу керек болса **Нет** түймесін басыңыз. Одан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
11. **Подтверждение подключения принтера** терезесін шыққанда **Далее** түймесін басыңыз.
12. Орнатылатын құрамдастарды таңдаңыз. **Далее** түймесін басыңыз. Құрамдастарды таңдағаннан кейін, сонымен бірге, құрылғының атауын өзгертуге, құрылғыны желіде ортақ пайдалануға теңшеуге, құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнатуға және әр құрылғының порт атауын өзгертуге болады. **Далее** түймесін басыңыз.
13. Орнату аяқталғаннан кейін сынақ бетін басып шығаруды сұрайтын терезе шығады. Сынақ бетін басып шығарғыңыз келсе, **Печать тестовой страницы** пәрменін таңдаңыз. Сонымен қатар **Далее** түймесін басып 15-қадамға өтуіңізге болады.
14. Егер сынақ беті дұрыс басып шығарылса, **Иә** түймесін басыңыз. Олай болмаса, оны қайта басып шығару үшін **Нет** түймесін басыңыз.
15. Samsung компаниясынан ақпарат алып отыру үшін құрылғы пайдаланушысын тіркеу үшін **Регистрация через Интернет** параметрін таңдаңыз.
16. **Готово** түймесін басыңыз.

## Қатынас орны бар сымсыз желіде құрылғыны орнату (Macintosh)

### Дайындау керек элементтер

Келесі элементтер дайын болу керек:

- Қатынас орны
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабелі

### Macintosh жүйесінде инфрақұрылым желісін жасау

Элементтер дайын болғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
2. Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.
3. Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
4. Macintosh жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
5. **MAC\_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
6. **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
7. Құпиясөзді енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.

8. Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Жалғастыру** түймесін басыңыз.
9. Лицензиялық келісім-шартты оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
10. Лицензиялық келісімге келісім беру үшін **Agree** түймесін басыңыз.
11. Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Жалғастыру** түймесін басыңыз.
12. **Easy Install** параметрін таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** параметрі басым көпшілік пайдаланушыларға ұсынылады. Құрылғының жұмысына қажетті барлық компоненттер орнатылады. **Custom Install** параметрін таңдасаңыз, орнатылатын жеке әрекеттерді таңдай аласыз.
13. **Wireless Setting and Installation** параметрін таңдаңыз.
14. Бағдарлама сымсыз желіні іздейді.



Егер іздеу орындалмаса, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельдің дұрыс қосылғанын тексеріңіз және терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

15. Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланатын қатынас орнының атауын (SSID) таңдаңыз және **Next** түймесін басыңыз.



Сымсыз желі теңшелімін қолмен орнатқыңыз келсе, **Advanced Setting** пәрменін таңдаңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
- **Режим работы: Инфраструктура** параметрін таңдаңыз.
- **Аутентификация:** Аутентификация түрін таңдаңыз. **Open System:** Аутентификация пайдаланылады және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін. **Shared Key:** Аутентификация пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады. **WPA Personal немесе WPA2 Personal:** Басып шығару серверінің түпнұсқалығын WPA Pre-Shared кілтінің көмегімен растау үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол ортақ құпия кілтті пайдаланады (әдетте Pre Shared Key құпия сөзі деп аталады). Ол кілт қатынас орнында және оның әр клиентінде қолмен теңшеледі.
- **Encryption:** Шифрлауды таңдаңыз. (Жоқ, WEP64, WEP128, TKIP, AES, TKIP AES)
- **Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін енгізіңіз.
- **Confirm Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін растаңыз.
- **WEP Key Index:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **WEP Key Index** пайдаланыңыз.



Қатынас орнында қауіпсіздік параметрі болса, сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады.

Сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады. Терезе қауіпсіздік режиміне байланысты әр түрлі болуы мүмкін: WEP немесе WPA.

- **WEP болған жағдайда**  
Түпнұсқалық растама үшін **Open System** немесе **Shared Key** параметрін таңдаңыз және WEP қауіпсіздік кілтін енгізіңіз. **Next** түймесін басыңыз.

WEP (Wired Equivalent Privacy) – сымсыз желіге рұқсат етілмеген қатынасуды болдырмайтын қауіпсіздік протоколы. WEP сымсыз желіде алмасатын әр пакеттің деректерінің бөлігін 64-биттік немесе 128-биттік WEP шифрлау кілтін пайдаланып шифрлайды.

- **WPA болған жағдайда**

WPA ортақ кілтін енгізіңіз және **Next** түймесін басыңыз. WPA тұрақты аралықтарда автоматты түрде өзгеретін құпия кілтке негізделіп пайдаланушылардың түпнұсқалығын растайды және кім екенін анықтайды. Сондай-ақ, WPA шифрлау үшін TKIP (Temporal Key Integrity Protocol) протоколын және AES (Advanced Encryption Standard) шифрлауын пайдаланады.

**16. Терезе сымсыз желінің параметрлерін көрсетеді.**

Параметрлердің дұрыс екенін тексеріңіз. **Next** түймесін басыңыз.

- **DHCP әдісі үшін**

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі DHCP болса, терезеде DHCP көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, ол «Тұрақты» дегенді көрсетсе, тағайындау әдісін DHCP деп өзгерту үшін **Change TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

- **Тұрақты әдіс үшін**

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі тұрақты болса, терезеде «Тұрақты» көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, егер ол DHCP дегенді көрсетсе, құрылғының IP мекенжайын және басқа желілік теңшелім мәндерін енгізу үшін **Change TCP/IP** пәрменін таңдаңыз. Құрылғының IP мекенжайын енгізу алдында компьютердің желілік теңшелімі туралы ақпаратты білу керек. Егер компьютер DHCP деп орнатылған болса, тұрақты IP мекенжайды алу үшін желілік әкімшіге хабарласу керек.

Мысалы:

Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:

- IP мекенжай: 169.254.133.42
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0

Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:

- IP мекенжай: 169.254.133. **43**
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
- Шлюз: 169.254.133.1

**17. Сымсыз желі теңшеліміне сәйкес қосылады.**

**18. Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельді ажыратыңыз.**

**19. Орнатуды аяқтау үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Орнату аяқталғанда **Quit** немесе **Restart** параметрін таңдаңыз.**

## Құрылғыны Ad-Нос желісінде орнату (Macintosh)

Егер қатынас орны болмаса, Ad-Нос желісін мына оңай нұсқауларды орындай орнатып, бәрібір құрылғыны компьютерге қоса аласыз.

### Дайындау керек элементтер

Келесі элементтер дайын болу керек:

- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен келген бағдарлама ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабелі

## Macintosh жүйесінде Ad-Нос желісін жасау

Элементтер дайын болғанда осы қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
2. Компьютерді және құрылғыны қосыңыз.
3. Берілген бағдарлама ықшам дискісін CD-ROM дискіенгізісіне салыңыз.
4. Macintosh жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
5. **MAC\_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
6. **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
7. Құпиясөзді енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.
8. Samsung орнату құралының терезесі ашылады. **Жалғастыру** түймесін басыңыз.
9. Лицензиялық келісім-шартты оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
10. Лицензиялық келісімге келісім беру үшін **Agree** түймесін басыңыз.
11. **Easy Install** параметрін таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** параметрі басым көпшілік пайдаланушыларға ұсынылады. Құрылғының жұмысына қажетті барлық компоненттер орнатылады. **Custom Install** параметрін таңдасаңыз, орнатылатын жеке әрекеттерді таңдай аласыз.
12. **Wireless Setting and Installation** параметрін таңдаңыз.
13. Бағдарлама сымсыз желі құрылғыларын іздейді.



Егер іздеу орындалмаса, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельдің дұрыс қосылғанын тексеріңіз және терезедегі нұсқауды орындаңыз.

**14. Сымсыз желілерді іздегеннен кейін құрылғы іздеген сымсыз желілер тізімі шығады.**

Әдепкі Samsung ad-hoc параметрлерін пайдаланғыңыз келсе, тізімде соңғы сымсыз желіні таңдаңыз. Бұл – **Network Name (SSID)** – **portthru** және **Signal – Printer Self Network**.

Одан кейін **Next** түймесін басыңыз.

Басқа ad-hoc параметрлерін пайдаланғыңыз келсе, тізімде басқа сымсыз желіні таңдаңыз.



Ad-hoc параметрлерін өзгерту керек болса **Advanced Setting** түймесін басыңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қажетті SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
- **Режим работы:** Ad-hoc параметрін таңдаңыз.
- **Channel:** Арнаны таңдаңыз (**Auto Setting** немесе 2412 МГц - 2467 МГц).
- **Аутентификация:** Аутентификация түрін таңдаңыз. **Open System:** Аутентификация пайдаланылады және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін. **Shared Key:** Аутентификация пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
- **Encryption:** Шифрлауды таңдаңыз (ешқайсысы, WEP64, WEP128).
- **Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін енгізіңіз.
- **Confirm Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін растаңыз.

- **WEP Key Index:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **WEP Key Index** пайдаланыңыз.



Ad-hoc желісінің қауіпсіздік параметрі болса, сымсыз желі қауіпсіздігі терезесі шығады.

Сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады. Түпнұсқалық растама үшін **Open System** немесе **Shared Key** параметрін таңдаңыз және **Next** түймесін басыңыз.

- WEP (Wired Equivalent Privacy) – сымсыз желіге рұқсат етілмеген қатынасуды болдырмайтын қауіпсіздік протоколы. WEP сымсыз желіде алмасатын әр пакеттің деректерінің бөлігін 64-биттік немесе 128-биттік WEP шифрлау кілтін пайдаланып шифрлайды.

**15.** Сымсыз желі параметрлері көрсетілген терезе шығады. Параметрлерді тексеріңіз және **Next** түймесін басыңыз.



Құрылғының IP мекенжайын енгізу алдында компьютердің желілік теңшелімі туралы ақпаратты білу керек. Егер компьютердің желі теңшелімі DHCP деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де DHCP болуы керек. Осы сияқты, компьютердің желілік теңшелімі тұрақты деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де тұрақты болуы керек.

Егер компьютер DHCP деп орнатылған болса, ал сіз тұрақты сымсыз желі параметрін пайдаланғыңыз келсе, тұрақты IP мекенжайды алу үшін желілік әкімшіге хабарласу керек.

- **DHCP әдісі үшін**

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі DHCP болса, **Wireless Network Setting Confirm** терезесінде DHCP көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, ол «Тұрақты» дегенді көрсетсе, тағайындау әдісін **IP мекенжайды автоматты түрде алу (DHCP)** деп өзгерту үшін **Change TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

- **Тұрақты әдіс үшін**

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі тұрақты болса, **Подтверждение настроек беспроводной сети** терезесінде «Тұрақты» көрсетілгенін тексеріңіз. Бірақ, егер ол DHCP дегенді көрсетсе, құрылғының IP мекенжайын және басқа желілік теңшелім мәндерін енгізу үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

Мысалы:

Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:

- IP мекенжай: 169.254.133.42
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0

Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:

- IP мекенжай: 169.254.133. **43**
- Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
- Шлюз: 169.254.133.1

**16.** Сымсыз желі теңшеліміне сәйкес қосылады.

**17.** Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабельді ажыратыңыз.

**18.** Орнатуды аяқтау үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Орнату аяқталғанда **Quit** немесе **Restart** параметрін таңдаңыз.

## Желілік кабель көмегімен сымсыз желіні орнату

Бұл құрылғы желімен сыйысымды құрылғы болып табылады. Құрылғыны желімен жұмыс істеуге теңшеу үшін біраз теңшеу іс рәсімдерін орындау керек.



- Сымсыз желіге қосылуды аяқтағаннан кейін бағдарламадан басып шығару үшін құрылғының драйверін орнату керек (40-беттегі "Құрылғының драйверіне қосылған желіні орнату" бөлімін қараңыз).
- Желі теңшелімі туралы ақпарат алу үшін желілік әкімшіге немесе сымсыз желіні орнатқан адамға жолығыңыз.

## Элементтерді дайындау

Келесі элементтер дайын болуы керек:

- Қатынас орны
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- Желі кабелі

## IP мекенжайды орнату

Алдымен желі бойынша басып шығару және басқару үшін IP мекенжайды орнату керек. Көп жағдайларда жаңа IP мекенжайды желіде орналасқан DHCP сервер автоматты түрде тағайындайды.

IP мекенжайы қолмен сирек орнатылады. Бұл тұрақты IP мекенжай деп аталады және ол жиі қауіпсіздік себептері бойынша ұйымның интранет желілерінде жиі қажет етіледі.

- **DHCP IP тағайындау:** Құрылғыны желіге қосыңыз және DHCP сервердің құрылғыға IP мекенжайын тағайындағанша бірнеше минут бойы күтіңіз. Содан кейін, жоғарыда түсіндірілгендей **желілік теңшелім туралы есепті** басып шығарыңыз. Егер есеп IP мекенжайының өзгергенін көрсетсе, тағайындау сәтті өткені. Есепте жаңа IP мекенжайын көресіз.
- **Тұрақты IP тағайындау:** Компьютерде IP мекенжайын өзгерту үшін SetIP бағдарламасын пайдаланыңыз.

Кеңседе бұл мекенжайды сізге орнатуы үшін желілік әкімшіге хабарласу ұсынылады.

## Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Құрылғының желілік параметрлерін желі теңшелімі туралы есепті басып шығару арқылы анықтауға болады.

### Бұл есепті басып шығару үшін:

Дайын режимінде **Болдырмау** (Ⓢ) түймесін 5 секундтай басып тұрыңыз. Құрылғыңыздың MAC мекенжайы мен IP мекенжайын табуға болады.

Мысалы:

- MAC мекенжай: 00:15:99:41:A2:78
- IP мекенжай: 192.0.0.192

## SetIP бағдарламасын пайдаланып IP мекенжайды орнату (Windows)

Бұл бағдарлама құрылғымен байланысу үшін оның MAC мекенжайын пайдаланып желінің IP мекенжайын қолмен орнатуға арналған. MAC мекенжай – желі интерфейсіннің жабдықтық сериялық нөмірі және оны **желі теңшелімі туралы есеп** ішінде табуға болады.


SetIP бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі әрекеттерді орындап, компьютер желіаралық дидарын ажыратыңыз:


1. **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Басқару панелі** тармағын ашыңыз.
2. **Қауіпсіздік орталығы** белгішесін екі рет басыңыз.
3. **Windows желіаралық дидары** белгішесін басыңыз.
4. Желіаралық дидарды ажыратыңыз.

### Бағдарламаны орнату

1. Құрылғымен келген басып шығарғыш бағдарламасының ықшам дискісін салыңыз. Драйвер ықшам дискісі автоматты түрде іске қосылғанда, ол терезені жабыңыз.
2. Windows Explorer бағдарламасын қосып, X дискісін ашыңыз. (X CD-ROM дискіенгізгісін білдіреді).
3. **Бағдарлама > SetIP** бағдарламасын екі рет басыңыз.
4. Осы бағдарламаны орнату үшін **Setup.exe** файлын екі рет басыңыз.
5. Тілді таңдаңыз, содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
6. Терезедегі нұсқауларды орындаңыз және орнатуды аяқтаңыз.

### Бағдарламаны іске қосу

1. Құрылғыны желіге желілік кабельмен қосыңыз.
2. Құрылғыны өшіріңіз.
3. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірінде **Барлық бағдарламалар > Samsung басып шығарғыштары > SetIP > SetIP** тармағына өтіңіз.
4. TCP/IP теңшелім терезесін ашу үшін  SetIP терезесіндегі белгішесін (сол жағынан үшінші) басыңыз.
5. Теңшелім терезесіне құрылғының жаңа ақпаратын төмендегідей енгізіңіз. Қауымдық интражеліде жалғастыру алдында бұл ақпаратты желілік менеджерж тағайындауы керек болуы мүмкін.




- **MAC-адрес:** Желілік теңшелім туралы есепте құрылғының MAC мекенжайын табыңыз және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түріне айналады.
  - **IP-адрес:** Басып шығарғыш үшін жаңа IP мекенжайы енгізіңіз. Мысалы, компьютердің IP мекенжайы 192.168.1.150 болса, 192.168.1.X деп енгізіңіз. (X – 1 мен 254 арасындағы компьютердің мекенжайынан басқа сан).
  - **Маска подсети:** Ішкі желі маскасын енгізіңіз.
  - **Әдепкі шлюз:** Әдепкі шлюзді енгізіңіз.
6. **Применить** түймесін басыңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз. Құрылғы автоматты түрде **Желілік теңшелім туралы есепті** басып шығарады. Барлық параметрлердің дұрыстығын растаңыз.


7. **SetIP** бағдарламасын жабу үшін Выход параметрін таңдаңыз.
8. Қажет болса компьютердің брандмауэрін қайта іске қосыңыз.


### SetIP бағдарламасын пайдаланып IP мекенжайды орнату (Macintosh)

SetIP бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі әрекеттерді орындап, компьютер желіаралық дидарын ажыратыңыз:

-  Mac OS нұсқасына байланысты жол және пайдаланушылық интерфейс әр түрлі болуы мүмкін. Mac OS жүйесінің нұсқаулығын қараңыз.

1. **Жүйе теңшелімдері** тармағын ашыңыз.
2. **Security** белгішесін басыңыз.
3. **Firewall** мәзірін басыңыз.
4. Желіаралық дидарды өшіріңіз.

-  Келесі нұсқаулар модельге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

1. Құрылғыны желіге желілік кабельмен қосыңыз.
2. Орнату ықшам дискісін салыңыз, диск терезесін ашыңыз, **MAC\_Installer > MAC\_Printer > SetIP > SetIPApplet.html** тармағын таңдаңыз.
3. Файлды екі рет басыңыз және **Safari** бағдарламасы автоматты түрде ашылады, содан кейін **Trust** тармағын таңдаңыз. Шолғыш басып шығарғыштың атауын және IP мекенжайы ақпаратын көрсететін **SetIPApplet.html** бетін ашады.
4. TCP/IP теңшелім терезесін ашу үшін  SetIP терезесіндегі белгішесін (сол жағынан үшінші) басыңыз.
5. Теңшелім терезесіне құрылғының жаңа ақпаратын төмендегідей енгізіңіз. Қауымдық интражеліде жалғастыру алдында бұл ақпаратты желілік менеджерж тағайындауы керек болуы мүмкін.
  - **MAC-адрес:** Желілік теңшелім туралы есепте құрылғының MAC мекенжайын табыңыз және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түріне айналады.
  - **IP-адрес:** Басып шығарғыш үшін жаңа IP мекенжайы енгізіңіз. Мысалы, компьютердің IP мекенжайы 192.168.1.150 болса, 192.168.1.X деп енгізіңіз. (X – 1 мен 254 арасындағы компьютердің мекенжайынан басқа сан).
  - **Маска подсети:** Ішкі желі маскасын енгізіңіз.
  - **Әдепкі шлюз:** Әдепкі шлюзді енгізіңіз.
6. **Apply** пәрменін таңдаңыз, содан кейін **ОК** түймесін және қайтадан **ОК** түймесін басыңыз. Принтер конфигурация есебін автоматты түрде басып шығарады. Барлық параметрлердің дұрыстығын растаңыз. **Safari браузерінен шығыңыз.** Орнату ықшам дискісін жабуға және шығаруға болады. Қажет болса компьютердің брандмауэрін қайта іске қосыңыз. Егер IP мекенжайын, ішкі желі маскасын және шлюзді сәтті өзгерттіңіз.

### Құрылғының сымсыз желісін теңшеу

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және ол шифрланған болса, желі кілтін білу керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз орта туралы білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз. Сымсыз желі параметрлерін теңшеу үшін **SyncThru™ Web Service** бағдарламасын пайдаланыңыз.

### SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

Сымсыз желі параметрлерін теңшеуді бастау алдында кабель қосылымының күйін тексеріңіз.

1. Желілік кабель құрылғыға қосылған-қосылмағандығын тексеріңіз. Қосылмаған болса, құрылғыны стандартты желілік кабельмен қосыңыз.
2. Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.


Мысалы,




3. SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Логин** түймесін басыңыз. Тіркелу беті пайда болады.
4. **Идентификатор** және **Пароль** енгізіп **Логин** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, төменде әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз.


- **Идентификатор:** admin
- **Пароль:** sec00000

5. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Параметры сетитармағын** таңдаңыз.
6. **Беспроводной > С помощью мастера** тармағына өтіңіз.

 **С помощью мастера** сымсыз желі теңшелімін теңшеуге көмектеседі. Бірақ, сымсыз желіні тікелей теңшегіңіз келсе, **Другая** параметрін таңдаңыз.


7. Тізімде бір **Имя сети (SSID)** таңдаңыз.
    - **SSID:** SSID – сымсыз желіні білдіретін атау, белгілі бір сымсыз желіге қатынасуға әрекет жасайтын қатынас орындары және сымсыз құрылғылар бірдей SSID атауын пайдалануы керек. SSID регистрді ескеріңіз.
    - **Режим работы:** **Режим работы** сымсыз қосылымдардың түрін білдіреді (44-беттегі "Сымсыз желі атауы және желі кілті" бөлімін қараңыз).
      - **Ad-hoc:** Сымсыз құрылғыларға бір бірімен тең рангілі ортада тікелей байланысуға мүмкіндік береді.
      - **Инфраструктура:** Сымсыз құрылғыларға бір бірімен қатынас орны арқылы байланысуға мүмкіндік береді.
-  Егер желінің **Режим работы Инфраструктура** болса, қатынас орнының SSID атауын таңдаңыз. Егер **Режим работы Ad-hoc** болса, құрылғының SSID атауын таңдаңыз. «portthru» құрылғының әдепкі SSID атауы екенін ескеріңіз.

8. **Далее** түймесін басыңыз. Егер сымсыз қауіпсіздік параметрлері терезесі шықса, тіркелген құпия сөзді (желі кілті) енгізіңіз және **Далее** түймесін басыңыз.
9. Растау терезесі шығады. Сымсыз желі теңшелімін тексеріңіз. Теңшелім дұрыс болса, **Применить** түймесін басыңыз.

 Желілік кабельді (стандартты немесе желілік) ажыратыңыз. Содан кейін құрылғы желімен сымсыз байланысуды бастауы керек. Ad-hoc режимінде болған жағдайда, сымсыз LAN және сымды LAN желілерін бір уақытта пайдалануға болады.

## Орнатуды аяқтау

Samsung сымсыз желі басып шығарғышын орнатқаннан кейін желілік теңшелім туралы есептің тағы бір көшірмесін басып шығарыңыз және болашақ анықтама үшін сақтаңыз. Енді желіде жаңа Samsung сымсыз басып шығарғышын пайдалануға болады.

 Егер сымсыз желі жұмыс істемей тұрса, барлық параметрлерді зауыттық параметрге қойып әрекетті қайталап көріңіз (40-беттегі "SyncThru™ Web Service қызметін пайдаланып зауыттық параметрлерді қалпына келтіру" қараңыз).


## Wi-Fi желісін қосу/өшіру

Wi-Fi желісін SyncThru™ Web Service арқылы қосуға/өшіруге болады. Зауыттық әдепкі параметр қосылған.

Әдепкі режимді қосып, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Желілік кабель құрылғыға қосылғанын тексеріңіз. Қосылмаған болса, құрылғыны стандартты желілік кабельмен қосыңыз.
2. Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,



3. SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Логин** түймесін басыңыз. Тіркелу беті пайда болады.
4. **Идентификатор** және **Пароль** енгізіп **Логин** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, төменде әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз.
  - **Идентификатор:** admin
  - **Пароль:** sec00000
5. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Параметры сетитармағын** таңдаңыз.
6. **Беспроводной > Другая** тармағына өтіңіз. Wi-Fi желісін қосуға/өшіруге болады.

## Ақаулықтарды жою

### Сымсыз желі теңшелімін және құрылғы драйверін орнату барысында пайда болуы мүмкін мәселелерді шешу

#### Принтеры не обнаружены

- Құрылғы қосылмаған болуы мүмкін. Компьютер мен құрылғыны қосыңыз.
- Компьютер мен құрылғының арасында USB кабель қосылмаған. Құрылғыны компьютерге USB кабель көмегімен қосыңыз.
- Құрылғы сымсыз желіні қолдамайды. Құрылғымен бірге келген бағдарлама ықшам дискісіндегі құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз және сымсыз желі құрылғысын дайындаңыз.

#### Ошибка подключения - SSID не найден

- Құрылғы сіз таңдаған немесе енгізген желі атауын (SSID) таба алмады. Қатынас орныңыздағы желі атауын (SSID) тексеріп, қайта қосылуға тырысып көріңіз.

- Қатынас орны қосылмаған. Қатынас орнын қосыңыз.

### **Ошибка подключения - неправильные настройки безопасности**

- Қауіпсіздікті дұрыс емес теңшедіңіз. Қатынас орнында және құрылғыда теңшелген қауіпсіздікті тексеріңіз.

### **Ошибка подключения - ошибка основного соединения**

- Компьютер құрылғыдан сигнал алып жатқан жоқ. USB кабельді және құрылғы қуатын тексеріңіз.

### **Ошибка подключения - соединение с проводной сетью**


- Құрылғы сымды желі кабелімен қосылған. Сымды желі кабелін құрылғыдан ажыратыңыз.

### **Ошибка соединения с ПК**

- Теңшелген желі мекенжайы компьютер мен құрылғының арасында қосыла алмады.
  - DHCP желі ортасы үшін  
Компьютер DHCP деп теңшелген болса, басып шығарғыш IP мекенжайды автоматты түрде алады.
  - Тұрақты желі ортасы үшін  
Компьютер тұрақты мекенжайға теңшелген болса, құрылғы тұрақты мекенжайды пайдаланады.  
Мысалы:  
Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:
    - IP мекенжайы: 169.254.133.42
    - Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:
    - IP мекенжайы: 169.254.133. **43**
    - Ішкі желі маскасы: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
    - Шлюз: 169.254.133.1

### **Басқа мәселелерді шешу**

Құрылғыны желіде пайдаланғанда мәселелер орын алса, төмендегіні тексеріңіз:

 Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) туралы ақпарат алу үшін оның өзінің пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

- Компьютеріңіз, қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) не құрылғы қосылмаған болуы мүмкін.
- Құрылғының айналасындағы сымсыз қабылдауды тексеріңіз. Егер қабылдау құрылғыдан алыс болса немесе кедергі болса, сигналды қабылдау қиын болуы мүмкін.
- Қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды), құрылғыны және компьютерді өшіріп қосыңыз. Кейде өшіріп, қосу желі байланысын қалпына келтіруі мүмкін.
- Желіаралық дидар бағдарламасын (V3 немесе Norton) байланысты бұғаттап жатпағанын тексеріңіз.

Компьютер мен құрылғы бір желіге қосылып, оларды іздеу мүмкін емес болса, желіаралық дидар бағдарламасы байланысты бұғаттап жатқан болуы мүмкін. Оны өшіру үшін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз және құрылғыны қайтадан іздеп көріңіз.

- Құрылғының IP мекенжайы дұрыс бөлінгенін тексеріңіз. IP мекенжайды желілік теңшелім туралы есепті басып шығару арқылы тексеруге болады.
- Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) қауіпсіздік (құпиясөз) теңшелгенін тексеріңіз. Егер оның құпия сөзі болса, қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) әкімшісіне хабарласыңыз.
- Құрылғының IP мекенжайы бар-жоғын тексеріңіз. Құрылғы драйверін қайта орнатыңыз және желідегі құрылғыға қосылу параметрлерін өзгертіңіз. DHCP ерекшеліктеріне байланысты құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбаса немесе қатынас орны ысырылмаса, бөлінген IP мекенжай өзгеруі мүмкін.
- Сымсыз ортаны тексеріңіз. Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылу алыснда пайдаланушы ақпаратын енгізу керек инфрақұрылым ортасында желіге қосыла алмауыңыз мүмкін.
- Бұл құрылғы тек IEEE 802.11 b/g/n және Wi-Fi желілерін қолдайды. Басқа сымсыз байланысқа (Bluetooth) қолдау көрсетілмейді.
- Windows Vista сияқты амалдық жүйелерде Ad-hoc режимін пайдаланғанда сымсыз құрылғыны пайдаланған сайын сымсыз қосылым параметрлерін орнату қажет болуы мүмкін.
- Samsung сымсыз желі құрылғысында инфрақұрылым режимін және Ad-hoc режимін бір уақытта пайдалана алмайсыз.
- Құрылғы сымсыз желі ауқымында.
- Құрылғы сымсыз сигналды бұғаттауы мүмкін кедергілерден алыс орнатылады.  
Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) және құрылғы арасындағы кез келген үлкен металл заттарды алып тастаңыз.  
Құрылғы және сымсыз қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) бағандармен, қабырғалармен немесе құрамында металл немесе цемент бар бағандармен бөлінбегенін тексеріңіз.
- Құрылғы сымсыз сигналға кедергі келтіруі мүмкін басқа электрондық құрылғылардан алыс орналастырылады.  
Көптеген құрылғыға сымсыз сигнал кедергі келтіруі мүмкін, соның ішінде микротолқынды пештер мен кейбір Bluetooth құрылғылары.

# Негізгі орнату


Орнату аяқталғаннан кейін құрылғының әдепкі параметрлерін орнатуыңызға болады. Мәндерді орнату немесе өзгертіңіз келсе, келесі бөлімді қараңыз. Бұл тарауда құрылғыны орнату бойынша бірізді нұсқауларды берілген.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Биіктікті реттеу
- Әдепкі науа мен қағазды орнату
- Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану

## Биіктікті реттеу

Басып шығару сапасына атмосфералық қысым әсер етеді, бұл құрылғының теңіз деңгейінен биіктігімен анықталады. Келесі ақпарат құрылғыны ең жақсы басып шығару сапасына орнату әдісіне нұсқау жасайды. Биіктік мәнін орнату алдында орналасу орнының теңіз деңгейінен биіктігін анықтаңыз.



Printer Settings Utility құрылғысында биіктікті реттеуіңізге болады.

1. Windows тапсырмалар тақтасында (немесе Linux жүйесінде хабарландыру аймағында) **Smart Panel** белгішесін екі рет басыңыз. Mac OS X жүйесінде **Smart Panel** түймесін басыуыңызға болады (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).  
Не болмаса, егер сіз Windows пайдаланушысы болсаңыз, оны **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар > Samsung принтерлері > принтер драйвері атауы > Smart Panel** тармағын таңдау арқылы ашуыңызға болады.
2. **Настройка принтера** түймесін басыңыз.
3. **Оптимизация качества печати в зависимости от высоты над уровнем моря** ашылмалы тізімінде қажетті параметрлерді таңдаңыз.
4. **Применить** түймесін басыңыз.  
Егер құрылғы желіге қосылған болса, SyncThru™ Web Service экраны автоматты түрде пайда болады. Бұны SyncThru™ Web Service қызметімен де реттеуге болады.

- Қаріп параметрін өзгерту (тек қана CLP-320N(K)/CLP-321N/CLP-325W(K)/CLP-326W)
- Ылғалдылық әдісін реттеу


## Әдепкі науа мен қағазды орнату


Басып шығару тапсырмасына пайдалану үшін қалаған науа мен қағазды таңдауыңызға болады.

## Компьютерден

### Windows

1. Windows **Бастау** мәзірін басыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows XP/Server 2003 жүйесінде **Принтерлер мен факстар** тармағын таңдаңыз.
  - Windows Server 2008/Vista жүйелерінде **Басқару үстелі > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows 7 жүйесінде **Басқару үстелі > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару үстелі > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
3. Құрылғыңызды тінтуірдің оң жақ пернесімен басыңыз.
4. Windows Server 2003/Server 2008/XP/Vista жүйелерінде **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз.  
Windows 7/Server 2008 R2 жүйесінде мәтінмәндік мәзірлерден **Басып шығару теңшелімдері** тармағын таңдаңыз.

 Егер **Басып шығару теңшеулері** белгішесінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауыңызға болады.

5. **Қағаз** қойындысын басыңыз.
6. Көшірмелер саны, қағаз өлшемі немесе қағаз түрі сияқты параметрлерді таңдаңыз.
7. **ОК** түймесін басыңыз.  
 Егер арнайы өлшемді есеп-шот қағазын пайдаланғыңыз келетін болса, **Правка...** түймесін **Басып шығару теңшеулері** ішінде **Бумага** қойындысынан таңдаңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

### Macintosh

Macintosh бұл функцияны қолдамайды. Macintosh пайдаланушылары басқа параметрлердің көмегімен басып шығарған сайын әдепкі параметрді өзгертуді қажет етеді.

1. Macintosh бағдарламасын ашып, басып шығарығыңыз келетін файлды таңдаңыз.
2. **File** мәзірін ашыңыз және **Print** пәрменін таңдаңыз.

3. **Paper Feed** аумағына өтіңіз.
4. Басып шығарғыңыз келетін сәйкес науаны орнатыңыз.
5. **Paper** аумағына өтіңіз.
6. Басып шығарғыңыз келетін науаға жүктелген қағазға сәйкес келу үшін қағаз түрін орнатыңыз.
7. Басып шығару үшін **Print** тармағын басыңыз.

## Linux

1. **Terminal Program** тармағын ашыңыз.
2. Terminal экраны шыққан кезде келесіні теріңіз: [root@localhost root]# lpr <FileName>.
3. **Printer** тармағын таңдап, **Properties...** түймесін таңдаңыз.
4. **Advanced** қойындысын басыңыз.
5. Қағаз өлшемі мен оның түрі сияқты науа (көз) мен оның параметрлерін таңдаңыз.
6. **OK** түймесін басыңыз.

## Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану

Құрылғыны біраз уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуатты үнемдеу үшін осы мүмкіндікті пайдалануыңызға болады.

Қуат үнемдеуді Printer Settings Utility бағдарламасында өзгерте аласыз.

1. Windows тапсырмалар тақтасында (немесе Linux жүйесінде хабарландыру аймағында) **Smart Panel** белгішесін екі рет басыңыз. Mac OS X жүйесінде **Smart Panel** түймесін басуыңызға болады (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).  
Не болмаса, егер сіз Windows пайдаланушысы болсаңыз, оны **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар** > **Samsung принтерлері** > **принтер драйвері атауы** > **Smart Panel** тармағын таңдау арқылы ашуыңызға болады.
2. **Настройки принтера** түймесін басыңыз.
3. **Настройки** > **Энергосбережение** тармағын басыңыз. Ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдап, **Применить** түймесін басыңыз.

## Қаріп параметрін өзгерту (тек қана CLP-320N(K)/CLP-321N/CLP-325W(K) / CLP-326W)

Аймақ немесе еліңізге байланысты құрылғыңызда алдын ала орнатылған параметр болады.

Егер қаріпті өзгерткіңіз келсе немесе қаріпті DOS ортасы сияқты белгілі бір талапқа орнатқыңыз келсе, қаріп параметрін келесідей өзгерте аласыз:

1. Windows тапсырмалар тақтасында (немесе Linux жүйесінде хабарландыру аймағында) **Smart Panel** белгішесін екі рет басыңыз. Mac OS X жүйесінде **Smart Panel** түймесін басуыңызға болады (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).  
Не болмаса, егер сіз Windows пайдаланушысы болсаңыз, оны **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар** > **Samsung принтерлері** > **принтер драйвері атауы** > **Smart Panel** тармағын таңдау арқылы ашуыңызға болады.
2. **Настройки принтера** түймесін басыңыз.
3. **Эмуляция** түймесін басыңыз.
4. Егер **PCL** тармағы **Настройки эмуляции** ішінде таңдалған болса, растаңыз.

5. **Настройки** түймесін басыңыз.
6. Қалаған қаріпті **Символ** орнату тізімінен таңдаңыз.
7. **Применить** түймесін басыңыз.



Келесі ақпарат сәйкес тілдер үшін тиісті қаріп тізімін көрсетеді.

- **Орыс:** CP866, ISO 8859/5 Latin Cyrillic
- **Грек:** ISO 8859/7 Latin Greek, PC-8 Latin/Greek
- **Араб және парсы:** HP Arabic-8, Windows Arabic, Code Page 864, Farsi, ISO 8859/6 Latin Arabic

## Ылғалдылық әдісін реттеу

Басып шығару сапасы ылғалдылық деңгейіне байланысты. Егер айналаңыз ылғалды аймақ болса, қағаз сулануы мүмкін: Ылғалдылық әдісін реттеу.

1. Принтердің драйверін берілген принтер бағдарламалық жасақтама ықшам дискісімен орнатылғанын тексеріңіз.
2. Windows тапсырмалар тақтасындағы (немесе Linux жүйесіндегі құлақтандыру аймағы) **Smart Panel** белгішені екі рет шертіңіз. Оған қоса, Mac OS X жүйесінің күй жолағындағы **Smart Panel** белгішесін шертуге болады.
3. **Настройки принтера** түймешігін басыңыз.  
 Егер құрылғыңыз желіге жалғанып тұрса, ылғалдылық әдісін SyncThru™ Web Service арқылы баптау аласыз.
4. **Реттеу** > **Ылғалдылық** шертіңіз. Ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдап, одан кейін **Қолдану** таңдаңыз.



# Баспа құралы және науа

Бұл тарау құрылғыңызға түпнұсқаларды және баспа құралдарын жүктеу жолымен таныстырады.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Баспа құралын таңдау
- Науа өлшемін өзгерту
- Науаға қағаз салу

## Баспа құралын таңдау

Қағаз, конверттер, жапсырмалар немесе слайдттар сияқты әр түрлі баспа құралдарын басып шығаруыңызға болады. Құрылғымен пайдалануға болатын нұсқаулыққа және науаға сәйкес келетін баспа құралын пайдаланыңыз.

## Баспа құралдарын таңдауға арналған нұсқаулық

Пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сәйкес келмейтін баспа құралдар мына ақауларға алып келеді:

- Баспа сапасының нашар болуы.
- Парақтың көп кептелуі.
- Құрылғының мерзімінен бұрын істен шығуы.
- Кепілдікте қамтылмаған сақтандырғыштың күйіп кете беруі.

Салмақ, құрамы, бұдырлығы және ылғалдылық сияқты факторлар құрылғының жұмысына және басып шығарылатын беттің сапасына әсер етеді. Баспа материалдарын таңдаған кезде мыналарды ескеріңіз:

- Құрылғыға салынатын баспа құралының түрі, өлшемі және салмағы осы бөлімде кейінірек түсіндіріледі.
- Ойдағыдай шығу: Таңдайтын баспа құралы жобаңызға сәйкес болады.
- Ашықтық: Кейбір баспа құралдары басқаларға қарағанда ақшылдау және анық, шынайы суреттер шығарады.
- Бет тегістігі: Баспа құралының тегістігі қағаздағы бұдырлықтың көруіне әсер етеді.



- Кейбір баспа құралдары бұл бөлімдегі нұсқауларға сәйкес келеді, бірақ ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл қағаз сипаттарының, дұрыс пайдаланбаудың, қолайсыз температураның немесе ылғалдылық деңгейлерінің нәтижесінен болуы мүмкін.
- Көп көлемдегі баспа құралдарын сатып алмастан бұрын, оның пайдаланушы нұсқаулығында талап етілетін сипаттамаларға және шығыс талаптарына сәйкес келетінін тексеріңіз.



- Осы сипаттамаларға сәйкес келмейтін баспа құралдарын пайдалану ақаулар тудыруы не жөндеуді қажет етуі мүмкін. Мұндай жөндеу жұмыстары Samsung кепілдігінде немесе қызмет көрсету жөніндегі келісімшарттарында қамтылмайды.
- Сиялы фотоқағазды осы құрылғымен пайдаланбаңыз. Бұл - құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Өртенгіш баспа құралын пайдалану өрт тудыруы мүмкін.
- Белгіленген баспа құралын пайдаланыңыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз).

- Арнайы баспа құралын басып шығару
- Қағаз өлшемі мен түрін орнату
- Шығыс тірегін қолдану



Принтерде қалып қойған өртенгіш баспа құралы мен басқа заттарды пайдалану, құрылғының қызып кетуіне әкеледі және өртену сирек кездеседі.

## Әр режимдегі баспа құралының өлшемі


Режим	Өлшемі	Түрі	Көзі
<b>Симплекс басып шығару</b>	Қағаз өлшемі туралы мәлімет алу үшін 102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз.	Қағаз түрі туралы мәлімет алу үшін 102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз.	Науа
<b>Дуплекс басып шығару (Қолмен)<sup>a</sup></b>	Letter, Legal, Oficio, US Folio, A4, ISO B5, JIS B5, Executive, A5, A6	Тегіс, жуан, мақта, түрлі-түсті, қайта басылған, қайта пайдаланылған, карта бумасы, мұрағат	Науа

a. 75 - 90 г/м<sup>2</sup>


## Науа өлшемін өзгерту

Стандартты өлшемдегі сияқты әр түрлі өлшемдегі қағаздарды жүктеу мақсатында қағаз науасын кеңейту үшін, қағаз өлшемінің тетіктерін лайықтауыңыз керек.


Науа өлшемін өзгерту үшін, қағаз ұзындығын/енін реттейтін тетікті дұрыс лайықтауыңыз керек.




1. Науаны құрылғы сыртына шығарыңыз. Қағаз жабынын ашып, қажет болған жағдайда қағазды науадан алып тастаңыз.




2. Науадағы тетік бекітпесін басып және босату, науаны қолмен тарту.




3. Қағазды басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.




4. Қағаздың ұзындығын реттейтін тетікті қағаз бумасының шетіне тиер-тимес болғанша сырғытыңыз. Қағаз енін реттейтін тетікті қысып, оны қағаз бумасының шетіне дейін майыстырмай сырғытыңыз.




Стандартты өлшемнен кішірек қағаз үшін қағаз өлшемін реттейтін тетіктерді бастапқы орындарына қайтарып, қағаз ұзындығын реттейтін тетік пен қағаз енін реттейтін тетікті лайықтаңыз.




Егер басып шығару қажет қағаздың ұзындығы 222 мм-ден кем болса, науадағы тетік бекітпесін басып, босатыңыз, науаны қолмен итеріңіз. Қағаз ұзындығын реттейтін тетік пен қағаз енін реттейтін тетікті лайықтаңыз.




- Қағаз енін реттейтін тетікті материалдар деформацияланатындай қатты итермеңіз.
- Егер қағаз енін реттейтін тетікті реттемесеңіз, қағаз кептеліп қалуы мүмкін.



- 6 мм артық иілген қағазды пайдаланбаңыз.




5. Қағаз қақпағын жабыңыз.




6. Науаны құрылғыға шертілгенше қайта сырғытыңыз.

7. Науа үшін қағаз түрі мен өлшемін орнатыңыз (64-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату").


-  Қағаз беруге байланысты ақау болса, қағаздың баспа құралына сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Содан кейін науаға бір қағаз салып көріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" немесе 61-беттегі "Арнайы баспа құралын басып шығару" қараңыз).


Еліңізге байланысты науа Letter немесе A4 өлшеміне алдын ала қойылған. A4 немесе стандартты өлшемге өзгерту үшін, тетікті және қағаз енін реттейтін тетікті дұрыс лайықтауыңыз керек.

1. Науаны құрылғы сыртына шығарыңыз. Қағаз жабынын ашып, қажет болған жағдайда қағазды науадан алып тастаңыз.
2. Стандартты өлшемге өзгерткіңіз келсе, тетікті науаның артында ұстап тұрып, тетікті сағат бағытымен бұраңыз.



3. Қағаз енін реттейтін тетікті қысып, тетіктің шетіне қарай сырғытыңыз.




-  Өлшемді A4 қылғыңыз келсе, бірінші, қағаз енін реттейтін тетікті солға жылжытып, тетікті сағат бағытына қарсы бұраңыз. Тетікке күш салсаңыз, ол науаны зақымдауы мүмкін.


## Науаға қағаз салу

### Науада


1. Қағаз науасын алып тастаңыз. Науаның өлшемін салынатын баспа құралының өлшеміне сәйкестендіріңіз (58-беттегі "Науа өлшемін өзгерту" қараңыз).
2. Парақты салмастан бұрын қағаз бумасын майыстырып шеттерін реттеп алыңыз.



3. Қағазды басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.
4. Науаның қағаздың өлшемін реттейтін тетіктерін қысып, оларды қағаздың еніне және ұзындығына лайықтаңыз. Олардың қатты баспаңыз, әйтпесе майысқан қағаздар кептеліп немесе қисайып қалуы мүмкін.



5. Қағаз қақпағын жабыңыз.



6. Науаны құрылғыға қайта салыңыз.


7. Бағдарламада басып шығару үшін бағдарламаны ашып, басып шығару мәзірін қосыңыз.

8. **Басып шығару теңшелімдері** бөлімін ашыңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" қараңыз).

9. **Басып шығару теңшелімдері** ішіндегі **Қағаз** қойындысын басыңыз және сәйкес қағаз түрін, өлшемін және қайнар көзін таңдаңыз.

10. **OK** түймесін басыңыз.


11. Бағдарламада басып шығаруды бастаңыз.

 Қағаз беруге байланысты ақау болса, қағаздың баспа құралының сипаттамасына сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Одан кейін науаға бір қағаз салып көріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз).


Еліңізег байланысты науа Letter немесе A4 өлшеміне алдын ала қойылған. A4 немесе стандартты өлшемге өзгерту үшін, тетікті және қағаз енін реттейтін тетікті дұрыс лайықтауыңыз керек.


1. Науаны құрылғы сыртына шығарыңыз. Қағаз жабынын ашып, қажет болған жағдайда қағазды науадан алып тастаңыз.

2. Стандартты өлшемге өзгертіңіз келсе, тетікті науаның артында ұстап тұрып, тетікті сағат бағытымен бұраңыз.



3. Қағаз енін реттейтін тетікті қысып, тетіктің шетіне қарай сырғытыңыз.



 Өлшемді A4 қылғыңыз келсе, бірінші, қағаз енін реттейтін тетікті солға жылжытып, тетікті сағат бағытына қарсы бұраңыз. Тетікке күш салсаңыз, ол науаны зақымдауы мүмкін.

## Науаға қолмен салу


Конверт, мөлдірлік, белгілер немесе өзгермелі өлшемді қағаз сияқты әр түрлі өлшемдегі қағазды жүктеу үшін, қағаз өлшемін реттейтін тетіктерді науада қолмен беруге лайықтауыңыз қажет.

Науада қолмен беруді пайдалану үшін, қағаз ұзындығын/енін реттейтін тетікті дұрыс лайықтауыңыз қажет.


## Қолмен беру әдісін пайдалану бойынша кеңестер

Науада қолмен беру бойынша кеңестер


- Егер бағдарламалық жасақтамаңыздың қолданбасынан **Источник** үшін **Ручная подача** таңдасаңыз, бет басып шығарған сайын **Болдырмау** (⊙) түймесін басып отыруыңыз қажет болады. Науаға бір уақытта баспа құралының тек бір түрін, өлшемін және салмағын салыңыз.
  - Қағаздардың кептеліп қалуына жол бермеу үшін басып шығару кезінде баспа құралын салмаңыз. Бұл - баспа құралының басқа түрлеріне де қолданылады.
  - Науаға баспа құралының беті жоғары қаратылып салынады және оның ортасына салынады.
  - Пайдалануға ұсынылған баспа құралын қағаздардың кептелуі мен баспа сапасының ақауларын болдырмау үшін ғана жүктеңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз).
  - Майысқан ашықхаттарды, конверттерді және жапсырмаларды науаға салмастан бұрын оларды тегістеп жіберіңіз.
1. Науаны құрылғы сыртына шығарыңыз. Қағаз жабынын ашып, қажет болған жағдайда қағазды науадан алып тастаңыз.




2. Қағазды басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.




3. Науаның қағаз енін реттейтін тетігін қысып, қағаз енін қағаз бумасының шетіне тиер-тиместей етіп лайықтаңыз. Қатты баспаңыз, майысқан қағаздар кептеліп немесе қисайып қалуы мүмкін.




Стандартты өлшемнен кішірек қағаз үшін қағаз өлшемін реттейтін тетіктерді бастапқы орындарына қайтарып, қағаз ұзындығын реттейтін тетік пен қағаз енін реттейтін тетікті лайықтаңыз.




Егер басып шығару қажет қағаздың ұзындығы 222 мм-ден кем болса, науадағы тетік бекітпесін басып, босатыңыз, науаны қолмен итеріңіз. Қағаз ұзындығын реттейтін тетік пен қағаз енін реттейтін тетікті лайықтаңыз.




- Қағаз енін реттейтін тетікті материалдар деформацияланатындай қатты итермеңіз.
- Егер қағаз енін реттейтін тетікті реттемесеңіз, қағаз кептеліп қалуы мүмкін.



- 6 мм артық иілген қағазды пайдаланбаңыз.



4. Қағаз қақпағын жабыңыз.




5. Науаны құрылғыға шертілгенше қайта сырғытыңыз.

6. Бағдарламада басып шығару үшін бағдарламаны ашып, басып шығару мәзірін қосыңыз.


7. **Басып шығару теңшелімдері** бөлімін ашыңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" қараңыз).

8. **Басып шығару теңшелімдері** ішіндегі **Қағаз** қойындысын басыңыз және сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.

 Мысал, егер жапсырманы пайдаланғыңыз келсе, қағаз түрін **Жапсырмаға** белгілеңіз.


9. Қағаз көзінде **Ручная подача** тармағын таңдаңыз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

10. Бағдарламада басып шығаруды бастаңыз.

 Егер бірнеше бет басып шығаратын болсаңыз, келесі қағазды бірінші бет басылып шыққаннан кейін салыңыз, одан кейін **Болдырмау** (Ⓢ) түймесін басыңыз. Осы қадамды басып шығарылатын әр бетке қайталаңыз.

## Арнайы баспа құралын басып шығару

Төмендегі кестеде әр науа үшін қол жетімді арнайы баспа құралын көрсетеді.

 Арнайы баспа құралын пайдаланғанда, қағазды бір-бірден салуға кеңес береміз. Әрбір науаға салынатын баспа құралының максималды санын тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз).


Түрлері	Науа	Науаға қолмен салу
Тегіс	•	•
Жуан	•	•
Жұқа	•	•
Мақта	•	•

Түрлері	Науа	Науаға қолмен салу
Түрлі-түсті	•	•
Формы	•	•
Қайта пайдаланылған	•	•
Конверт		•
Слайд		•
Жапсырмалар		•
Картон		•
Жоғары сапалы		•
Архивная		•
Жалтыр фотосурет		•
Күңгірт фотосурет		•

( • : қолдайды, бос: Қолдамайды)

Мына баспа құралдары **Басып шығару теңшелімдері** көрсетілген. Бұл қағаз түрі параметрі науаға салынатын қағаздың түрін белгілеуге мүмкіндік береді. Сәйкес келетін баспа құралын таңдау қағаздың жақсы сапада басып шығарылуына мүмкіндік береді. Сәйкеспейтін баспа құралын таңдау нәтижесінде басып шығару сапасы нашар болуы мүмкін.

- **Тегіс:** Қалыпты тегіс қағаз. Егер 70 - 90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы қағаздарын басып шығарғыңыз келсе, осы түрді таңдаңыз.
- **Жуан:** 90-105 г/м<sup>2</sup> аралығындағы қалың қағаз.
- **Жұқа:** 60 - 70 г/м<sup>2</sup> аралығындағы жұқа қағаз.
- **Мақта:** 75 - 90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы мақта қағаз.
- **Түрлі-түсті:** 75-90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы түрлі-түсті фонды қағаз.
- **Формы:** 75 - 90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы алдын ала басып шығарылған/бланк қағаз.
- **Қайта пайдаланылған:** 75 - 90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы қайта пайдаланылған қағаз.


 Қайта пайдаланылған қағазды қолданған кезде, басып шығарылған қағаздар жиырылып қалуы мүмкін және/немесе қатты иілгендіктен кептеліп қалуы мүмкін.

- **Конверт:** 75 - 90 г/м<sup>2</sup> аралығындағы конверт.
- **Слайд:** 0,104-0,124 мм мөлдір қағаз.
- **Жапсырмалар:** 120-150 г/м<sup>2</sup> аралығындағы жапсырма.
- **Картон:** 105 - 163 г/м<sup>2</sup> аралығындағы карта бумасы.
- **Жоғары сапалы:** 105 - 120 г/м<sup>2</sup> аралығындағы жоғары сапаоы қағаз.
- **Архивная:** 70-90 г/м<sup>2</sup>. Мұрағаттағы сияқты басып шығарған материалдарды ұзақ сақтағыңыз келген жағдайда.
- **Жалтыр фотосурет:** 111-220 г/м<sup>2</sup> аралығындағы жалтыр фотосурет қағазы.
- **Күңгірт фотосурет:** 111-220 г/м<sup>2</sup> аралығындағы күңгірт фотосурет қағазы.


## Конверттер

Конверттердің сәтті басып шығарылуы олардың сапасына байланысты.

Конвертті басып шығару үшін, бүктелетін жағын төмен қаратып, мөр аумағын жоғары сол жақта орналастырыңыз.



- Конверттерді таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
  - **Салмағы:** Конверт қағазының салмағы 90 г/м<sup>2</sup> аспауы керек, әйтпесе қағаз кептеліп қалады.
  - **Құрылымы:** Басып шығарылмастан бұрын конверттердің тегістігі 6 мм бүгілуден аз болуы керек және құрамында ауа болмауы керек.
  - **Күй:** Конверттер қыртыстанбаған, кесілмеген және бүлінбеген болуы керек.
  - **Температура:** Жұмыс кезінде құрылғының қызуына және қысымына сәйкес келетін конверттерді пайдаланыңыз.
- Тек шеттері мен бүгілген жерлері дұрыс жасалған конверттерді пайдаланыңыз.
- Мөр басылған конверттерді пайдаланбаңыз.
- Қыстырмалары, тесіктері, қаптамалары, жапсырмалары немесе басқа синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
- Бүлінген немесе нашар жасалған конверттерді пайдаланбаңыз.
- Конверттің екі жағындағы тігістің бұрыштарына дейін жеткенін тексеріңіз.




**1 Жарайды**


**2 Жарамайды**

- Алынатын жолағы немесе бүктелетін бірнеше бөліктері бар конверттерде құрылғының 0,1 секундына 170°C шамасындағы температураға сәйкес келетін желім пайдаланылуы керек. Артық қыстырмалар қыртысталуға, кептелуге немесе термификсатордың зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Жақсы сапада басып шығару үшін орналасу шеттері конверттің шеттерінен 15 мм-ден жақын болмауы керек.
- Конверттердің тігістері сәйкес келетін жерлерінің басып шығарылуына жол бермеңіз.

## Слайдтар

Құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін тек лазерлі принтерге арналған слайдтарды пайдаланыңыз.

 Басып шығарылған суреттер диапроекторда пайдаланылса, мөлдірлікті пайдаланып түрлі-түсті басып шығарғандағы сурет сапасы монохромды басып шығарудағыдан нашарлау болады.



- Құрылығыда пайдаланылған слайдтар құрылғы термофиксаторының температурасына шыдауы керек.
- Оларды құрылғыдан алғаннан кейін тегіс жерге қойыңыз.
- Пайдаланылмаған слайдтарды науаның ішінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Оларға шаң тұрып баспада дақ болуы мүмкін.
- Саусақтың іздері түспес үшін оларды абайлап ұстаңыз.
- Бұлыңғыр болуға жол бермеу үшін басып шығарылған слайдтарды ұзақ уақытқа күн көзінде қалдырмаңыз.
- Слайдтардың қыртысталмағанына, бүгілмегеніне немесе шеттерінің жыртылмағанына көзі жеткізіңіз.
- Артқы парағынан бөлектелген слайдтарды пайдаланбаңыз.
- Слайдтардың бір-біріне жабысып қалмауына жол бермеу үшін басып шығарылған кезде парақтардың жиналып қалмауын қадағалаңыз.
- **Ұсынылатын баспа құралы: Xerox 3R91331 (A4), Xerox 3R2780** (стандартты)


Мөлдірліктің негізгі түрі (мыс. **Xerox 3R91331**) жұмсақ түптеу (мыс. **Xerox 3R3028**) немесе алынатын сызыққа қарағанда (**3R3108**) жақсырақ кескін мен қағаз қолданысының сапасын береді.



- Мөлдірлік статикалық электр қуатымен бірге сапа нашарлауына апарып соқтыруы мүмкін.
- Мөлдірліктің таңдалуына немесе сақтау жағдайларына байланысты кептеліс немесе кескіннің сызылуы орын алуы мүмкін.

## Жапсырмалар


Құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін лазерлі құрылғыларда қолдануға арналған жапсырмаларды пайдаланыңыз.



- Жапсырмаларды таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
  - **Жабысқыш материалдар:** Жабысқыш материалдар құрылғы термофиксаторының температурасында (шамамен 170°C тұрақты болады).
  - **Орналасуы:** Арасында қалмаған жапсырмаларды ған апайдаланыңыз. Жапсырмалар арасында бос орындары болатын парақтарды алуы мүмкін, ол кептелуге алып келеді.
  - **Оралу:** Басып шығарылмастан бұрын жапсырмалар кез келген бағытта 13 мм-ден артық бүгілместен тегіс жерге қоюлуы керек.
  - **Күй:** Қыртыстары, ауасы бар немесе ажыраудың басқа белгілері бар жапсырмаларды пайдаланбаңыз.



- Жапсырмалардың арасында жабысқыш материалдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Желім тиген жерлердің әсерінен басып шығару кезінде жапсырмалар алынып қалады және соның салдарынан парақ кептеледі. Желімнің жағылуы құрылғы бөлшектерінің зақымдалуына алып келеді.
- Жапсырмаларды құрылғыдан бірнеше рет өткізбеңіз. Жабысқыш қабат құрылғыдан бір рет қана өту үшін жасалған.
- Жабысқыш қабаттан ажырап тұрған немесе қыртысталған, ауа кірген немесе бүлінген жапсырмаларды пайдаланбаңыз.

## Карта бумасы/Өлшемі белгіленетін қағаз



- Ені 76 мм-ден кіші немесе ұзындығы 152,4 мм-ден ұзын баспа құралын пайдаланбаңыз.
- Бағдарламалық жасақтамаларда жиектерді материалдың шеттерінен кемінде 6,4 мм алыс белгілеңіз.

## Бланк қағаз/Алдын ала басып шығарылған қағаз

Бір жақты	екі жақты
Жоғары қаратылған	Төмен қаратылған
	

- Бланк қағаз/Алдын ала басып шығарылған қағаз ыстыққа шыдамды ерімейтін, буланбайтын немесе 0,1 секундына құрылғының термофиксаторына бағыттағанда зиян келтірмейтін сиямен басып шығарылуы керек. Термофиксатордың 170°C шамасындағы температурасын көру үшін құрылғы сипаттамасын тексеріңіз.
- Бланк қағаз/ Қайта басып шығарылған қағаз сиясы өртенбейтін және құрылғының роликтеріне кері әсер етпеуі керек.
- Пішін қағаздармен бланкті сақтау кезінде өзгеріп кетпеуі үшін олар ылғалға төзімді қаппен қапталуы керек.
- Бланк қағазды/алдын ала басып шығарылған қағазды салмастан бұрын қағаздағы сияның кепкеніне көз жеткізіңіз. Еріту кезінде ылғал сия баспаның сапасын нашарлатып алдын ала басып шығарылған қағаздан ажырауы мүмкін.

## Қайта пайдаланылған қағаз

Қайта пайдаланылған қағазды салғанда, басып шығарылған беті жоғары, ал тік жиектері алдыға бағытталуы керек. Қағаз берілімі іске аспаса, қағаздың бағытын өзгертіңіз. Басып шығару сапасына кепілдік берілмейтінін ескеріңіз.


- Қайта пайдаланылған қағаз ыстыққа шыдамды ерімейтін, буланбайтын немесе 0,1 секундына құрылғының термофиксаторына бағыттағанда зиян келтірмейтін сиямен басып шығарылуы керек. Термофиксатордың 170°C шамасындағы температурасын көру үшін құрылғы сипаттамасын тексеріңіз.
- Қайта пайдаланылған қағаз сиясы өртенбейтін және құрылғының роликтеріне кері әсер етпеуі керек.
- Қайта пайдаланылған қағазды салмастан бұрын қағаздағы ссияның кепкеніне көз жеткізіңіз. Еріту кезінде ылғал сия баспаның сапасын нашарлатып қайта пайдаланылған қағаздан ажырауы мүмкін.

## Жалтыр фотосурет

 Науаға жалтыр жағын жоғары қаратып бір қағаз салыңыз.


- Ұсынылатын баспа құралы: Осы құрылғыға арналған **HP Brochure Paper** шығарған жалтыр қағаз (стандартты) (өнім: Q6611A).
- Ұсынылатын баспа құралы: Осы құрылғыға арналған **HP Superior Paper 160 glossy** шығарған жалтыр қағаз (A4) (өнім: Q6616A).

## Күңгірт фотосурет

 Науаға басып шығарылатын жағын жоғары қаратып бір қағаз салыңыз.

## Қағаз өлшемі мен түрін орнату


Қағазды қағаз науасына салғаннан кейін принтер драйверін пайдалану арқылы қағаз өлшемі мен түрін орнату қажет. Өзгертулерді тұрақтандыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

 Келесі процедура Windows XP жүйесінде орындауға арналған. Басқа Windows OS үшін сәйкес Windows пайдаланушы нұсқаулығын немесе желідегі анықтаманы пайдаланыңыз.


1. Компьютер экранындағы **Бастау** түймесін басыңыз.
2. **Принтерлер мен факстар** параметрін таңдаңыз.
3. Принтер белгішесін оң жақ пернемен басып, **Басып шығару теңшелімдері** параметрін таңдаңыз.
4. **Қағаз** қойындысын таңдап, одан кейін **Қағаз параметрлері** ішіндегі параметрді өзгертіңіз.
5. **ОК** түймесін басыңыз.

## Шығыс тірегін қолдану

Басып шығарылған беттер науаға жиналады және шығыс тірегі беттерді реттеуге көмектеседі.



### 1 Шығыс тіреуіші

 Егер үздіксіз көп бетті басып шығарған болсаңыз, шығыс науаның беті ысып кетуі мүмкін. Бетін ұстамаңыз, әсіресе, балаларды одан аулақ ұстаңыз.




# Басып шығару

Бұл тарауды жалпы басып шығару тапсырмалары түсіндірілген.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Пайдалы бағдарламаға кіріспе
- Принтер драйверінің мүмкіндіктері
- Негізгі басып шығару
- Басып шығару теңшелімдерін ашу
- Анықтаманы пайдалану
- Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану

 Бұл тараудағы іс рәсімдер негізінен Windows XP жүйесіне негізделген.

## Пайдалы бағдарламаға кіріспе

### Samsung AnyWeb Print

Бұл құрал Windows Internet Explorer бағдарламасының экранын әдеттегі бағдарламаны пайдаланғаннан оңайырақ түсіруге, алдын ала қарауға және басып шығаруға мүмкіндік береді. Осы құралды жүктеуге болатын веб-торапқа байланысу үшін **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > Samsung AnyWeb Print > Загрузить последнюю версию программы** тармағына өтіңіз. Бұл құрал тек Windows амалдық жүйелері үшін қол жетімді.

### Samsung Easy Color Manager


Бұл бағдарлама пайдаланушыларға түстерді қалаулары бойынша лайықтауға көмектеседі. Басып шығарылатын түсті мониторда көрінгендей етіп лайықтай аласыз. Лайықталған түсті принтер драйверінде сақтауға және басып шығарылатын қағаздарға қолдануға болады. Осы құралды жүктеуге болатын веб-торапқа байланысу үшін **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > Samsung Easy Color Manager > Соңғы нұсқасын жүктеу** тармағына өтіңіз. Бұл құрал тек Windows және Macintosh амалдық жүйелері үшін қол жетімді. (<http://solution.samsungprinter.com/personal/colormanager>)

## Принтер драйверінің мүмкіндіктері

Принтер драйверлері келесі стандартты мүмкіндіктерді қолдайды:

- Қағаздың бағдарын, өлшемін, көзін және мультимедиа түрін таңдау
- Көшірмелер саны

Бұған қоса, әр түрлі арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалана аласыз. Келесі кестеде принтер драйверлері қолдайтын мүмкіндіктердің жалпы шолуы көрсетілген:

 Кейбір модельдер немесе амалдық жүйелер төмендегі кестедегі кейбір мүмкіндікті(терді) қолдамауы мүмкін.

- Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту
- Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату
- Құжатқа басып шығару (PRN)
- Macintosh компьютерінде басып шығару
- Linux жүйесінде басып шығару






## Принтер драйвері

Мүмкіндік	Windows
Басып шығару сапасының параметрі	•
Плакат басып шығару	•
Әр парақта бірнеше бет	•
Кітапша басып шығару (қолмен)	•
Бетке қиыстырып басып шығару	•
Басып шығаруды кішірейту немесе үлкейту	•
Су таңбасы	•
Қабаттасу	•
Екі жақты басып шығару (қолмен)	•


(•: қолдайды, бос: Қолдамайды)

## Негізгі басып шығару

Бұл құрылғы әр түрлі Windows, Macintosh немесе Linux бағдарламаларынан басып шығаруға мүмкіндік береді. Құжатты басып шығарудың дәл қадамдары пайдаланылатын бағдарламаға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

-  • Осы нұсқаулықтағы **Басып шығару теңшелімдері** терезесі пайдаланылатын компьютерге байланысты басқа болуы мүмкін. Бірақ, **Басып шығару теңшелімдері** терезесінің құрылысы ұқсас. Құрылғымен сыйысымды амалдық жүйелерді тексеріңіз. Принтер спецификацияларының «Операциялық жүйе үйлесімділігі» бөлімін қараңыз (31-беттегі "Жүйелік талаптар" бөлімін қараңыз).
- **Басып шығару теңшелімдері** ішінде параметрді таңдағанда,  немесе  ескерту белгісін көруіңіз мүмкін. Леп белгісі () параметрді таңдауға болатынын, бірақ бұл ұсынылмайтынын білдіреді, ал () белгісі құрылғының параметрлеріне немесе ортаға байланысты бұл параметрді таңдау мүмкін емес екенін білдіреді.


Төмендегі процедура әр түрлі Windows бағдарламаларынан басып шығару үшін қажет жалпы қадамдарды сипаттайды.

 Macintosh негізгі басып шығару, 72-беттегі "Macintosh компьютерінде басып шығару" бөлімін қараңыз.

Linux негізгі басып шығару, 73-беттегі "Linux жүйесінде басып шығару" бөлімін қараңыз.

Келесі **Басып шығару теңшелімдері** терезесі Windows XP жүйесіндегі Notepad бағдарламасының терезесі. **Басып шығару теңшелімдері** терезеңіз амалдық жүйеңізге немесе пайдаланып жатқан бағдарламаға байланысты басқа болуы мүмкін.


1. Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
2. **Файл** мәзірінде **Басып шығару** түймесін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі шығады.
3. **Принтерді таңдау** тізімінде құрылғыны таңдаңыз.



**Басып шығару** терезесінде негізгі басып шығару параметрлерін, соның ішінен көшірмелер санын және басып шығару ауқымын таңдай аласыз.

 Принтер драйвер қамтамасыз ететін принтер мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдалану үшін басып шығару параметрін өзгерту үшін бағдарламаның **Басып шығару** терезесінде **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** пәрменін таңдаңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

4. Басып шығару тапсырмасын бастау үшін **Басып шығару** терезесінде **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

 Windows Internet Explorer бағдарламасын пайдаланып жатсаңыз, **Samsung AnyWeb Print** бағдарламасы да экраннан суреттерді түсіру немесе суретті басып шығару үшін уақытты үнемдейді. Бұл құралды қотаруға болатын веб-торапқа байланысу үшін **Бастау** > **Барлық бағдарламаларда** > **Samsung Printers** > **Samsung AnyWeb Print** тармағына өтіңіз.

## Басып шығару тапсырмасын болдырмау


Басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе басып шығару спулерінде күтуде болса, тапсырманы төмендегідей болдырмаңыз.

1. Windows **Бастау** мәзірін басыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер** > **Принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows XP/Server 2003 жүйесінде **Принтерлер мен факстар** тармағын таңдаңыз.
  - Windows Server 2008/Vista жүйелерінде **Басқару үстелі** > **Жабдық және дыбыс** > **Принтерлер** тармағына өтіңіз.



- Windows 7 жүйесінде **Басқару үстелі** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
- Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару үстелі** > **Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.

3. Windows 2000, XP, Server 2003, Vista және Server 2008 операциялық жүйелерінде құрылғыңызды екі рет басыңыз.

Windows 7 және Windows Server 2008 R2 жүйелерінде принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқып, > мәтінмәндік мәзірлер > **Басып шығару кезегін қарап шығу** тармағына өтіңіз.

 **Басып шығару кезегін қарап шығу** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдай аласыз.

4. **Құжат** мәзірінде **Болдырмау** пәрменін таңдаңыз.


 Сондай-ақ, бұл терезеге жай Windows тапсырмалар жолағында құрылғының белгішесін екі рет нұқу арқылы қатынасуға болады (  ).

Сондай-ақ, ағымдағы тапсырманы болдырмауды басқару тақтасындағы **Болдырмау** (Ⓢ) түймесін басу арқылы орындауға болады.

## Басып шығару теңшелімдерін ашу

Таңдаған параметрлерді **Басып шығару теңшелімдері** терезесінің жоғарғы оң жағында көруге болады.

1. Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
2. **Файл** мәзірінде **Басып шығару** түймесін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі шығады.
3. **Принтерді таңдау** ішінен құрылғыны таңдаңыз.
4. **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** пәрменін таңдаңыз.




## Таңдаулы параметрді қолдану

**Samsung** қойындысынан басқа әрбір теңшелімдер қойындысында көрінетін **Предустановки** параметрі ағымдағы теңшелімдерді болашақта пайдалану үшін сақтауға мүмкіндік береді.

**Предустановки** элементін сақтау үшін:

1. Әр қойындыда параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.
2. **Предустановки** енгізу өрісіне элементтің атауын енгізіңіз.



3. **Добавить** пәрменін таңдаңыз. **Предустановки** сақталғанда, ағымдағы драйвердің барлық параметрлері сақталады.

Егер **Добавить** параметрін таңдасаңыз, **Добавить** түймесі **Жаңарту** түймесіне ауысады. Қосымша параметрлерді таңдаңыз және **Обновить** басыңыз, параметрлер сіз жасаған **Предустановки** параметріне қосылады.


Сақталған параметрді пайдалану үшін оны **Предустановки** ашылмалы тізімінде таңдаңыз. Құрылғы енді таңдалған параметрге сай басып шығаруға теңшелді.

Сақталған параметрлерді жою үшін оны **Предустановки** ашылмалы тізімінде таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, **Предустановки** ашылмалы тізімінде **По умолчанию** параметрін таңдау арқылы принтер драйверінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіре аласыз.

## Анықтаманы пайдалану

Терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы сұрақ белгісін нұқыңыз және мәліметтер керек бөлімді нұқыңыз. Сонда сол мүмкіндіктің драйверден қамтамасыз етілетін мүмкіндігі туралы ақпарат бар қалқымалы терезе шығады.



Кілт сөз бойынша ақпарат іздеу керек болса, **Басып шығару теңшелімдері** терезесінде **Samsung** қойындысын нұқыңыз және **Справка** параметрінің енгізу жолына кілт сөзді енгізіңіз. Қосалқы бөлшектер, драйвер жаңартуы немесе тіркеу және т.б. туралы ақпарат алу үшін тиісті түймелерді басыңыз.

## Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану

Арнайы басып шығару мүмкіндіктері мыналарды қамтиды:

- 67-беттегі "Бір қағаз парағында бірнеше бет басып шығару".
- 67-беттегі "Плакаттарды басып шығару".
- 68-беттегі "Кітапшаларды басып шығару (қолмен)".
- 68-беттегі "Қағаздың екі жағында да басып шығару (қолмен)".

- 68-беттегі "Құжаттың пайызын өзгерту".
- 69-беттегі "Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне қиыстыру".
- 69-беттегі "Су таңбаларын пайдалану".
- 69-беттегі "Қабатты пайдалану".
- 70-беттегі "Графика қойындысының параметрлері".


## Бір қағаз парағында бірнеше бет басып шығару

Бір қағаз парағында басып шығару керек беттер санын таңдай аласыз. Бір парақта бірнеше бет басып шығару үшін беттердің өлшемін азайту және көрсетілген ретпен реттеу керек. Бір парақта 16-ға дейін бет басып шығаруға болады.

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Основные** қойындысын нұқыңыз, **Тип** ашылмалы тізімінде **Несколько страниц на стороне** параметрін таңдаңыз.
3. **Страниц:** ашылмалы тізімінде бір парақта басып шығару керек беттер санын таңдаңыз (2, 4, 6, 9 немесе 16).
4. Қажет болса, **Порядок страниц** ашылмалы тізімінде беттердің ретін таңдаңыз.
5. Парақтағы әрбір беттің айналасында жиекті басып шығару үшін **Печатать границы страниц** құсбелгісін қойыңыз.
6. **Бумага** қойындысын нұқыңыз, **Размер**, **Источник** және **Тип** мәндерін таңдаңыз.
7. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Плакаттарды басып шығару

Бұл мүмкіндік парақтарды бір плакат өлшемді құжатты жасау бір біріне жабыстыру мақсатында бір беттік құжатты 4, 9 немесе 16 қағаз парағына басып шығаруға мүмкіндік береді.




1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Основные** қойындысын нұқыңыз, **Тип** ашылмалы тізімінде **Плакат** параметрін таңдаңыз.
3. Қажет бет орналасуын таңдаңыз.

Бар орналасулар:

- **Плакат 2x2:** Құжат үлкейтіледі және 4 бетке бөлінеді.
- **Плакат 3x3:** Құжат үлкейтіледі және 9 бетке бөлінеді.
- **Плакат 4x4:** Құжат үлкейтіледі және 16 бетке бөлінеді.

4. **Перекрытие частей плаката** мәнін таңдаңыз. Парақтарды бір біріне жабыстыру оңай болуы үшін орналастыру **Основные** қойындысының жоғарғы оң жағында айырып-қосқышты таңдау арқылы **Перекрытие частей плаката** мәнін миллиметрлермен немесе дюймдермен көрсетіңіз.



5. **Бумага** қойындысын нұқыңыз, **Размер, Источник** және **Тип** мәндерін таңдаңыз.
6. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
7. Парақтарды бір біріне жабыстырып, плакатты аяқтай аласыз.


### Кітапшаларды басып шығару (қолмен)

Бұл мүмкіндік құжатты қағаздың екі жағында да басып шығаруға мүмкіндік береді және беттерді басып шығарудан кейін кітапша жасау үшін қағазды жартысынан бүгуге болатындай реттейді.

-  Кітапша жасау керек болса, Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшемді баспа материалы қажет.



1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Основные** қойындысын нұқыңыз, **Тип** ашылмалы тізімінде **Брошюра** параметрін таңдаңыз.
3. **Бумага** қойындысын нұқыңыз, **Размер, Источник** және **Тип** мәндерін таңдаңыз.


-  **Брошюра** параметрі барлық қағаз өлшемдері үшін қол жетімді емес. Бұл мүмкіндік үшін қол жетімді қағаз өлшемін табу үшін **Бумага** қойындысының **Размер** параметрінде бар қағаз өлшемін таңдаңыз.

Қол жетімді емес қағаз өлшемін таңдасаңыз, бұл параметр автоматты түрде болдырылмайды. Тек қол жетімді қағазды таңдаңыз. (⚠ немесе ✖ белгісі жоқ қағаз).

4. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
5. Басып шығарғаннан кейін қағаздарды бүгіңіз және қыстырғышпен біріктіріңіз.


### Қағаздың екі жағында да басып шығару (қолмен)

Қағаздың екі жағында басып шығара аласыз (екіжақты). Басып шығару алдында құжаттың бағдарын таңдаңыз. Бұл мүмкіндікті Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшемді қағаздарда пайдалана аласыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).

-  Жапсырмалар, конверттер немесе қатты қағаз сияқты арнайы ақпарат тасушыларының екі жағында да басып шығару ұсынылмайды. Бұл қағаздың кептелуіне әкелуі немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз.
3. **Двусторонняя печать в ручном режиме** бөлімінде қажет түптеу параметрін таңдаңыз.


- **Нет**
- **Длинная кромка:** Бұл параметр кітаптарды түптеуде қолданылатын әдеттегі орналасу.



- **Короткая кромка:** Бұл параметр күнтізбелерді қолданылатын әдеттегі орналасу.




4. **Бумага** қойындысын нұқыңыз, **Размер, Источник** және **Тип** мәндерін таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

-  Егер құрылғыда екіжақсы құрал болмаса, басып шығару тапсырмасын қолмен аяқтау керек. Құрылғы алдымен құжаттың әрбір екінші бетін басып шығарады. Одан кейін компьютерде хабар пайда болады. Басып шығару тапсырмасын аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Құжаттың пайызын өзгерту


Қажет пайызды енгізу арқылы басып шығарылатын беттегі құжат өлшемін үлкенірек немесе кішірек етіп өзгертуге болады.



1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Бумага** қойындысын нұқыңыз.
3. **Проценты** енгізу өрісінде масштаб дәрежесін енгізіңіз. Сондай-ақ, масштаб дәрежесін таңдау үшін жоғары/төмен көрсеткілерін басуға болады.
4. **Параметры бумаги** ішінде **Размер, Источник** және **Тип** мәнін таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне қиыстыру


Бұл мүмкіндік құжаттың өлшеміне қарамастан басып шығару тапсырмасын кез келген таңдалған қағаз өлшеміне масштабтауға мүмкіндік береді. Бұл шағын құжатта майда егжей-тегжейлі мәліметтерді тексеру қажет болса пайдалы.



1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Бумага** қойындысын нұқыңыз.
3. **По размеру страницы** ішінен қажет қағаз өлшемін таңдаңыз.
4. **Параметры бумаги** ішінде **Размер**, **Источник** және **Тип** мәнін таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Су таңбаларын пайдалану

Су таңбасы параметрі бар құжа үстінен мәтінді басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, оны құжаттың бірінші бетінде немесе барлық беттерінде диагональ бойынша «ЖОБА ЖАЗБА» немесе «ҚҰПИЯЛЫ» деп оқылатын үлкен сұр әріптер басып шығарылуы қажет болғанда пайдалануға болады.



Құрылғыда алдын ала анықталған бірнеше су таңбасы бар. Оларды өзгертуге болады немесе тізімге жаңаларын қосуға болады.

### Бар су таңбасын пайдалану

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз және **Водяной знак** ашылмалы тізімінде қалаған су таңбасын таңдаңыз. Таңдалған су таңбасын алдын ала қарау суретінде көресіз.
3. Басып шығару терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

### Су таңбасын жасау

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысының **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка...** пәрменін таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі шығады.
3. **Текст водяного знака** өрісіне мәтіндік хабарды енгізіңіз. 256-ға дейін таңба енгізуге болады. Хабар алдын ала қарау терезесінде көрсетіледі.

Только на первой странице құсбелгісі қойылғанда, су таңбасы тек бірінші бетте басып шығарылады.

4. Су таңбасының параметрлерін таңдаңыз. Қаріп атын, мәнерін, өлшемін және түсін **Параметры шрифта** бөлімінде, ал су таңбасының бұрышын **Наклон текста** бөлімінде орната аласыз.
5. **Текущие водяные знаки** тізіміне жаңа су таңбасын қосу үшін **Добавить** түймесін басыңыз.
6. Аяқтағанда **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Су таңбасын басып шығаруды тоқтату үшін **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Нет** параметрін таңдаңыз.

## Су таңбасын өңдеу


1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз, **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка...** пәрменін таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі шығады.
3. **Текущие водяные знаки** тізімінде өңдеу керек су таңбасын таңдап, су таңбасының хабарын және параметрлерін өзгертіңіз.
4. Өзгертулерді сақтау үшін **Обновить** пәрменін таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Су таңбасын жою

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз, **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка...** пәрменін таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі шығады.
3. **Текущие водяные знаки** тізімінде жою керек су таңбаларын таңдаңыз және **Удалить** түймесін басыңыз.
4. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Қабатты пайдалану


Қабаттасу – қатты дискіде сақталатын, басып шығаратын кез келген құжаттың бетіне орналастыруға болатын мазмұн. Қабаттасу жиі бланк қағазының орнына пайдаланылады. Алдын ала басып шығарылған бланкты пайдаландудың орнына дәл қазір бланкта бар ақпаратты қамтитын қабаттасуды жасауға болады. Компанияның бланкісі бар хатты басып шығару үшін құрылғыға алдын ала басып шығарылған бланк қағазын салудың қажеті жоқ, оның орнына жай құжатта бланк қабаттасуын басып шығарыңыз.



### Жаңа бет қабатын жасау

Бет қабаттасуын пайдалану үшін мазмұнды қамтитын жаңа бет қабаттасуы файлын жасау керек.


1. Жаңа бет қабаттасуында пайдалану керек мазмұн бар құжатты жасаңыз немесе ашыңыз. Түпнұсқаға қосқанда элементтерді дәл шығуы керек жеріне орналастырыңыз.
2. Құжатты қабаттасу ретінде сақтау үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
3. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз және **Текст** ашылмалы тізімінде **Правка...** пәрменін таңдаңыз. **Правка наложения** терезесін ашыңыз.
4. **Правка наложения** терезесінде **Создать** пәрменін таңдаңыз.
5. **Басқаша сақтау** терезесінде **Файл атауы** өрісіне сегіз таңбаға дейінгі атауды енгізіңіз. Қажет болса мақсатты жолды таңдаңыз. (Әдепкі жол – C:\FormOver.)
6. **Сохранить** пәрменін таңдаңыз. Атауы **Список наложений** ішінде шығады.
7. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
8. Файл басып шығарылмайды. Оның орнына, ол компьютердің қатты дискінде сақталады.

 Қабаттасу құжатының өлшемі басып шығаратын құжаттың өлшеміне сай болуы керек. Қабаттасуды су таңбасымен бірге жасамаңыз.

## Бет қабатын пайдалану

Қабаттасуды жасағаннан кейін ол құжатпен бірге басып шығаруға дайын. Құжатпен бірге қабатты басып шығару үшін:

1. Басып шығару керек құжатты жасаңыз немесе ашыңыз.
  2. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
  3. **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз.
  4. **Текст** ашылмалы тізімінде қалаған қабаттасуды таңдаңыз.
  5. Егер қажет қабаттасу файлы **Текст** ашылмалы тізімінде шықпаса, тізімде **Правка** пәрменін таңдаңыз, сөйтіп **Загрузить** пәрменін таңдаңыз. Пайдалану керек қабаттасу файлын таңдаңыз.
- Пайдалану керек қабаттасу файлын сыртқы көзде сақтасаңыз, файлды **Ашу** терезесін ашып та қотаруға болады.
- Файлды таңдағанда, **Ашу** түймесін басыңыз. Файл **Список наложений** жолағында шығады және басып шығару үшін қол жетімді. **Список наложений** жолағында қабаттасуды таңдаңыз.
6. Қажет болса, **Подтверждать наложение при печати** құсбелгісін қойыңыз. Егер бұл құсбелгі қойылған болса, құжатты басып шығаруға жіберген сайын құжат үстінен қабаттасуды басып шығару керектігін сұрайтын хабар терезесі шығады. Егер бұл құсбелгі қойылмаса және қабаттасу таңдалмаса, қабаттасу құжатпен бірге автоматты түрде басып шығарылады.
  7. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
- Таңдалған қабаттасу құжат үстінен басып шығарылады.

 Қабаттасу құжатының ажыратымдылығы бастапқы басып шығару тапсырмасының ажыратымдылығына сай болуы керек.

## Қабатты жою


Пайдаланылмайтын болса, бет қабаттасуларын жоюға болады.

1. **Басып шығару теңшелімдері** терезесінде **Дополнительно** қойындысын нұқыңыз.
2. **Наложение** ашылмалы тізімінде **Правка...** пәрменін таңдаңыз.

3. **Список наложений** өрісінде жою керек қабаттасуды таңдаңыз.
4. **Удалить** түймесін басыңыз.
5. Раслау хабар терезесі шыққанда **Иә** пәрменін таңдаңыз.
6. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Графика қойындысының параметрлері


Басып шығару сапасын ерекше басып шығару қажеттіліктеріңізге лайықтау үшін төмендегі Графика параметрлерін пайдаланыңыз.

-  Таңдауға болатын параметрлер принтер моделіне байланысты басқа болуы мүмкін.
  - Параметр сұр болып тұрса не көрсетілмесе, ол сіз пайдаланып отырған принтер тілімен бірге қолданылмайды.
- Принтер тілін өзгерту үшін:**
1. Windows **Бастау** мәзірін басыңыз.
  2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows XP/Server 2003 жүйелерінде **Принтер мен факстар** параметрін таңдаңыз.
    - Windows Server 2008/Vista жүйелерінде **Басқару үстелі > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows 7 жүйесінде **Басқару үстелі > Жабдық және дыбыс > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару үстелі > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
  3. Құрылғы драйверін таңдаңыз, **Сипаттар** ашу үшін оң жақ пернемен басыңыз.
  4. Принтер драйверінің сипаттарында **Параметры устройства** таңдаңыз.
  5. **Язык печати** ашылмалы тізімінде қажетті параметрлерді таңдаңыз.

## Түсті лайықтау

Егер басып шығарылған және монитордағы түс арасында алшақтықты байқасаңыз, түс контрасты не түс дейгейі сияқты түс параметрлерін өзгертуге болады.

Принтер драйвері арнайы басып шығару қажеттіліктері үшін басып шығару сапасын лайықтауға арналған графикалық параметрлерді қамтамасыз етеді.

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Графика** қойындысын басыңыз. **Басып шығару теңшелімдері** тармағының әрбір параметрі туралы ақпаратты онлайн анықтамада қараңыз.
  - **Color Mode:** **Түс** немесе **Оттенки серого** арасынан түс параметрлерін таңдауға болады. **Түс** параметріне орнату әдетте түрлі-түсті құжаттар үшін ең жақсы басып шығару сапасын қамтамасыз етеді. Түрлі-түсті құжатты сұр түстің реңктерінде басып шығарғыңыз келсе, **Оттенки серого** параметрін таңдаңыз.
  -  **Оптимизация черного** жоғары сапалы қара түсте басып шығаруға мүмкіндік береді. Осы параметрді пайдалансаңыз, басып шығаруға әдеттегіден көбірек уақыт кетуі мүмкін.

Түсті қолмен лайықтау үшін **Цветовой режим** ішіндегі **Дополнительно** параметрін таңдаңыз. Түсті лайықтау үшін **Деңгейлер** қойындысындағы түс балансының слайдерін жылжытыңыз немесе суретті жалпы өңдеуге арналған драйвермен ұсынылатын түс реттеуі үшін **Сәйкестіру** қойындысын таңдаңыз.

- **Дополнительно: Дополнительно** түймесін басып арқылы қосымша параметрлерді орнатуға болады. (Тек PCL драйвері ғана)
  - **Шрифт и текст:** Мәтінді қалыпты құжаттан күңгірттеу етіп басып шығару үшін **Затемнить текст** параметрін таңдаңыз. Экранда қандай түс болып көрінгеніне қарамастан қалың қара етіп басып шығару үшін **Печатать весь текст черным** параметрін пайдаланыңыз.
  - **Растровое сжатие:** Бұл параметр компьютерден принтерге деректерді беру үшін кескіндердің сығылу деңгейін анықтайды. Егер бұл параметрді **Максимум** етіп орнатсаңыз, басып шығару жылдамдығы жоғары, алайда сапасы төмен болады. (Тек PCL драйвері ғана)
  - **Графический контроллер:** Бұл - оқу мүмкіндігін жақсарту үшін мәтіндердің жиектерін және шағын сызықтарды ерекше бөліп көрсетуге және түрлі-түсті басып шығару режимінде әрбір түс арнасының тіркелуін реттеуге мүмкіндік береді.
    - **Улучшение оттенков серого:** Бұл - құжаттарды сұр түстің реңітерінде басып шығарғанда пайдаланушыларға табиғат суреттерінің детальдарына дейін сақтауға және сұр реңкті түстердің арасында контраст пен оқылу мүмкіндігін жақсартуға мүмкіндік береді. (Тек PCL драйвері ғана)
    - **Четкие края:** Бұл - оқу мүмкіндігін жақсарту үшін мәтіндердің жиектерін және шағын сызықтарды ерекше бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.
  - **Экономия тонера:** Бұл параметрді лайықтау тонер картридждерінің өмірін ұзартады және басып шығару сапасын қатты төмендетпей әр беттің құнын азайтады.
    - Тонердің қолданылуын азайту үшін слайдерді **Без сохранения** параметрінен **Макс. кол-во сохр.** параметріне ауыстыруға болады.
3. **Басып шығару** терезесінен шығу алдында **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Анықтық пен тегістікті реттеу


### Экран параметрлері

Бұл параметр түс шығысының ажыратымдылығы мен айқындығына әсер етеді. Үш экран параметрі - **Стандартный**, **Улучшенный** және **Детальный**.

1. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
2. **Графика** қойындысын, одан кейін **Цветовой режим** ішінде **Дополнительно** параметрін таңдаңыз.
3. **Сәйкестіру** қойындысын таңдаңыз.
4. **Экран** ішінен қажетті параметрлерді таңдаңыз.
  - **Настройки по умолчанию:** Принтерден **Экран** режимінің мәнін орнатқаннан кейін келеді.
  - **Стандартная:** Бұл режим басып шығарылатын беттердің толығымен тегіс реңкте болуын қамтамасыз етеді.
  - **Улучшенный:** Бұл режим басып шығарылатын беттердің мәтіндерінің анық және графикалық/фото кескіндерінің тегіс болуын қамтамасыз етеді.



- **Детальный:** Бұл режим басып шығарылатын беттердің детальдарының толығымен анық болуын қамтамасыз етеді.
5. **ОК** параметрін таңдаңыз.

## Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту

 Windows бағдарламаларының көпшілігі принтер драйверінде көрсетілген параметрлерді қайта анықтайды. Алдымен бағдарламада барлық қол жетімді принтер параметрлерін өзгертіңіз, содан кейін қалған параметрлерді принтер драйверін пайдаланып өзгертіңіз.

1. Windows **Бастау** мәзірін басыңыз.
  2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows XP/Server 2003 жүйесінде **Принтерлер мен факстар** тармағын таңдаңыз.
    - Windows Server 2008/Vista жүйелерінде **Басқару үстелі > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows 7 жүйесінде **Басқару үстелі > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
    - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару үстелі > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
  3. Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз.
  4. Windows XP/Server 2003/Server 2008/Vista жүйелерінде **Басып шығару теңшелімдері** тармағына өтіңіз.

Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйелерінде мәтінмәндік мәзірлерде **Басып шығару теңшелімдері** тармағын таңдаңыз.

 Егер **Басып шығару теңшелімдері** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтермен қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.
  5. Әр қойындыда параметрлерді өзгертіңіз.
  6. **ОК** түймесін басыңыз.
-  Әр басып шығару тапсырмасы үшін параметрлерді өзгерту қажет болса, оны **Басып шығару теңшелімдері** тармағында өзгертіңіз.

## Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату

1. Windows **Бастау** мәзірін басыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows XP/Server 2003 жүйесінде **Принтерлер мен факстар** тармағын таңдаңыз.
  - Windows Server 2008/Vista жүйелерінде **Басқару үстелі > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows 7 жүйесінде **Басқару үстелі > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
  - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару үстелі > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағына өтіңіз.
3. Құрылғыны таңдаңыз.
4. Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз және **Әдепкі басып шығарғыш баптауын орнату** параметрін таңдаңыз.


 Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Әдепкі басып шығарғыш баптауын орнату** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтермен қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

## Құжатқа басып шығару (PRN)

Кейде басып шығару деректерін файл ретінде сақтау керек болады. Тікелей принтерге бағыттаудың орнына құжатты файлға басып шығара аласыз. Құжат принтердің таңдалған қаріп және түс сипаттамалары сияқты пішімдеуімен, басқа принтерде басып шығаруға болатын .prn файлында сақталады.

Басып шығару тапсырмасын файл ретінде сақтау үшін:

1. **Басып шығару** терезесінде **Құжатқа басып шығару** құсбелгісін қойыңыз.



2. **Басып шығару** түймесін басыңыз.
3. Мақсатты жолды және файл атауын енгізіңіз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Мысалы c:\Temp\файл атауы.



Егер тек файл атауын енгізсеңіз, файл автоматты түрде **Құжаттар тен орнатулар** немесе **Пайдаланушылар** қалтасында сақталады. Сақтау қалтасы амалдық жүйеге немесе пайдаланылатын бағдарламаға байланысты басқа болуы мүмкін.

## Macintosh компьютерінде басып шығару

Бұл бөлімде Macintosh компьютерін пайдаланып басып шығару түсіндіріледі. Басып шығару алдында басып шығару ортасын орнату керек.


- USB арқылы қосылады, 33-беттегі "Macintosh" бөлімін қараңыз.
- Желі қосылған, 41-беттегі "Macintosh" бөлімін қараңыз.

## Құжатты басып шығару

Macintosh компьютерінде басып шығарғанда әр пайдаланатын бағдарламада принтер драйвер параметрін тексеру керек. Macintosh компьютерінде басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Бағдарламаны ашыңыз және басып шығару керек файлды таңдаңыз.
2. **File** мәзірін ашып, **Page Setup** (кейбір бағдарламаларда **Document Setup**) тармағына өтіңіз.

3. Қағаз өлшемін, бағдарын, масштабын, басқа параметрлерді таңдаңыз және құрылғының таңдалғанын тексеріңіз. **OK** түймесін басыңыз.



4. **File** мәзірін ашыңыз және **Print** пәрменін таңдаңыз.
5. Қажет көшірмелер санын таңдаңыз және қай беттерді басып шығару керектігін көрсетіңіз.
6. **Print** түймесін басыңыз.


## Принтер параметрлерін өзгерту

Құрылғыны пайдалану барысында қосымша басып шығару мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Бағдарламаны ашыңыз және **File** мәзірінде **Print** пәрменін таңдаңыз. Принтер сипаттары терезесінде шығатын құрылғы атауы пайдаланылатын құрылғыға байланысты басқа болуы мүмкін. Атауы болмаса, принтер сипаттары терезесінің құрылғысы келесіге ұқсас.



- Модельдерге және Macintosh амалдық жүйелерінің нұсқаларына байланысты теңшеу параметрлері басқа болуы мүмкін.
- Келесі тақталар амалдық жүйеге немесе пайдаланылатын бағдарламаға байланысты басқа болуы мүмкін.



## Орналасу

**Layout** тілқатысу терезесі құжаттың басып шығарылған бетте қалай көрінетінін лайықтау параметрлерін береді. Бір қағаз бетінде бірнеше бетті басып шығаруға болады. Келесі мүмкіндіктерге қатынасу үшін **Orientation** астындағы ашылмалы тізімде **Layout** параметрін таңдаңыз.

- **Әр парақтағы беттер:** Бұл параметр бір бетте қанша бет басып шығарылатынын анықтайды (73-беттегі "Бір қағаз парағында бірнеше бет басып шығару" бөлімін қараңыз).
- **Орналасу бағыты:** Бұл параметр пайдаланушылық интерфейс мысалдарына ұқсас бетте басып шығару бағытын таңдауға мүмкіндік береді.



- **Жиек:** Бұл параметр парақтағы әр беттің айналасында жиекті басып шығаруға мүмкіндік береді.
- **Кері бет бағдары:** Бұл параметр қағазды 180 градусқа бұруға мүмкіндік береді.

## Graphics

**Graphics** тілқатысу терезесі **Quality** және **Color Mode** мәнін таңдау параметрлерін береді. Сызбалдық мүмкіндіктеріне қатынасу үшін **Orientation** астындағы ашылмалы тізімде **Graphics** параметрін таңдаңыз.

- **Quality:** Бұл параметр басып шығару ажыратымдылығын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл параметрдің мәні неғұрлым жоғары болса, басып шығарылатын таңбалар және сызбалық соғұрлым айқын болады. Параметрдің жоғарырақ мәні, сонымен бірге, құжатты басып шығару уақытын көбейтеді.
- **Color Mode:** Түс параметрлерін орнатуға болады. **Түс** параметріне орнату әдетте түрлі-түсті құжат үшін ең жақсы басып шығару сапасын қамтамасыз етеді. Түрлі-түсті құжатты сұр түстің реңктерінде басып шығарғыңыз келсе, **Grayscale** параметрін таңдаңыз.

## Printer Features

**Тип бумаги** мәнін басып шығарғыңыз келетін тартпаға салынған қағазға сай орнатыңыз. Бұл ең жақсы сапалы басып шығарылған бетті береді. Басқа басып шығару материалын салсаңыз, сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.

## Printer Settings

Тонер картриджінің жұмыс мерзімі ұзартып, басып шығару сапасына үлкен өзгеріс жасамастан басып шығарылатын бір беттің шығынын азайту үшін **Экономия тонера** параметрін орнатыңыз.

- **Printer Setting:** Осы параметрді таңдасаңыз, бұл мүмкіндік сіз машинадан жасаған орнатулар арқылы анықталады.
- **On:** Бұл параметрді принтер әр бетте азырақ тонерді пайдалануы үшін таңдаңыз.
- **Off:** Құжатты басып шығару кезінде тонерді үнемдеудің қажеті болмаса, осы опцияны таңдаңыз.


Жоғарыдағы мүмкіндікке қол жеткізу үшін:

1. **Applications** қалтасын > **Utilities** > **Print Setup Utility** тармағын ашыңыз.
  - Mac OS X 10.5 ~ 10.6 үшін **Applications** қалтасын > **System Preferences** содан кейін **Print & Fax** тармағын ашыңыз.
2. Принтеріңізді таңдаңыз және **Show info** түймешігін басыңыз.
  - Mac OS X 10.5~10.6 үшін, принтеріңізді таңдаңыз және **Options & Supplies** түймешігін басыңыз.
3. Принтер ақпараты ашылмалы тізім терезесіндегі **Installable Options** мәзірін басыңыз.
  - Mac OS X 10.5 ~ 10.6 үшін **Driver** қойындысына барыңыз.

## Бір қағаз парағында бірнеше бет басып шығару

Бір қағаз парағында бірнеше бетті басып шығаруға болады. Бұл мүмкіндік жоба жазба беттерді арзан басып шығарудың жолын береді.

1. Бағдарламаны ашып, **File** мәзірінде **Print** пәрменін таңдаңыз.
2. **Orientation** астындағы ашылмалы тізімде **Layout** параметрін таңдаңыз. **Pages per Sheet** ашылмалы тізімінде бір қағаз парағында басып шығару керек беттердің санын таңдаңыз.



3. Пайдалану керек басқа параметрлерді таңдаңыз.
4. **Print** түймесін басыңыз, сонда құрылғы басып шығару керек таңдалған беттер санын бір қағаз парағында басып шығарады.


## Linux жүйесінде басып шығару

Модельдерге немесе параметрлерге байланысты кейбір функциялар қолжетімді емес болуы мүмкін. Бұл функциялар қолданылмайтынын білдіреді.


## Бағдарламалардан басып шығару

Common UNIX Printing System (CUPS) жүйесін пайдаланып басып шығаруға мүмкіндік беретін бірнеше Linux бағдарламалары бар. Осы бағдарламалардың кез келгенін пайдаланып басып шығара аласыз.

1. Бағдарламаны ашып, **File** мәзірінде **Print** пәрменін таңдаңыз.
2. Тікелей LPR пайдаланып **Print** пәрменін таңдаңыз.
3. LPR GUI терезесінде принтерлер тізімінде құрылғы моделінің атауын таңдаңыз және **Properties** пәрменін таңдаңыз.



- Терезенің жоғарғы жағында көрсетілетін келесі төрт қойындыны пайдаланып басып шығару тапсырмасының сипаттарын өзгертіңіз.



- **General:** Бұл параметр қағаз өлшемін, қағаз түрін және құжаттардың бағытын өзгертуге мүмкіндік береді. Ол басында және соңында жарияламаларды қосады және әр парақтағы беттердің санын өзгертеді.
- **Text:** Бұл параметр беттің шеттерін көрсетуге және аралық немесе бағандар сияқты мәтін параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.
- **Graphics:** Бұл параметр суреттерді/файлдарды басып шығарғанда пайдаланылатын түс параметрлері, сурет өлшемі немесе сурет орны сияқты сурет параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.
- **Advanced:** Бұл параметр басып шығару ажыратымдылығын, қағаздың көзін және арнайы басып шығару мүмкіндіктерін орнатуға мүмкіндік береді.

- ☞ Егер бұл параметр сұр болса, құрылғы бұл сұр параметрді қолдамайды.
- ☞ Модельдерге байланысты автоматты/қолмен екі жақты басып шығару қол жетімді емес болуы мүмкін. Оның орнына lpr басып шығару жүйесін немесе тақ-жұп басып шығаруға арналған басқа бағдарламаларды пайдалана аласыз.

- Өзгертулерді қолдану үшін **Apply** түймесін басыңыз және **Properties** терезесін жабыңыз.
- Басып шығаруды бастау үшін **LPR GUI** терезесінде **OK** түймесін басыңыз.
- Басып шығару тапсырмасының күйін бақылауға мүмкіндік беретін «Басып шығару» терезесі шығады. Ағымдағы тапсырманы доғару үшін **Cancel** түймесін басыңыз.

## Файлдарды басып шығару

Стандартты CUPS әдісін пайдаланып құрылғыда тікелей пәрмен жолы интерфейсінен файлдардың әр түрлі түрлерін басып шығара аласыз. CUPS LPR қызметтік бағдарламасы мұны істеуге мүмкіндік береді. Бірақ драйверлер бумасы стандартты LPR құралын әлдеқайда түсінікті LPR GUI бағдарламасына ауыстырады.

Кез келген құжат файлын басып шығару үшін:

- Linux shell пәрмен жолында `lpr <file_name>` дегенді енгізіңіз және Enter түймесін басыңыз. **LPR GUI** терезесі шығады.


Тек lpr сөзін енгізіп, **Enter** түймесін бассаңыз, алдымен **Select file(s) to print** терезесі шығады. Жай басып шығару керек файлдарды таңдаңыз және **Open** түймесін басыңыз.

- LPR GUI** терезесіндегі тізімде құрылғыны таңдаңыз және басып шығару тапсырмасының сипаттарын өзгертіңіз.
- Басып шығаруды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Принтер сипаттарын теңшеу

**Printer Properties** беретін **Printers configuration** терезесін пайдаланып принтердің әр түрлі сипаттарын өзгертуге болады.

- Unified Driver Configurator** тармағын ашыңыз. Қажет болса, **Printers configuration** бөліміне ауысыңыз.
- Қолданыстағы принтерлер тізімінде құрылғыны таңдаңыз және **Properties** пәрменін таңдаңыз.
- Printer Properties** терезесі ашылады.



Терезенің жоғарғы жағында келесі бес қойынды көрсетіледі.

- **General:** Бұл параметр принтердің орнын және атауын өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл қойындыда енгізілген атау **Printers configuration** ішіндегі принтерлер тізімінде көрсетіледі.
  - **Connection:** Бұл параметр басқа портты қарауға немесе таңдауға мүмкіндік береді. Егер пайдаланып жатқанда құрылғының портын USB-ден параллель немесе керісінше өзгертсеңіз, құрылғының портын осы қойындыда қайта теңшеңіз.
  - **Driver:** Басқа принтер драйверін қарауға немесе таңдауға мүмкіндік береді. **Options** тармағын таңдап, әдепкі құрылғы параметрлерін орнатуға болады.
  - **Jobs:** Бұл параметр басып шығару тапсырмаларының тізімін көрсетеді. Таңдалған тапсырманы болдырмау үшін **Cancel job** пәрменін таңдаңыз және тапсырмалар тізімінде алдыңғы тапсырмаларды көру үшін **Show completed jobs** құсбелгісін қойыңыз.
  - **Classes:** Бұл параметр құрылғы қай сыныпқа жататынын көрсетеді. Құрылғыны нақты сыныпқа қосу үшін **Add to Class** пәрменін таңдаңыз немесе құрылғыны таңдалған сыныптан жою үшін **Remove from Class** пәрменін таңдаңыз.
- Өзгертулерді қолдану үшін **OK** түймесін басыңыз және **Printer Properties** терезесін жабыңыз.

# Басқару құралдары

Бұл тарауда құрылғыны толық пайдалануға көмектесетін басқару құралдары таныстырылады.

Бұл тарау мыналарды қамтиды:


- Тиімді басқару құралдарына кіріспе
- SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

## Тиімді басқару құралдарына кіріспе

Төмендегі бағдарламалар құрылғыны қолайлы пайдалануға көмектеседі.

- 75-беттегі "SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану".
- 76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану".
- 77-беттегі "Unified Linux Driver Configurator пайдалану".

## SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

 SyncThru™ Web Service үшін кемінде Internet Explorer 6.0 немесе одан жоғары нұсқасы қажет.

Егер құрылғыны желіге қосып, TCP/желілік параметрлерін дұрыстап реттесеңіз, құрылғыны SyncThru™ Web Service енгізілген веб-сервері арқылы басқаруыңызға болады. SyncThru™ Web Service мына мақсаттарда пайдаланыңыз:

- Құрылғының ақпаратын көру және оның ағымдағы күйін тексеру.
- TCP/IP параметрлерін өзгерту және басқа желілік параметрлерді орнату.
- Принтер басымдығын өзгерту.
- Құрылғының күйі туралы хабар беретін электрондық пошта ескертулерін жіберу.
- Құрылғыны пайдалану бойынша қолдау алу.

## SyncThru™ Web Service қызметіне қол жеткізу

1. Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерге кіріңіз. Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
2. Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.

### SyncThru™ Web Service қызметіне кіру

SyncThru™ Web Service параметрлерді реттемес бұрын, жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет. SyncThru™ Web Service қызметін жүйеге кірместен пайдалана беруіңізге болады, бірақ **Параметры** қойындысы мен **Безопасность** қойындысына қол жеткізе алмайсыз.

1. SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Логин** түймесін басыңыз. Тіркелу беті пайда болады.
2. **Идентификатор** мен **Пароль** енгізіп **Логин** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, төменде әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз.

- Smart Panel бағдарламасын пайдалану
- Unified Linux Driver Configurator пайдалану

- **Идентификатор:** admin
- **Пароль:** sec00000

## SyncThru™ Web Service қызметіне шолу

 [Информация](#) [Настройки](#) [Безопасность](#) [Обслуживание](#)

 Үлгіге қарай, кейбір қойындылар көрсетілмеуі мүмкін.

### Информация қойындысы

Бұл қойындыда құрылғы туралы жалпы ақпарат беріледі. Тонердің қалған мөлшері сияқты нәрселерді тексеруіңізге болады. Сондай-ақ, қате туралы есеп және т.б. сияқты есептерді басып шығаруыңызға болады.

- **Active Alerts:** Бұл тармақ құрылғыда пайда болған дабылдар мен олардың маңыздылық дәрежесін тексеруге мүмкіндік береді.
- **Керек-жарақтар:** Бұл тармақ басып шығарылған беттер саны мен картриджде қалған тонер мөлшерін тексеруге мүмкіндік береді.
- **Usage Counters:** Бұл тармақ баспа түрлері бойынша пайдалану санағын тексеруге мүмкіндік береді: қарапайым, дуплексті.
- **Current Settings:** Бұл тармақ құрылғы мен желі ақпаратын тексеруге мүмкіндік береді.
- **Print information:** Бұл тармақ жүйемен байланысты есептер, электрондық пошта мекенжайы және қаріп есептері сияқты есептерді басып шығаруға мүмкіндік береді.

### Настройки қойындысы

Бұл қойынды құрылғыда және желіде ұсынылған конфигурацияларды орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **Параметры устройства қойындысы:** Бұл қойынды құрылғыда ұсынылған опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.
  - **Система:** Құрылғымен байланысты параметрлерді орнатуыңызға болады.
  - **Принтер:** Баспа тапсырмаларымен байланысты параметрлерді орнатуыңызға болады.
  - **Уведомления электронной почты:** Электрондық пошта ескертуінің мүмкіндігін және ескертуді алушылардың электрондық пошта мекенжайларын орнатуыңызға болады.
- **Параметры сети қойындысы:** Бұл қойынды желілік ортаны көруге және өзгертуге мүмкіндік береді. TCP/IP, желілік протоколдар және т.б. сияқты нәрселерді орнатуыңызға болады.
  - **SNMP:** SNMP пайдалану арқылы желілік құрылғылар арасында басқару ақпаратымен алмасу аласыз.
  - **Шығыс пошта сервері (SMTP):** Шығыс пошта серверін орнатуыңызға болады.

- **Әдепкі қалпына келтіру:** Әдепкі желілік параметрлерді қалпына келтіруіңізге болады.

## Безопасность қойындысы

Бұл қойынды жүйе және желі қауіпсіздігі ақпаратын орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **System Security:** Жүйе әкімшісінің ақпаратын орнатып, сондай-ақ, құрылғы мүмкіндіктерін қосып не ажыратуыңызға болады.
- **Network Security:** HTTPs, IPsec, IPv4/IPv6 сүзгісі, 802.1x, куәландыру серверлері үшін параметрлерді орнатуыңызға болады.


## Обслуживание қойындысы


Бұл қойынды жабдықтың ішке орнатылған бағдарламасын жетілдіру және электрондық хаттар жіберу үшін байланыс ақпаратын орнату арқылы құрылғыға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Samsung веб-торабына қосылуыңызға немесе **Link** мәзірін таңдау арқылы драйверлер жүктеп алуыңызға болады.

- **Обновление микропрограммы:** Құрылғының ішіне орнатылған бағдарламаны жетілдіруіңізге болады.
- **Contact Information:** Байланыс ақпаратын көруіңізге болады.
- **Link:** Жүктеп алуға немесе ақпаратты тексеруге болатын пайдалы тораптарға сілтемелерді көруіңізге болады.

## Электрондық пошта ескертуін орнату

Осы параметрді орнату арқылы құрылғыңыздың күйі туралы электрондық пошта хабарларын алуыңызға болады. IP мекенжай, хост атауы, электрондық пошта мекенжайы және SMTP серверлік ақпараты сияқты мәліметті орнату арқылы құрылғы күйі (тонер картриджінің жеткіліксіздігі немесе құрылғы қатесі) белгілі бір адамның электрондық поштасына автоматты түрде жіберіліп тұрады. Бұл параметрді құрылғы әкімшісі жиірек пайдалана алады.

1. Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.  
Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
2. Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.
3. SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Логин** түймесін басыңыз.  
Тіркелу беті пайда болады.
4. **Идентификатор** мен **Пароль** енгізіп **Логин** түймесін басыңыз.  
Егер SyncThru™ Web Service бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, төменде әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз.
  - **Идентификатор:** admin
  - **Пароль:** sec00000
5. **Настройки** қойындысынан **Параметры устройства > Уведомления электронной почты** параметрін таңдаңыз.  
 Шығыс серверінің ортасын теңшемеген болсаңыз, электрондық пошта ескертуін орнатпас бұрын, желілік ортаны теңшеу үшін **Настройки > Параметры сети > Шығыс пошта сервері (SMTP)** параметріне өтіңіз.
6. Электрондық пошта ескертуінің пайдаланушысын қосу үшін **Добавить** түймесін басыңыз.  
Ескертілгенін қалайтын ескерту элементтерімен бірге алушы аты мен электрондық пошта мекенжай(лар)ын орнатыңыз.
7. **Применить** түймесін басыңыз.

 Брандмауэр белсендірілген болса, электрондық пошта хабары сәтті жіберілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда желі әкімшісіне хабарласыңыз.

## Жүйе әкімшісінің ақпаратын орнату

Жүйе әкімшісінің ақпаратын орнатыңыз. Бұл параметр электрондық пошта ескеруі опциясын пайдалану үшін қажет.

1. Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.  
Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
2. Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.
3. SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Логин** түймесін басыңыз.  
Тіркелу беті пайда болады.
4. **Идентификатор** мен **Пароль** енгізіп **Логин** түймесін басыңыз.  
Егер SyncThru™ Web Service бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, төменде әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз.
  - **Идентификатор:** admin
  - **Пароль:** sec00000
5. **Безопасность** қойындысынан **Безопасность системы > Системный администратор** параметрін таңдаңыз
6. Әкімші атын, телефон номерін, орналасқан жерін және электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз.
7. **Применить** түймесін басыңыз.

## Smart Panel бағдарламасын пайдалану

Smart Panel - құрылғының күйін бақылап, сізге хабарлайтын және құрылғының параметрлерін бейімдеуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Windows және Macintosh жүйелерінде Smart Panel құрылғының бағдарламалық құралын орнатқан кезде автоматты түрде орнатылады. Linux жүйесінде Smart Panel бағдарламасын Samsung веб-торабынан жүктеуге болады (34-беттегі "Smart Panel орнату" бөлімін қараңыз).



-  Бұл бағдарламаны пайдалану үшін компьютеріңіз төмендегідей жүйе талаптарына сай болуы қажет:
- Windows. Компьютердің орталық процессоры, жедел жаттайтын құрылғысы мен қатты дискісі техникалық сипаттамаға сай немесе одан жоғары екендігін тексеріңіз (31-беттегі "Жүйелік талаптар" бөлімін қараңыз).
  - Mac OS X 10.3 немесе одан кейінгі нұсқасы. Компьютердің орталық процессоры, жедел жаттайтын құрылғысы мен қатты дискісі техникалық сипаттамаға сай немесе одан жоғары екендігін тексеріңіз (31-беттегі "Жүйелік талаптар" бөлімін қараңыз).
  - Linux. Компьютердің орталық процессоры, жедел жаттайтын құрылғысы мен қатты дискісі техникалық сипаттамаға сай немесе одан жоғары екендігін тексеріңіз (31-беттегі "Жүйелік талаптар" бөлімін қараңыз).
  - HTML анықтамасындағы флеш-анимация үшін Internet Explorer 5.0 немесе одан кейінгі нұсқасы.

Егер құрылғының нақты үлгі номерін білуіңіз қажет болса, жинақпен берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін тексеруіңізге болады.

## Smart Panel бағдарламасын түсіну

Басып шығару барысында қате орын алса, қатені Smart Panel бағдарламасынан тексеруіңізге болады.

Сондай-ақ, Smart Panel бағдарламасын қолмен ашуыңызға болады. Windows тапсырмалар тақтасындағы (Windows жүйесінде) немесе хабарландыру аймағындағы (Linux жүйесіндегі) Smart Panel белгішесін екі рет басыңыз.

Windows		Windows жүйесінде осы белгішені екі рет басыңыз.
Linux		Linux жүйесінде осы белгішені басыңыз.

Не болмаса, егер сіз Windows пайдаланушысы болсаңыз, оны **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар > Samsung принтерлері > принтер драйвері атауы > Smart Panel** тармағын таңдау арқылы ашуыңызға болады.

- Егер бірнеше Samsung құрылғысын орнатып қойған болсаңыз, тиісті Smart Panel бағдарламасына қол жеткізу үшін, алдымен керекті құрылғы үлгісін таңдаңыз.  
Оң жақ түймешігін (Windows немесе Linux жүйесінде) Smart Panel белгішесіне нұқып, құрылғыңызды таңдаңыз.
- Қолданыстағы құрылғы мен амалдық жүйенің түріне қарай, осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген Smart Panel терезесі мен оның мазмұны басқаша болуы мүмкін.

Mac OS 10.3 болған жағдайда

1. **System Preferences** бөлімінде **Print & Fax** тармағын таңдаңыз.
2. **Set up Printers...** түймешігін басыңыз.
3. Тізімде принтерді таңдаңыз және екі рет басыңыз.
4. **Utility** түймесін басыңыз.

Mac OS 10,4 болған жағдайда

1. **System Preferences** бөлімінде **Print & Fax** тармағын таңдаңыз.
2. Тізімде принтерді таңдаңыз және **Printer Queue...** түймешігін басыңыз.
3. **Utility** түймесін басыңыз.

Mac OS 10,5 болған жағдайда


1. **System Preferences** бөлімінде **Print & Fax** тармағын таңдаңыз.
2. Тізімде принтерді таңдаңыз және **Open Printer Queue...** түймешігін басыңыз.
3. **Utility** түймесін басыңыз.



Mac OS 10,6 болған жағдайда

1. **System Preferences** бөлімінде **Print & Fax** тармағын таңдаңыз.
2. Тізімде принтерді таңдаңыз және **Open Printer Queue...** түймешігін басыңыз.
3. **Printer Setup** түймесін басыңыз.
4. **Utility** түймесін басыңыз.

## 5. Open Printer Utility түймесін басыңыз.

Smart Panel бағдарламасы құрылғының ағымдағы күйін, тонер картридж(дер)інде қалған тонердің шамаланған деңгейін және ақпараттың әртүрлі басқа түрлерін көрсетеді. Сондай-ақ, параметрлерді өзгертуіңізге болады.



1	<b>Тонер деңгейі</b>	Тонер картридж(дер)інде қалған тонер деңгейін қараңыз. Жоғарыда көрсетілген құрылғы мен тонер картридждерінің саны қолдаыстағы құрылғыға қарай басқаша болуы мүмкін. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.
2	<b>Купить</b>	Тонер картридж(дер)ін алмастыруға желіде тапсырыс беріңіз.
3	<b>Руководство пользователя</b>	Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.  Қате пайда болғанда, бұл түйме <b>Рук. по устр. неполадок</b> болып өзгереді. Пайдаланушы нұсқаулығындағы ақаулықтарды жою бөлімін тікелей ашуыңызға болады.
4	<b>Настройки принтера</b>	Құрылғының әр түрлі параметрлерін Printer Settings Utility терезесінде реттеңіз. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.  Егер құрылғыны желіге қоссаңыз, Printer Settings Utility терезесінің орнына SyncThru™ Web Service терезесі пайда болады.
5	<b>Настройки драйвера</b>	Құрылғының барлық қажетті опцияларын <b>Басып шығару теңшелімдері</b> терезесінде орнатыңыз. Бұл мүмкіндікті тек Windows жүйесінде қолдануға болады (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

## Smart Panel бағдарламасының параметрлерін өзгерту

Smart Panel белгішесінде оң жақ түймешікті (Windows немесе Linux жүйесінде) нұқып, **Options** таңдаңыз. Керекті параметрлерді **Параметры** терезесінде таңдаңыз.

## Unified Linux Driver Configurator пайдалану

Unified Driver Configurator — негізінен құрылғылардың параметрлерін реттеуге арналған құрал. Unified Driver Configurator құралын пайдалану үшін, Unified Linux Driver орнатуыңыз қажет (34-беттегі "Unified Linux Driver орнату" бөлімін қараңыз).


Драйвер Linux жүйесіне орнатылғаннан кейін, жұмыс үстелінде автоматты түрде Unified Driver Configurator белгішесі автоматты түрде жасалады.

## Unified Driver Configurator ашу


1. Жұмыс үстеліндегі **Unified Driver Configurator** белгішесін екі рет басыңыз.

Сондай-ақ, **Startup** мәзірінің белгішесін басып, **Samsung Unified Driver > Unified Driver Configurator** тармағын таңдауыңызға болады.

2. Тиісті конфигурация терезесіне ауысу үшін, сол жақтағы әрбір түймені басыңыз.



- 1 Принтерлер конфигурациясы
- 2 Порттар конфигурациясы

 Экрандағы анықтаманы пайдалану үшін, **Help** түймесін басыңыз.


3. Конфигурацияларды өзгерткеннен кейін, Unified Driver Configurator құралын жабу үшін, **Exit** түймесін басыңыз.

## Printers configuration терезесі

**Printers configuration** терезесінде екі қойынды бар: **Printers** және **Classes**.

### Printers қойындысы

Ағымдағы жүйенің принтер конфигурациясын көру үшін, Unified Driver Configurator терезесінің сол жағындағы құрылғы белгішесі түймесін басыңыз.




- 1 **Printers configuration** терезесіне ауысады.
- 2 Орнатылған құрылғылардың барлығын көрсетеді.
- 3 Құрылғының күйін, үлгі атауы мен URI мекенжайын көрсетеді.

Принтерді басқару түймелері төмендегідей:

- **Refresh:** Қолдануға болатын құрылғылар тізімін жаңартады.
- **Add Printer:** Жаңа құрылғылар қосуға мүмкіндік береді.
- **Remove Printer:** Таңдалған құрылғыны жояды.
- **Set as Default:** Ағымағы таңдалған құрылғыны әдепкі құрылғы етіп орнатады.
- **Stop/Start:** Құрылғыны тоқтатады/қосады.
- **Test:** Құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін, сынақ парағын басып шығаруға мүмкіндік береді.
- **Properties:** Принтердің сипаттарын көруге және өзгертуге мүмкіндік береді.

## Classes қойындысы


«Classes» қойындысында қолдануға болатын құрылғы сыныптарының тізімі көрсетіледі.



- |   |  |
|---|--|
| 1 | Құрылғы сыныптарының барлығын көрсетеді.                   |
| 2 | Сыныптың күйі мен сыныптағы құрылғылардың санын көрсетеді. |
- **Refresh:** Сыныптар тізімін жаңартады.
  - **Add Class:** Жаңа құрылғылар сыныбын қосуға мүмкіндік береді.
  - **Remove Class:** Таңдалған құрылғы сыныбын жояды.

## Порттар конфигурациясы

Бұл терезеде, қолдануға болатын порттардың тізімін көруіңізге, әрбір порттың күйін тексеруіңізге және иесі тапсырманы қандай да бір себеппен тоқтатқан кезде бос емес күйде қатып тұрып қалған портты босатуға мүмкіндік береді.



- |   |   |
|---|---|
| 1 | <b>Ports configuration</b> терезесіне ауысады.            |
| 2 | Қолдануға болатын порттардың барлығын көрсетеді.          |
| 3 | Порт түрін, портқа жалғанған құрылғы мен күйін көрсетеді. |
- **Refresh:** Қолдануға болатын порттар тізімін жаңартады.
  - **Release port:** Таңдалған портты босатады.

# Қызмет көрсету

Бұл тарауда құрылғы мен тонер картриджіне қызмет көрсету туралы ақпарат берілген.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Құрылғы есебін басып шығару
- Құрылғыны тазалау

## Құрылғы есебін басып шығару

Ағымдағы принтер параметрлерін көру немесе принтер ақауларын жою үшін конфигурациялық бетті басып шығаруыңызға болады.

Дайын режимінде **Болдырмау** (⊙) түймесін 5 секундтай басып, одан кейін жіберіңіз.

Конфигурациялық бет басылып шығады.

## Құрылғыны тазалау

Егер басып шығару ақаулары орын алса немесе құрылғыны лас ортада пайдаланатын болсаңыз, ең оңтайлы басып шығару сапасын сақтау үшін құрылғыны ұдайы тазалап тұрыңыз.



- Құрылғының корпусын құрамында спирт, еріткіш немесе қатты бөлшектері бар тазартқыш құралдармен тазалау корпусың түсін оңдырып, корпусың қалпын бүлдіруі мүмкін.
- Егер құрылғы немесе айналасы бояғыш ұнтақпен ластанған болса, суланған шүберек немесе матаны пайдалануыңызды ұсынамыз. Егер шаңсорғышты пайдаланатын болсаңыз, бояғыш ұнтақ ауаға ұшып, тыныс алуға қауіпті болуы мүмкін.


## Сыртын тазалау

Құрылғы корпусын жұмсақ, талшықсыз шүберекпен тазалаңыз. Шүберекпен мұқият сулаңыз, бірақ құрылғы сыртына немесе ішіне судың кіріп кетпеуіне сақ болыңыз.

## Ішкі бөлігін тазалау


Басып шығару кезінде қағаз, бояғыш ұнтақ және шаң бөлшектері құрылғының ішіне жиналуы мүмкін. Бұл бояғыш ұнтақ іздері немесе жағылуы сияқты басып шығару сапасы ақауларын тудыруы мүмкін. Құрылғының ішін тазалау бұл мәселелерді жояды немесе азайтады.

1. Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз.
2. Ашу түймесін басыңыз, алдыңғы қақпақты толығымен ашыңыз.




- Тонер картриджін сақтау
- Құрылғыны жылжыту және сақтау бойынша кеңестер


3. Тонер картриджіндегі тұтқадан ұстап, картриджді құрылғыдан шығару үшін өзіңізге қарай тартыңыз.



4. Пайдаланылған тонер контейнерін тұтқасын пайдалану арқылы құрылғыдан шығарыңыз.



5. Бейнелеу құрылғысын оның алдыңғы жағындағы науаны пайдалану арқылы құрылғыдан шығарып алыңыз.








- Бейнелеу құрылғысында орналасқан барабанның жасыл бетін ұстамаңыз. Бұл аумаққа тимеу үшін бейнелеу құрылғысындағы тұтқаны пайдаланыңыз.
- Бейнелеу құрылғысының бетіне сызат түспеуін қадағалаңыз.
- Егер алдыңғы қақпақты бірнеше минуттан астам уақытқа ашық қалдырсаңыз, бейнелеу құрылғысына жарық түсуі мүмкін. Бұл - бейнелеу құрылғысын зақымдауы мүмкін. Қандай да бір себеппен орнату тоқтатылатын болса, алдыңғы қақпақты жабыңыз.

6. Құрғақ талшықсыз шүберекпен тонер картриджінен және оның ойыс тұстарынан шаң мен төгілген картриджді сүртіңіз.




Тазартқаннан кейін құрылғыны толығымен кептіріңіз.




- Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және оны суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.
- Егер құрылғы немесе оның айналасы бояғыш ұнтақпен ластанған болса, дымқыл шүберек немесе матаны пайдалануды ұсынамыз. Егер шаңсорғышты пайдаланатын болсаңыз, бояғыш ұнтақ ауаға таралып, сізге қауіпті болуы мүмкін.


7. Бейнелеу құрылғысының алдыңғы жағындағы науаны ұстап тұрып, оны құрылғыға салыңыз.



8. Пайдаланылған тонер контейнерін орнына дәлдеп, дұрыс орныққанына көз жеткізу үшін итеріңіз.



9. Тонер картриджін құрылғыға қайта енгізіңіз.



10. Барлық бөліктерді құрылғыға қайта орнатып, алдыңғы қақпақты жабыңыз.



Егер алдыңғы қақпақ толық жабылмаса, құрылғы жұмыс істемейді.

11. Қуат шнурын қосыңыз да, құрылғыны іске қосыңыз.

## Тонер картриджін сақтау

### Тонер картриджін сақтау

Тонер картриджіне жарыққа, температураға және ылғалдылыққа сезімтал құрамдастар кіреді. Samsung компаниясы жақсы өнімділік, жоғары сапа мен жаңа Samsung тонер картриджінің ұзақ мерзім пайдаланылуына қол жеткізу үшін нұсқауларды орындаңыз.

Бұл картриджді принтер сияқты ішінде пайдаланатын ортаға сақтаңыз; бұл басқарылатын кеңсе температурасы мен ылғалдылық талаптарында болуы тиіс. Тонер картридж орнатуға дейін бастапқы, ашылмаған орамда ұсталуы тиіс – Егер бастапқы орамы болмаса, картридждің жоғарғы қақпағын қағазбен жауып, қараңғы бөлмеде сақтаңыз.

Картридж орамын пайдалануға дейін ашу оның пайдалы жұмыс мерзімін айтарлықтай қысқартады. Еденге сақтамаңыз. Егер тонер картридж принтерден алынып тасталса, картриджді келесі нұсқауларға сәйкес сақтаңыз:

- Бастапқы орамның қорғаныш қабында.
- Құрылғы ішінде орналастырғандай бетін жоғары қаратып көлденеңінен (тігінен емес) сақтаңыз.

- Шығыс материалдарды келесі талаптарда сақтауға болмайды:
  - 40°C деңгейінен жоғары температурада.
  - 20 % деңгейінен төмен және 80 % деңгейінен жоғары ылғалдылық деңгейі.
  - Ылғалдылық пен температураның күрт өзгерістеріне ие орта.
  - Тікелей күн көзі мен бөлме жарығында.
  - Шаң жерлерде.
  - Ұзақ уақыт бойы автокөлікте.
  - Улы газды орталарда.
  - Тұзды ауалы орталарда.

## Пайдалану нұсқаулары

- Картриджені фотоөткізгіш барабанның бетін ұстамаңыз.
- Картриджені қажетсіз вибрациялар немесе соққы әсеріне қалдырмаңыз.
- Барабанды ешқашан әсіресе кері бағытта қолмен айналдырмаңыз, бұл ішкі зиян мен тонердің төгілуіне алып келуі мүмкін.

## Samsung компаниясы шығармаған және қайта құйылған тонер картриджін пайдалану

Samsung Electronics компаниясы принтеріңіз үшін Samsung брендіне жатпайтын тонер картридждерін, соның ішінде жалпы, сауда желісі маркалы, қайта құйылған немесе қайта дайындалған тонер картридждерін пайдалануды ұсынбайды немесе мақұлдамайды.



Samsung компаниясының принтерінің кепілдігі қайта құйылған, қайта дайындалған немесе немесе Samsung брендіне жатпайтын тонер картриджін пайдаланудан туындаған құрылғының зақымдалуына қолданылмайды.

## Картридждің болжамды қызмет мерзімі

Картриджің болжамды қызмет мерзімінің (тонер картриджінің болжамды пайдалы қызмет мерзімі) басып шығару тапсырмасының қажет ететін тонер көлеміне байланысты болады. Нақты басып шығару өнімділігі беттердің баспа тығыздығына, жұмыс істеу ортасына, басып шығару уақыт аралығына, медиа түріне және/немесе медиа өлшеміне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, егер көптеген графиканы басып шығаратын болсаңыз, тонер көп жұмсалады және картриджерді жиірек ауыстыру қажет болуы мүмкін.

## Құрылғыны жылжыту және сақтау бойынша кеңестер

- Құрылғыны жылжыту кезінде қисайтуға немесе аударуға болмайды. Әйтпесе құрылғының іші ластанып, бұл құрылғыға зиян келтіруі немесе басып шығару сапасын төмендетуі мүмкін.
- Құрылғыны тасымалдағанда, кемінде екі адам оны мықты ұстауы керек.

# Ақаулықтарды жою


Бұл қате кездестірсеңіз не істеу керектігі туралы пайдалы ақпарат береді.

Бұл тарау мыналарды қамтиды:


- Тонерді қайта тарату
- Қағаздың кептелуін болдырмау бойынша кеңестер

## Тонерді қайта тарату


Түрлі-түсті тонер картридждерінің бірінде тонер аз болғанда тонер түстерінің қате араластырылуы себепті түрлі-түсті кескіндердің сәйкес емес түстерде басып шығарылуы мүмкін. Басып шығару сапасын тонерді шайқап тарату арқылы уақытқа жақсарта аласыз.

 Компьютер экранына Smart Panel бағдарламасының терезесі шығып, қай картридждің тонері аз екенін ескертеді (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).

1. Ашу түймесін басыңыз, алдыңғы қақпақты толығымен ашыңыз.





2. Тонер картриджіндегі тұтқадан ұстап, картриджді құрылғыдан шығару үшін өзіңізге қарай тартыңыз.




- Кептелген қағаздарды алып тастау
- Басқа мәселелерді шешу

3. Тонердің тегіс таралуы үшін тонер картриджінің екі тұтқасынан да ұстап тұрып, екі жаққа мұқият шайқаңыз.




 Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және оны суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.

4. Тонер картриджін құрылғыға қайта енгізіңіз.



5. Алдыңғы қақпақты жабыңыз. Қақпақтың дұрыс жабылуын қадағалаңыз.


 Егер алдыңғы қақпақ толық жабылмаса, құрылғы жұмыс істемейді.

## Қағаздың кептелуін болдырмау бойынша кеңестер

Дұрыс материал түрлерін таңдау арқылы қағаз кептелулерінің көпшілігін болдырмауға болады. Қағаз кептелуі орын алса, төмендегі нұсқауларды қараңыз (84-беттегі "Кептелген қағаздарды алып тастау" бөлімін қараңыз).

- 58-беттегі "Науа өлшемін өзгерту" бөліміндегі процедураларды орындаңыз. Лайықталатын бағыттауыштар дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Науаны шамадан тыс жүктемеңіз. Қағаз деңгейі науаның ішіндегі қағаз сыйымдылығы белгісінен төмен болуы керек.
- Құрылғы басып шығарып жатқанда науадан қағазды алмаңыз.
- Қағазды салмастан бұрын бүгіп, желдетіп және туралап жіберіңіз.
- Қыртысталған, дымқыл немесе қатты бұралған қағазды пайдаланбаңыз.
- Науада қағаз түрлерін араластырмаңыз.
- Тек ұсынылған баспа құралдарын пайдаланыңыз (64-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату" бөлімін қараңыз).
- Баспа құралының ұсынылған жағы науа жаққа қарап тұруы керек.


## Кептелген қағаздарды алып тастау

 Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды жай және мұқият тартыңыз. Кептелуді кетіру үшін төмендегі бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.


Қағаз кептелуі орын алса, басқару тақтасындағы жырық диодты күй көрсеткіші қызғылт сары болып жанады. Кептелген қағазды тауып, алып тастаңыз.

Қағаз берілетін жерде қағаз кептеліп қалса, оны босату үшін келесі қадамдарды орындаңыз.


### Науада

 Кептелуді кетіру туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

1. Алдыңғы қақпақты ашып, қайта жабыңыз. Кептелген қағаз құрылғыдан автоматты түрде шығарылады. Егер қағаз шығарылмаса, келесі қадамға өтіңіз.
2. Науаны алып тастаңыз.




3. Кептелген қағазды оны жайлап тартып шығарыңыз.




Егер қағаз тартқанда шықпаса немесе бұл аумақта қағаз болмаса, тонер картриджінің айналасындағы термофиксатор аумағын қараңыз (84-беттегі "Құрылғының ішінде" бөлімін қараңыз).


4. Науаны орнына орныққанша енгізіңіз. Басып шығару автоматты түрде жалғастырылады.

### Құрылғының ішінде


 Кептелуді кетіру туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

 Термофиксатор аумағы ыстық. Саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін бұл аумақтан қағазды шығарғанда абай болыңыз.

1. Алдыңғы қақпақты ашып, қайта жабыңыз. Кептелген қағаз құрылғыдан автоматты түрде шығарылады. Егер қағаз шығарылмаса, келесі қадамға өтіңіз.
2. Кептелген қағазды алып тастау үшін, артқы қақпақты ашыңыз.



3. Кептелген қағазды төменде көрсетілген бағытта байқап суырып алыңыз. Кептелген қағаздардың көбісін осы қадамда алып тастауға болады.



**!** Ішкі қақпақтың ішіндегі термофиксаторды ұстамаңыз. Ол ыстық және күйіп қалуыңыз мүмкін. Саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін бұл аумақтан қағазды шығарғанда абай болыңыз.


Егер қағаз тартқанда шықпаса немесе бұл аумақта қағаз болмаса, қағаз шығатын жерді қараңыз (85-беттегі "Қағаз шығатын жерде" бөлімін қараңыз).

4. Артқы қақпақты жабыңыз. Мықты жабылғанына сенімді болыңыз. Басып шығару автоматты түрде жалғастырылады.

### Қағаз шығатын жерде


- Кептелуді кетіру туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.
- Термофиксатор аумағы ыстық. Саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін бұл аумақтан қағазды шығарғанда абай болыңыз.

1. Қағазды шығыс науасынан жайлап тартып шығарыңыз.




Кептелген қағаз көрінбесе немесе тартқанда кедергі болса, істі тоқтатып, келесі қадамды орындаңыз.

2. Кептелген қағазды алып тастау үшін, артқы қақпақты ашыңыз.




3. Қағазды төменде көрсетілген бағытта байқап суырып алып тастаңыз. Кептелген қағаздардың көбісін осы қадамда алып тастауға болады.



Кептелген қағаз табылмаса немесе қағазды алып тастауға кедергілер пайда болса, келесі қадамды орындаңыз.


Қағаз жыртылып қалса, құрылғыдан қағаздың барлық бөлігі алынып тасталғанына сенімді болыңыз.

4. Термофиксатор тетіктерін жоғары қарай итеріңіз.





Термофиксатор аумағы ыстық. Құрылғыдан қағазды байқап алыңыз.

5. Жоғарғы қақпақ пен ішкі қақпақты ашыңыз.




6. Ішкі қақпақты ашып тұрып, кептелген қағазды құрылғыдан абайлап алыңыз. Ішкі қақпақ автоматты түрде жабылады.




-  Ішкі қақпақтың ішіндегі термофиксаторды ұстамаңыз. Ол ыстық және күйіп қалуыңыз мүмкін. Саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін бұл аумақтан қағазды шығарғанда абай болыңыз.

7. Жоғарғы қақпақты жабыңыз. Мықты жабылғанына сенімді болыңыз.



8. Термофиксатор тетіктерін төмен қарай итеріңіз.



9. Басып шығаруды жалғастыру үшін, артқы немесе алдыңғы қақпақты ашып, қайта жабыңыз.


## Басқа мәселелерді шешу

Мына диаграммада орын алуы мүмкін кейбір мәселелі жағдайлар және ұсынылатын шешімдер тізілген. Қатені жойғанша ұсынылған шешімдерді орындаңыз. Егер қате қайталана берсе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.

Басқа қателер мыналар:

- 86-беттегі "Жүйе ақаулары" қараңыз.
- 87-беттегі "Қуат мәселелері" қараңыз.
- 87-беттегі "Қағазды беру қателері" қараңыз.
- 88-беттегі "Басып шығару мәселелері" қараңыз.
- 90-беттегі "Басып шығару сапасы мәселелері" қараңыз.
- 93-беттегі "Жалпы Windows мәселелері" қараңыз.
- 93-беттегі "Жалпы Linux мәселелері" қараңыз.
- 94-беттегі "Жалпы Macintosh мәселелері" қараңыз.




## Жүйе ақаулары

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<b>Қызыл қате шамы жанып тұр.</b>	<p>Құрылғыны қосыңыз/өшіріңіз. Егер қате қайталана берсе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз (103-беттегі "Contact SAMSUNG worldwide" бөлімін қараңыз).</p> <p> Құрылғының LSU қатесі немесе термофиксатор қатесі сияқты қызметті қажет ететін ақауы бар.</p>

## Қуат мәселелері



Қуат мәселелері туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

Күй	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы электр тогын алмайды немесе компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелі дұрыстап жалғанбаған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қуат сымын қосыңыз және басқару тақтасында <b>Қуат</b> (⏻) түймесін басыңыз.</li> </ul>  <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз. <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Жергілікті басып шығару үшін</b></li> </ul>  <ul style="list-style-type: none"> <li>Желі үшін (тек қана <b>CLP-320N(Қ)/ CLP-321N/CLP-325W(Қ)/ CLP-326W</b>)</li> </ul>  </li> </ul>

## Қағазды беру қателері

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<b>Басып шығару кезіндегі қағаз кептелістері.</b>	Қағаз кептелісін кетіріңіз (84-беттегі "Кептелген қағаздарды алып тастау" бөлімін қараңыз).
<b>Қағаз бір біріне жабысып қалады.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Науаның ең жоғары қағаз сыйымдылығын тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Дұрыс қағаз түрін пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағазды науадан шығарыңыз және бүгіңіз немесе желдетіңіз.</li> <li>Ылғалды жағдайлар кейбір қағаздарды бір біріне жабыстыруы мүмкін. Жаңа жиынмен ауыстырыңыз.</li> </ul>
<b>Қағаздың бірнеше парағы берілмейді.</b>	Науада қағаздың әр түрлі түрлері салынған болуы мүмкін. Тек түрі, өлшемі және салмағы бірдей қағазды салыңыз.
<b>Қағаз құрылғыға берілмейді.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғы ішінен барлық кедергілерді алып тастаңыз.</li> <li>Қағаз дұрыс салынбаған. Қағазды науадан алып тастап, қайтадан дұрыстап салыңыз.</li> <li>Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз.</li> <li>Қағаз тым қалың. Тек құрылғы спецификацияларына сәйкес қағазды пайдаланыңыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<b>Қағаз кептеле береді.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз.</li> <li>Пайдаланылып жатқан қағаз түрі дұрыс емес. Тек құрылғы спецификацияларына сәйкес қағазды пайдаланыңыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Құрылғы ішінде кір болуы мүмкін. Алдыңғы қақпақты ашыр, барлық кірден тазалаңыз.</li> </ul>
<b>Қағаз шыққанда диапозитивтер бірге жабысып қалады.</b>	Тек лазерлік принтерлер үшін арнайы жасалған диапозитивтерді пайдаланыңыз. Құрылғыдан шыққан әр диапозитивті алып отырыңыз.
<b>Конверттер қисық шығады немесе дұрыс берілмейді.</b>	Конверттердің екі жағында да қағаз бағыттауыштарының болуын қамтамасыз етіңіз.

## Басып шығару мәселелері

Күй	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
<b>Құрылғы басып шығармайды.</b>	Құрылғы электр тоғын алмайды.	Қуат сымының қосылымдарын тексеріңіз.
	Құрылғы әдепкі құрылғы ретінде таңдалмаған.	Құрылғыны Windows жүйесінде әдепкі құрылғы ретінде таңдаңыз.
<p>Құрылғыда келесіні тексеріңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы қақпақ жабылмаған. Алдыңғы қақпақты жабыңыз.</li> <li>Қағаз кептелген. Қағаз кептелісін кетіріңіз (84-беттегі "Кептелген қағаздарды алып тастау" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаз салынбаған. Қағаз салыңыз (59-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).</li> <li>Тонер картриджі орнатылмаған. Тонер картриджін орнатыңыз.</li> </ul> <p>Егер жүйелік қате орын алса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</p>		
Компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелі дұрыстап қосылмаған.	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз.	
Компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелінде ақаулық бар.	Мүмкін болса, кабельді дұрыс істеп тұрған басқа компьютерге қосыңыз және тапсырманы басып шығарыңыз. Сондай-ақ, басқа құрылғы кабелін пайдаланып көруге болады.	
Порт параметрі дұрыс емес.	Windows принтер параметрін тексеріп, басып шығару тапсырмасы дұрыс портқа жіберілетінін тексеріңіз. Егер компьютерде бірнеше порт болса, құрылғының дұрыс портқа қосылғанын тексеріңіз.	
Құрылғы дұрыс теңшелмеген болуы мүмкін.	Барлық басып шығару теңшелімдері дұрыс екенін тексеру үшін <b>Басып шығару теңшелімдері</b> қараңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).	
Принтер драйвері дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Құрылғы бағдарламасын жөндеңіз (32-беттегі "USB қосылған құрылғының драйверін орнату", 40-беттегі "Құрылғының драйверіне қосылған желіні орнату" бөлімін қараңыз).	
Құрылғы дұрыс емес жұмыс істеп жатыр.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Басқару тақтасының көрсеткіштерінде құрылғы жүйелік қатені көрсетіп тұрмағанын тексеріңіз. Егер қатені жою алмасаңыз, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> <li>Қате туралы хабарды компьютердегі Smart Panel ішінен де тексеруге болады (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).</li> </ul>	

Күй	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
	Құжаттың өлшемі тым үлкен, компьютердің қатты дискіндегі кеңістік басып шығару тапсырмасына қатынасу үшін жеткіліксіз.	Компьютерде кезеке қою үшін қосымша қатты диск кеңістігін бөліп, басып шығару әрекетін жасаңыз.
	Шығыс науасы толған.	Ол 80-ге дейін (80 г/м <sup>2</sup> ) жай қағаз парақтарын ұстай алады. Шығыс науасынан қағазды алғанда, құрылғы басып шығаруды жалғастырады.
	Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланылған болса, басып шығару жылдамдығы азаюы мүмкін немесе құрылғы салқындау үшін тоқтауы мүмкін.	Құрылғы суығанша күтіңіз. Құрылғы салқындаған соң, басып шығару автоматты түрде жалғасады.
<b>Құрылғы басып шығару материалдарын дұрыс емес қағаз көзінен таңдайды.</b>	<b>Басып шығару теңшелімдері</b> ішінде таңдалған қағаз дұрыс емес болуы мүмкін.	Көп бағдарламаларда қағаз көзін таңдауды <b>Басып шығару теңшелімдері</b> ішіндегі «Қағаз» қойындысында табуға болады. Дұрыс қағаз көзін таңдаңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
<b>Басып шығару тапсырмасы өте баяу.</b>	Тапсырма тым күрделі болуы мүмкін.	Беттің күрделілігін азайтыңыз немесе басып шығару сапасы параметрлерін лайықтап көріңіз.
<b>Беттің жартысы бос.</b>	Бет бағдары параметрі дұрыс емес болуы мүмкін.	Бағдарламада бет бағдарын өзгертіңіз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз.
	Қағаз өлшемі және қағаз өлшемінің параметрлері сәйкес емес.	Принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін науадағы қағазға сәйкес етіңіз немесе принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін пайдаланатын бағдарламадағы параметрлерде таңдалған қағазға сәйкес етіңіз.










Күй	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
<b>Құрылғы басып шығарады, бірақ мәтін дұрыс емес, бұзылған немесе толық емес.</b>	Құрылғы кабелі бос немесе оның ақаулығы бар.	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз. Сәтті басып шығарған басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Мүмкін болса, кабельді және құрылғыны жұмыс істейтінін білетін басқа компьютерге қосыңыз және басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Аяғында, жаңа құрылғы кабелін пайдаланып көріңіз.
	Дұрыс емес принтер драйвері таңдалған.	Бағдарламаның принтерлерін таңдау мәзірінде осы құрылғы таңдалғанын тексеріңіз.
	Бағдарлама дұрыс жұмыс істемей жатыр.	Тапсырманы басқа бағдарламада басып шығару әрекетін жасаңыз.
	Амалдық жүйе дұрыс жұмыс істемей жатыр.	Windows жүйесінен шығыңыз және компьютерді қайта іске қосыңыз. Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.
	DOS ортасында болсаңыз, құрылғының қаріп параметрі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	56-беттегі "Қаріп параметрін өзгерту (тек қана CLP-320N(K)/CLP-321N/CLP-325W(K)/ / CLP-326W)" бөлімін қараңыз.
<b>Беттер басып шығарылады, бірақ олар бос.</b>	Тонер картриджінде ақаулық бар немесе тонер біткен.	Қажет болса, тонерді шайқаңыз. Қажет жағдайда тонер картриджін алмастырыңыз.
	Файлда бос беттер болуы мүмкін.	Файлда бос беттер жоқ екенін тексеріңіз.
	Контроллер немесе тақта сияқты кейбір бөліктерде ақаулық болуы мүмкін.	Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<b>Құрылғы PDF файлын дұрыс басып шығармайды. Кейбір сызбалықтар, мәтін немесе суреттер жоқ.</b>	PDF файлы мен Acrobat өнімдерінің арасында сыйысымдылық жоқ.	PDF файлды сурет ретінде басып шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Acrobat басып шығару параметрлерінде <b>Сурет ретінде басып шығару</b> параметрін қосыңыз.  PDF файлды сурет ретінде басып шығару көбірек уақыт алады.
<b>Суреттердің басып шығару сапасы жақсы емес. Суреттер анық емес.</b>	Суреттің ажыратымдылығы тым төмен.	Суреттің өлшемін азайтыңыз. Бағдарламада суреттің өлшемін үлкейтсеңіз, ажыратымдылық азаяды.

Күй	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
<b>Басып шығару алдында құрылғы шығыс науасының жанынан бу шығарады.</b>	Дымқыл қағазды пайдаланғанда басып шығару кезінде бу шығуы мүмкін.	Бұл мәселе емес. Жай басып шығаруды жалғастырыңыз.
<b>Құрылғы есеп-шот қағазы сияқты арнайы өлшемді қағазды басып шығармайды.</b>	Қағаз өлшемі және қағаз өлшемінің параметрі сәйкес емес.	<b>Басып шығару теңшелімдері</b> ішіндегі <b>Бумага</b> қойындысының <b>Правка...</b> бөлімінде дұрыс қағаз түрін орнатыңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
<b>Басып шығарылған есеп-шот қағазы оралып қалған.</b>	Қағаз түрі сәйкеспейді.	Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. <b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіп, <b>Бумага</b> қойындысын басыңыз және түрді <b>Толстая</b> деп орнатыңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
<b>Басып шығарылған қағазы оралып қалған.</b>	Қағаздың оралып қалуы температура ылғалдылығы, қағаз түрі, қамтылуы жоғары басып шығару, т.с.с. әр түрлі факторларға байланысты орын алады.	<b>Снизить сворачив. бумаги</b> параметрін пайдаланыңыз. <b>Басып шығару теңшелімдері</b> параметріне өтіп, (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" қараңыз), <b>Дополнительно</b> қойындысын таңдаңыз, одан кейін <b>Снизить сворачив. бумаги</b> құсбелгісін қойыңыз. Бұл параметр қағаз оралуының деңгейін төмендететін орта факторларын оңтайландырады.





## Басып шығару сапасы мәселелері





Құрылғының іші кір болса немесе қағаз дұрыстап салынбаған болса, басып шығару сапасының төмендегенін байқауыңыз мүмкін. Мәселені кетіру үшін төмендегі кестені қараңыз.



Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Ашық немесе көлеңкеленген басып шығару</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бетте тік ақ жолақ немесе көлеңкеленген аумақ пайда болса, тонер мөлшері төмен. Тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімін уақытша арттыра аласыз (83-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз). Бұл басып шығару сапасын жақсартпаса, жаңа тонер картриджін орнатыңыз.</li> <li>Қағаз қағаз спецификациясына сай емес болуы мүмкін; мысалы, қағаз тым дымқыл немесе аса қатқыл болуы мүмкін (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Егер бет толығымен ашық болса, басып шығару ажыратымдылығы параметрі тым төмен болуы мүмкін. Басып шығару ажыратымдылығын лайықтаңыз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз.</li> <li>Көлеңкеленген немесе жағылған ақаулықтардың тіркесімі тонер картриджін тазалау керектігін білдіреді (80-беттегі "Ішкі бөлігін тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>Құрылғының ішіндегі LSU бөлігінің беті өте лас болуы мүмкін. Алдыңғы қақпақты бірнеше рет ашып жабу арқылы LSU тазалаңыз, ал егер ақау қайта пайда болса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Қағаздың жоғарғы жартысы қалған бөлігінен ашығырақ болып басып шығарылады</b></p> 	<p>Тонер осы қағаз түріне сай болмауы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз.</li> </ul> <p><b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіп, <b>Бумага</b> қойындысын басыңыз және қағаз түрін <b>Вторичная</b> деп орнатыңыз.</p>
<p><b>Тонер дақтары</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қағаз спецификацияға сай емес болуы мүмкін; мысалы, қағаз тым дымқыл немесе аса қатқыл болуы мүмкін (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаз жолын тазалау керек болуы мүмкін (80-беттегі "Ішкі бөлігін тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Өткізілген жерлер</b></p> 	<p>Егер бетте көлеңкеленген, әдетте дөңгелек аумақтар пайда болса.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бір қағаз парағында ақаулық болуы мүмкін. Тапсырманы қайта басып шығарып көріңіз.</li> <li>Қағаздың ылғал мөлшері біркелкі емес немесе қағаз бетінде ылғал дақтары бар. Басқа маркалы қағазды пайдаланып көріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаз жиыны нашар. Жасап шығару процесі кейбір аумақтарда тонерді қабылдамауға әкелуі мүмкін. Қағаздың басқа түрін немесе маркасын пайдаланып көріңіз.</li> <li>Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. Басып шығару сипаттарына өтіп, <b>Қағаз</b> қойындысын таңдаңыз, одан кейін түрді <b>Толстая</b> ретінде орнатыңыз (66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</li> <li>Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Ақ дақтар</b></p> 	<p>Егер бетте ақ дақтар пайда болса.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қағаз тым қатты және қағаздан құрылғының ішіндегі құралдарға көп кір түседі, бұл - тасымалдау белдігінің ластығын білдіруі мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> <li>Қағаз жолын тазалау керек болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Тік жолдар</b></p> 	<p>Бетте қара тік жолақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бейнелеу құрылғысына сызат түскен болуы мүмкін. Бейнелеу құрылғысын алып тастап, жаңасын орнатыңыз (97-беттегі "Бейнелеу құрылғысын алмастыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер бетте ақ тік жолақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішіндегі LSU бөлігінің беті өте лас болуы мүмкін. Алдыңғы қақпақты бірнеше рет ашып жабу арқылы LSU тазалаңыз, ал егер ақау қайта пайда болса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Түрлі-түсті немесе ақ-қара фон</b></p> 	<p>Өндік көлеңкелеудің мөлшері қажеттіден асса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Салмағы азырақ қағазға ауысыңыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Құрылғы ортасын тексеріңіз: өте құрғақ (ылғалдылық төмен) немесе ылғалдылық жоғары (80% салыстырмалы ылғалдылықтан аса) жағдайлары фон көлеңкесінің мөлшерін арттыруы мүмкін.</li> <li>Ескі тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul>

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Тонер жағылады</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішін тазалаңыз. 80-беттегі "Ішкі бөлігін тазалау" қараңыз.</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз. 102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз.</li> <li>Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз. 96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз.</li> </ul>
<p><b>Тік қайталама ақаулар</b></p> 	<p>Егер басып шығарылатын бетте дақтар біркелкі аралықтармен пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тонер картриджі зақымдалған болуы мүмкін. Қағазда қайталанатын белгі пайда болса, картриджді тазалау үшін тазалағыш парақты бірнеше рет басып шығарыңыз. Басып шығарғаннан кейін де бұл мәселе шешілмесе, тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>Құрылғының бөліктерінде тонер болуы мүмкін. Егер ақаулықтар беттің артында болса, мәселе тағы бірнеше беттен кейін өзі жойылуы мүмкін.</li> <li>Термофиксация жиыны зақымдалған болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Өңге шашылу</b></p> 	<p>Өңде шашылу басып шығарылатын бетте ретсіз таралған тонер бөлшектерінен пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қағаз тым ылғалды болуы мүмкін. Жаңа қағаз жиынында басып шығару әрекетін жасаңыз. Қағаз тым көп ылғалды қабылдамауы үшін қажет болмағанша қағаз бумаларын ашпаңыз.</li> <li>Өңде шашылу конвертте болса, артқы жағында қабаттасатын сызықтар бар аумақтарды басып шығаруды болдырмау үшін басып шығару орналасуын өзгертіңіз. Сызықтарда басып шығару мәселелер тудыруы мүмкін.</li> <li>Егер өңде шашылу басып шығарылатын беттің бүкіл аумағын қамтыса, бағдарлама жасақтамасының қолданбасы немесе принтер сипаттары арқылы басып шығару сапасын лайықтаңыз.</li> </ul>


Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Қалың әріптердің немесе суреттердің айналасында тонер бөлшектері бар</b></p> 	<p>Тонер осы қағаз түріне сай болмауы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз.</li> </ul> <p><b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіп, <b>Бумаға</b> қойындысын басыңыз және қағаз түрін <b>Вторичная</b> деп орнатыңыз.</p>
<p><b>Дұрыс емес пішінді таңбалар</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Егер таңбалардың пішіні дұрыс емес болса және суреттер бос болса, қағаз жиыны тым жылтыр болуы мүмкін. Басқа қағазды пайдаланып көріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p><b>Қағаз қисаяды</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаз не басқа материалдың дұрыс салынғанын және тетіктердің қағаз бумасына тым жақын не одан тым алшақ орналаспағанын тексеріңіз.</li> </ul>
<p><b>Оралу немесе толқын</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз. Қағаздың оралуын жоғары температура да, ылғалдылық та тудыруы мүмкін (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> </ul>

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Қабаттар немесе майысулар</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> </ul>
<p><b>Басып шығарылған беттердің арты лас</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тонердің ағуын тексеріңіз. Құрылғының ішін тазалаңыз (80-беттегі "Ішкі бөлігін тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p><b>Қалың түсті немесе қара беттер</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тонер картриджі дұрыстап орнатылмаған болуы мүмкін. Картриджді алып, қайта салыңыз.</li> <li>Тонер картриджінде ақау бар болып, алмастыруды қажет етуі мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>Құрылғыны жөндеу керек. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Тығыз емес тонер</b></p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішін тазалаңыз (80-беттегі "Ішкі бөлігін тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>Егер мәселе қайталана берсе, құрылғы жөндеу керек. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Таңбалар жоқ жерлер</b></p> 	<p>Таңбалар жоқ жерлер таңбалардың қалың қарамен болу керек жерлеріндегі ақ аумақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Егер диапозитивтерді пайдалансаңыз, басқа диапозитив түрін пайдаланып көріңіз. Диапозитивтердің құрылымына байланысты кейбір таңбалардың болмауы қалыпты.</li> <li>Қағаздың дұрыс емес бетінде басып шығарып жатқан болуыңыз мүмкін. Қағазды шығарып, аударыңыз.</li> <li>Қағаз қағаз спецификацияларына сай болмауы мүмкін (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p><b>Көлденең жолақтар</b></p> 	<p>Егер көлденең тураланған ақ жолақтар немесе жағылған жерлер пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тонер картриджі дұрыс емес орнатылған болуы мүмкін. Картриджді алып, қайта салыңыз.</li> <li>Тонер картриджінде ақаулық болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (102-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>Егер мәселе қайталана берсе, құрылғы жөндеу керек. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p><b>Оралу</b></p> 	<p>Егер басып шығарылған парақ оралып қалса немесе қағаз құрылғыға берілмесе:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> <li>Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. Басып шығару сипаттарына өтіп, <b>Қағаз</b> қойындысын таңдаңыз, одан кейін түрді <b>Тонкая</b> ретінде орнатыңыз. Мәлімет алу үшін 66-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз.</li> </ul>
<p><b>Келесі бірнеше парақта қайталанатын белгісіз сурет пайда болады немесе тонер тығыз болмайды, ашық басып шығарылады немесе ластану болады.</b></p>	<p>Құрылғыңыз 1 000 м немесе одан жоғары биіктікте пайдаланылып жатқан болуы мүмкін. Жоғары биіктік сұйық тонер немесе жарық бейнелену сияқты басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін. Бұл параметрді <b>Утилиты настройки принтера</b> арқылы орнатуға болады (55-беттегі "Биіктікті реттеу" бөлімін қараңыз).</p>

## Жалпы Windows мәселелері


Күй	Ұсынылатын шешімдер
Орнату кезінде «Файл пайдаланылуда» хабары шығады.	Барлық бағдарламалардан шығыңыз. Автоқосылу тобынан барлық бағдарламаларды жойыңыз, содан кейін Windows жүйесін қайта іске қосыңыз. Басып шығарғыш драйверін қайта орнатыңыз.
«General Protection Fault», «Exception OE», «Spool 32» немесе «Illegal Operation» хабары шығады.	Барлық бағдарламаларды жабыңыз, Windows жүйесін қайта іске қосыңыз және басып шығару әрекетін қайталаңыз.
«Fail To Print», «A printer timeout error occurred» хабарлары шығады.	Бұл хабарлар басып шығару кезінде шығады. Жай құрылғы басып шығаруды аяқтағанша күтіңіз. Егер хабар дайын режимде немесе басып шығару аяқталғаннан кейін пайда болса, қосылымды және/немесе қате орын алғанын тексеріңіз.

 Windows жүйесінің қате туралы хабарлы бойынша қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Microsoft Windows пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.


## Жалпы Linux мәселелері


Күй	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жүйеде принтер драйверінің орнатылғанын тексеріңіз. Unified Driver Configurator ашыңыз және бар құрылғылардың тізімін қарау үшін <b>Printers configuration</b> терезесінде <b>Printers</b> қойындысына өтіңіз. Тізімде осы құрылғы көрсетілгенін тексеріңіз. Көрсетілмесе, құрылғыны орнату үшін <b>Add new printer wizard</b> шеберін ашыңыз.</li> <li>Құрылғының қосылғанын тексеріңіз. <b>Printers configuration</b> терезесін ашып, принтерлер тізімінде осы құрылғыны таңдаңыз. <b>Selected printer</b> аумағында сипаттаманы қараңыз. Егер күйде <b>Stopped</b> жолы болса, <b>Start</b> түймесін басыңыз. Бұдан кейін құрылғының қалыпты жұмысы қалпына келуі керек. «Тоқтатылған» күйін басып шығаруда кейбір мәселелер орын алғанда белсендіруге болады. Мысалы, бұл портты сканерлеу бағдарламасы пайдаланып жатқанда құжатты басып шығару әрекеті болуы мүмкін.</li> <li>Порттың бос екенін тексеріңіз. Құрылғының функционалдық құрамдастары (принтер және сканер) бірдей кіріс/шығыс интерфейсін (портты) ортақ пайдаланғандықтан, әр түрлі пайдаланушылық бағдарламалар бір портқа бір уақытта қатынасатын жағдай болуы мүмкін. Мүмкін қайшылықтарды болдырмау үшін бір уақытта олардың біреуі ғана құрылғыны бақылайды. Басқа пайдаланушы «құрылғы бос емес» жауабын алады. Порттардың теңшелімін ашып, құрылғыға тағайындалған портты таңдау керек. <b>Selected port</b> аумағында портты басқа бағдарлама пайдаланатынын көруге болады. Егер солай болса, ағымдағы тапсырманың аяқталуын күту керек немесе ағымдағы бағдарлама дұрыс істеп жатпағанына сенімді болсаңыз <b>Release port</b> түймесін басу керек.</li> <li>Бағдарлама «-оraw» сияқты арнайы басып шығару параметрі бар-жоғын тексеріңіз. Егер пәрмен жолы параметрінде «-оraw» көрсетілген болса, дұрыс басып шығару үшін оны жойыңыз. Gimp клиентінде «print» -&gt; «Setup printer» тармағын таңдаңыз және пәрмен элементінде пәрмен жолы параметрін өңдеңіз.</li> <li>SuSE Linux 9.2 (cups-1.1.21) жүйесімен бірге таратылатын CUPS (Common Unix Printing System) нұсқасында ipp (Internet Printing Protocol) басып шығару мәселесі бар. ipp басып шығарудың орнына сокет басып шығаруын пайдаланыңыз немесе жаңарақ CUPS нұсқасын (cups-1.1.22 немесе одан жоғары) пайдаланыңыз.</li> </ul>

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Кейбір түрлі-түсті суреттер толығымен қара болып шығады.</b></p>	<p>Бұл - Ghostscript (GNU Ghostscript 7.05 нұсқасына дейінгі) белгілі қатесі, яғни құжаттың фондық түсінің кеңістігі индекстелген түс кеңістігі болып табылады және ол CIE түс кеңістігі арқылы түрленеді. Postscript түс сәйкестігінің жүйесі үшін CIE түс кеңістігін пайдаланатындықтан, жүйеңіздегі Ghostscript қолданбасын кемінде GNU Ghostscript 7.06 немесе одан кейінгі нұсқасына дейін жаңартуыңыз керек. Ең соңғы Ghostscript нұсқаларын <a href="http://www.ghostscript.com">www.ghostscript.com</a> веб-сайтынан таба аласыз.</p>
<p><b>Кейбір түрлі-түсті суреттер күтпеген түстерде басып шығарылуы мүмкін.</b></p>	<p>Бұл - Ghostscript (GNU Ghostscript 7.xx нұсқасына дейінгі) белгілі қатесі, яғни құжаттың фондық түсінің кеңістігі индекстелген RGB түс кеңістігі болып табылады және ол CIE түс кеңістігі арқылы түрленеді. Postscript түс сәйкестігінің жүйесі үшін CIE түс кеңістігін пайдаланатындықтан, жүйеңіздегі Ghostscript қолданбасын кемінде GNU Ghostscript 8.xx немесе одан кейінгі нұсқасына дейін жаңартуыңыз керек. Ең соңғы Ghostscript нұсқаларын <a href="http://www.ghostscript.com">www.ghostscript.com</a> веб-сайтынан таба аласыз.</p>
<p><b>Құрылғы бүкіл бетте басып шығармайды және шығыс беттің жартысында басып шығарылады.</b></p>	<p>Бұл Ghostscript бағдарламасының 8.51 немесе одан ескі нұсқасын, 64-bit Linux OS жүйесін пайдаланғанда орын алатын белгілі мәселе және ол туралы <a href="http://bugs.ghostscript.com">bugs.ghostscript.com</a> торабына 688252 Ghostscript қатесі ретінде есеп берілген. Мәселе AFPL Ghostscript v. 8.52 немесе одан жоғары нұсқаларда шешілген. Бұл мәселені шешу үшін AFPL Ghostscript бағдарламасының соңғы нұсқасын <a href="http://sourceforge.net/projects/ghostscript/">http://sourceforge.net/projects/ghostscript/</a> торабынан қотарыңыз және орнатыңыз.</p>
<p><b>Құжатты басып шығарғанда «Порт құрылғысының файлы ашу мүмкін емес» қатесіне кездесемін.</b></p>	<p>Басып шығару тапсырмасы орындалып жатқанда басып шығару тапсырмасының параметрлерін өзгертіңіз (мысалы, LPR GUI арқылы). CUPS серверінің белгілі нұсқалары басып шығару параметрлері өзгертілгенде басып шығару тапсырмасын үзеді, содан кейін тапсырманы басынан бастауға әрекет жасайды. Unified Linux Driver басып шығарғанда mfr портын құрсаулайтындықтан, драйверді бірден тоқтату портты құрсаулы және келе жатқан басып шығару тапсырмаларына қол жетімді емес етеді. Егер осы жағдай орын алса, <b>Release port</b> терезесінде <b>Port configuration</b> пәрменін таңдау арқылы mfr портын босатып көріңіз.</p>

 Linux жүйесінің қате туралы хабарлары туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Linux пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

## Жалпы Macintosh мәселелері

Күй	Ұсынылатын шешімдер
<p><b>Құрылғы PDF файлдарды дұрыс басып шығармайды. Сызбалықтардың, мәтіннің немесе суреттердің кейбір бөліктері жоқ.</b></p>	<p>PDF файлды сурет ретінде басып шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Acrobat басып шығару параметрлерінде <b>Сурет ретінде басып шығару</b> параметрін қосыңыз.</p> <p> PDF файлды сурет ретінде басып шығару көбірек уақыт алады.</p>
<p><b>Құжат басып шығарылды, бірақ басып шығару тапсырмасы Mac OS X 10.3.2 жүйесіндегі спулерден кеткен жоқ.</b></p>	<p>Mac OS жүйесін OS Mac OS X 10.3.3. немесе одан жоғары нұсқаға жаңартыңыз.</p>
<p><b>Мұқаба бетін басып шығарғанда кейбір әріптер дұрыс көрсетілмейді.</b></p>	<p>Mac OS жүйесі мұқабаны бетін басып шығару кезінде әріпті жасай алмайды. Мұқаба бетінде ағылшын алфавиті және сандары қалыпты көрсетіледі.</p>
<p><b>Macintosh компьютерінде Acrobat Reader 6.0 немесе одан жоғары нұсқасында құжатты басып шығарғанда түстер дұрыс емес басып шығарылады.</b></p>	<p>Құрылғыдағы ажыратымдылық параметрі Acrobat Reader бағдарламасындағы параметрге сай екенін тексеріңіз.</p>


 Macintosh компьютеріндегі қате туралы хабарлар туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Macintosh пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

# Керек-жарақтар

Осы тарауда құрылғы үшін алуға болатын жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді сатып алу туралы ақпарат беріледі.

**Бұл тарау мыналарды қамтиды:**

- Сатып алу
- Алуға болатын жабдықтар
- Қосалқы бөлшектер

 Алуға болатын керек-жарақтар әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Алуға болатын керек-жарақтардың тізімін алу үшін, сауда өкілдеріңізге хабарласыңыз.

## Сатып алу

Samsung жабдықтары, керек-жарақтары мен қосалқы бөлшектеріне тапсырыс беру үшін, құрылғыны сізге сатқан жергілікті Samsung дилеріне немесе сатушысына хабарласыңыз. Сондай-ақ, [www.samsung.com/supplies](http://www.samsung.com/supplies) торабына кіріп, еліңізді/аймағыңызды таңдап, қызмет сұрау туралы ақпарат алуыңызға болады.

## Алуға болатын жабдықтар

Жабдықтардың қызмет мерзімі аяқталғанда, құрылғы үшін жабдықтардың мынадай түрлеріне тапсырыс беруіңізге болады:

Түрі	Орташа өнімділік <sup>a</sup>	Бөлшек атауы
<b>Стандартты өнімділік тонер картриджі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Орташа ұзақтықтағы қара түсті картридж өнімділігі: 1 500 стандартты парақ (қара)</li><li>• Орташа ұзақтықтағы түрлі-түсті картридж өнімділігі: 1 000 стандартты парақ (сары/маджента/көгілдір)</li></ul>	K407(CLT-K407S): Қара C407(CLT-C407S): Көгілдір M407(CLT-M407S): Маджента Y407(CLT-Y407S): Сары <b>А аймағы<sup>b</sup></b> K4072(CLT-K4072S): Қара C4072(CLT-C4072S): Көгілдір M4072(CLT-M4072S): Маджента Y4072(CLT-Y4072S): Сары <b>В аймағы<sup>c</sup></b> K4073(CLT-K4073S): Қара C4073(CLT-C4073S): Көгілдір M4073(CLT-M4073S): Маджента Y4073(CLT-Y4073S): Сары
<b>Бейнелеу құрылғысы</b>	Шамамен 24 000 сурет <sup>d</sup>	CLT-R407
<b>Пайдаланылған тонер контейнері</b>	Шамамен 10 000 сурет <sup>d</sup>	CLT-W409

а. ISO/IEC 19798 сәйкес жарияланған өнімділік құны


- Тонер картриджін ауыстыру
- Бейнелеу құрылғысын алмастыру
- Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру


б. А аймағы: Албания, Австрия, Бельгия, Босния, Болгария, Хорватия, Кипр, Чех Республикасы, Дания, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Венгрия, Италия, Латвия, Литва, Македония, Нидерланд, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Сербия, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Швейцария және Ұлыбритания


с. В аймағы: Бангладеш, Қытай, Үндістан және Непал

д. Суреттер әр беттегі бір түске негізделіп есептеледі. Егер құжаттарды түстердің толық жиынын (көгілдір, маджента, сары, қара) пайдаланып басып шығарсаңыз, бұл құрылғының қызмет ету ұзақтығы 25%-ға кемиді

Тонер картриджін ауыстыру үшін 96-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.

 Пайдаланылған опциялар мен сурет кеңістігінің пайыздық көрсеткішіне, тапсырма режиміне қарай тонер картриджінің қызмет ету мерзімі әр түрлі болуы мүмкін.

 Жабдықтарды, соның ішінде тонер картридждерін, құрылғыны сатып алған елде сатып алуыңыз керек. Әйтпесе жабдықтар құрылғымен үйлеспейді, өйткені олардың жүйелік конфигурациялары әр елде әр түрлі болады.

 Samsung корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген сияқты Samsung өзі шығармаған тонер картриджін пайдалануға кеңес бермейді. Samsung корпорациясы Samsung өзі шығармаған тонер картриджінің сапасына кепілдік бере алмайды. Түпнұсқа емес Samsung тонер картридждерін пайдалану салдарынан болған қажетті қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары құрылғының кепілдігінде қамтылмайды.

## Қосалқы бөлшектер

Қосалқы бөлшектер сатып алу үшін, құрылғыны сатып алған жеріңізге хабарласыңыз.


Қосалқы бөлшектерді тек құрылғыны сізге сатқан өкілетті қызмет көрсетуші, дилер немесе сатушы ауыстыра алады. Кепілдік қандай да бір қосалқы бөлшектер «Орташа өнімділік» шегіне жеткеннен кейін, оларды қамтымайды.

Бөлшектердің тозуы салдарынан баспа сапасы мен қағаз берілімі мәселелері туындамау үшін, қосалқы бөлшектер белгілі бір уақыт аралықтарында ауыстырылады. Төмендегі кестені қараңыз. Оның мақсаты құрылғының мүлтіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Төмендегі қосалқы бөлшектердің әрқайсысының қызмет мерзімі аяқталғанда, олар ауыстырылуы тиіс.

Бөлшектер	Орташа өнімділік <sup>а</sup>
Термобекіткіш бөлігі	Шамамен 50 000 бет (ақ-қара)/ 12 500 бет (түрлі-түсті)
Конвейер ролигі	Шамамен 50 000 бет (ақ-қара)/ 12 500 бет (түрлі-түсті)
Тасымалдау белдігі (ITB)	Шамамен 50 000 бет (ақ-қара)/ 12 500 бет (түрлі-түсті)
Қағаз беріп тұратын ролик	Шамамен 50 000 бет

а. Оған пайдаланылатын амалдық жүйе, есептеу өнімділігі, бағдарламалық құрал, жалғау әдісі, баспа құралының түрі, баспа құралының өлшемі мен тапсырма күрделілігі ықпал етеді.


## Тонер картриджін ауыстыру

 Тонер картриджін ауыстыру туралы анимацияны ашу үшін, осы сілтемені басыңыз.


Құрылғы төрт түрлі түсті қолданады және әрқайсысы үшін жеке тонер картриджі бар: сары (Y), маджента (M), көгілдір (C) және қара (K).

Тонер картриджі өзінің есептелген қызмет көрсету мерзіміне жеткен. Принтер басып шығаруды тоқтатады. Сондай-ақ, компьютер экранына Smart Panel бағдарламасының терезесі шығып, картриджді ауыстыру қажеттігі туралы ескертеді (76-беттегі "Smart Panel бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).


Бұл сатыда тонер картриджін ауыстыру қажет. Құрылғыда пайдаланылатын тонер картриджінің үлгі нөмірін тексеріңіз (95-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" бөлімін қараңыз).

 Samsung корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген сияқты Samsung өзі шығармаған тонер картриджін пайдалануға кеңес бермейді. Samsung компаниясы Samsung шығармаған тонер картриджінің сапасы немесе оның құрылғыға тигізуі ықтимал зақымдары үшін кепілдік бермейді. Сондай-ақ, Samsung өзі шығармаған тонер картридждерін пайдалану салдарынан қажет болған қызмет көрсету немесе жөндеу құрылғының кепілдігінде қамтылмайды.


1. Құрылғыны өшіріп, құрылғыны бірнеше минут суытып алыңыз.
2. Ашу түймесін басыңыз, алдыңғы қақпақты толығымен ашыңыз.




3. Тонер картриджіндегі тұтқадан ұстап, картриджді құрылғыдан шығару үшін өзіңізге қарай тартыңыз.




4. Жаңа тонер картриджін орамасынан шығарып алыңыз.
5. Жаңа тонер картриджінен қысқышты алып тастаңыз.




6. Тонердің тегіс таралуы үшін жаңа тонер картриджінің екі тұтқасынан да ұстап тұрып, екі жаққа мұқият шайқаңыз.




7. Тонер картриджін төменде көрсетілгендей тегіс жерге орналастырып, қорғаушы жабынын алып тастаңыз.



 Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және оны суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.



8. Тонер картриджінің түсі түс слотына сәйкесуін қадағалаңыз, одан кейін тонер картриджіндегі тұтқаны берік ұстаңыз. Картридж орнына нық орныққанға дейін енгізіңіз.




9. Алдыңғы қақпақты жабыңыз. Қақпақтың мұқият жабылуын қадағалаңыз, одан кейін құрылғыны қосыңыз.

 Егер алдыңғы қақпақ толық жабылмаса, құрылғы жұмыс істемейді.


## Бейнелеу құрылғысын алмастыру

Бейнелеу құрылғысының қызмет мерзімі аяқталғанда, компьютерде оның салынуы қажеттігін білдіретін Smart Panel бағдарламасының терезесі пайда болады. Кері жағдайда құрылғыңыз басып шығаруды доғарады.


1. Құрылғыны өшіріп, құрылғыны бірнеше минут суытып алыңыз.
2. Ашу түймесін басыңыз, алдыңғы қақпақты толығымен ашыңыз.




3. Тонер картриджіндегі тұтқадан ұстап, картриджді құрылғыдан шығару үшін өзіңізге қарай тартыңыз.




4. Пайдаланылған тонер контейнерін тұтқасын пайдалану арқылы құрылғыдан шығарыңыз.




5. Бейнелеу құрылғысын оның алдыңғы жағындағы науаны пайдалану арқылы құрылғыдан шығарып алыңыз.




6. Жаңа бейнелеу құрылғысын орамасынан шығарып алыңыз.

-  • Бейнелеу құрылғысының орамасын ашу үшін пышақ немесе қайшы сияқты өткір заттарды қолданбаңыз. Бейнелеу құрылғысының бетін зақымдауыңыз мүмкін.
- Бейнелеу құрылғысының бетіне сызат түспеуін қадағалаңыз.
  - Зақым келтірмеу үшін бейнелеу құрылғысына бірнеше минуттан артық уақытқа жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.


7. Бейнелеу құрылғысының алдыңғы жағындағы науаны ұстап тұрып, оны құрылғыға салыңыз.




8. Пайдаланылған тонер контейнерін орнына дәлдеп, дұрыс орныққанына көз жеткізу үшін итеріңіз.




9. Тонер картриджін құрылғыға қайта енгізіңіз.



10. Алдыңғы қақпақты мықтылап жабыңыз.

 Егер алдыңғы қақпақ толық жабылмаса, құрылғы жұмыс істемейді. Барлық тонер картридждерінің дұрыс орнатылуын қадағалаңыз. Егер тонер картридждерінің әлдебіреуі дұрыс емес орнатылса, алдыңғы қақпақ жабылмайды.


11. Құрылғыны қосыңыз.

 Өрбір жарық диоды қайталанған кезекпен қызыл түспен жыпылықтайды. Құрылғы дайын болғанға дейін 1,5 минут күтіңіз.


## Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру


Пайдаланылған тонер контейнерінің қызмет мерзімі аяқталғанда, компьютерде оның салынуы қажеттігін білдіретін Smart Panel бағдарламасының терезесі пайда болады. Кері жағдайда құрылғыңыз басып шығаруды доғарады.

1. Құрылғыны өшіріп, құрылғыны бірнеше минут суытып алыңыз.
2. Алдыңғы қақпақты ашыңыз.





3. Пайдаланылған тонер контейнерін тұтқасын пайдалану арқылы құрылғыдан шығарыңыз.



 Пайдаланылған тонер контейнерінің тегіс жерге тонері төгілмейтіндей етіп қойылуын қадағалаңыз.


4. Контейнер қақпағын төменде көрсетілгендей ашыңыз және оны пайдаланылған тонер контейнерінің аузын бекітуге пайдаланыңыз.



 Контейнерді қисайтып не аудармаңыз.

5. Жаңа пайдаланылған тонер картриджін орамасынан шығарып алыңыз.

6. Жаңа контейнерді орнына дәлдеп енгізіп, дұрыс орныққанына көз жеткізу үшін итеріңіз.



7. Алдыңғы қақпақты мықтылап жабыңыз.

**!** Егер алдыңғы қақпақ толық жабылмаса, құрылғы жұмыс істемейді. Барлық тонер картридждерінің дұрыс орнатылуын қадағалаңыз. Егер тонер картридждерінің әлдебіреуі дұрыс емес орнатылса, алдыңғы қақпақ жабылмайды.


8. Құрылғыны қосыңыз.

# Техникалық сипаттамалары

Бұл тарауда осы құрылғының негізгі техникалық сипаттамалары қамтылған.

Бұл тарау мыналарды қамтиды:

- Жабдықтың техникалық сипаттамалары
- Қоршаған орта сипаттамалары
- Электр сипаттамалары
- Баспа құралының сипаттамалары

 Техникалық сипаттамалары мәндері төменде тізілген: техникалық сипаттама ескертусіз өзгертілуі мүмкін: Ақпараттағы ықтимал өзгертулерді [www.samsung.com/printer](http://www.samsung.com/printer) торабынан қараңыз.

## Жабдықтың техникалық сипаттамалары

Элемент		Сипаттама
Өлшемділік	Биіктігі	243 мм
	Тереңдігі	313 мм
	Ені	388 мм
Салмағы	Құрылғы мен шығыс материалдары	11 кг
Орама салмағы	Қағаз	1,50 кг
	Пластик	0,45 кг
Сымсыз <sup>а</sup>	Модуль	CLX-NWA20L

а. Тек қана CLP-325W(К)/CLP-326W.

## Қоршаған орта сипаттамалары

Элемент		Сипаттама
Шу деңгейі <sup>а</sup>	Дайын режимі	Фонның шу деңгейі
	Басып шығару режимі	45 дБ-ден төмен (түрлі-түсті басып шығару) 47 дБ-ден төмен (ақ-қара және түрлі-түсті басып шығару)
Температура	Өрекет	10 - 32 °С
	Сақтау (орамада)	0 - 40 °С
Ылғалдылық	Өрекет	20 - 80% салыстырмалы ылғалдылық
	Сақтау (орамада)	10 - 90% салыстырмалы ылғалдылық

а. Дыбыс қысымының деңгейі, ISO 7779. Сыналған теңшелім: құрылғының негізгі орнатымы, А4 қағазы, бір жақты басып шығару.

## Электр сипаттамалары

 Қуат талаптары құрылғы сатылатын елге/аймаққа негізделген. Жұмыс кернеуін түрлендірмеңіз. Бұлай істеу құрылғыны зақымдауы және өнім кепілдігін жоюы мүмкін.

Элемент		Сипаттама
Номиналды қуаты <sup>а</sup>	110 вольттық модельдер	Айнымалы ток 110 - 127 В
	220 вольттық модельдер	Айнымалы ток 220-240 В
Қуатты тұтыну	Орташа жұмыс істеу режимі	350 Вт-тан азырақ
	Дайын режимі	60 Вт-тан азырақ
	Қуатты үнемдеу режимі	<ul style="list-style-type: none"><li>• <b>CLP-320(К)/CLP-321/CLP-325(К)/ CLP-326:</b> 5 Вт-тан азырақ</li><li>• <b>CLP-320N(К)/CLP-321N:</b> 6 Вт-тан азырақ</li><li>• <b>CLP-325W(К)/CLP-326W:</b> 7 Вт-тан азырақ</li></ul>
	Қуат көзінен өшірулі режим	0,45 Вт-тан азырақ

а. Құрылғы үшін дұрыс кернеу, жиілік (герц) және ток түрі қандай екенін білу үшін құрылғыдағы қуат жапсырмасында қараңыз.

## Баспа құралының сипаттамалары

Түрі	Өлшемі	Өлшемдері	Салмағы <sup>a</sup>	Сыйымдылық <sup>b</sup>
<b>Тегіс қағаз</b>	Letter	216 x 279 мм	70-90 г/м <sup>2</sup> .	Науаға 80 г/м <sup>2</sup> 130 парақ салу керек.
	Legal	216 x 356 мм		
	US Folio	216 x 330 мм		
	A4	210 x 297 мм		
	Oficio	216 x 343 мм		
	JIS B5	182 x 257 мм		
	ISO B5	176 x 250 мм		
	Executive	184 x 267 мм		
	A5	148 x 210 мм		
	A6	105 x 148 мм		
<b>Конверт</b>	Monarch	98 x 191 мм	Науаға 75-90 г/м <sup>2</sup> қағазды қолмен салу.	Науаға қолмен салынатын 5 парақ.
	№ 10	105 x 241 мм		
	DL	110 x 220 мм		
	C5	162 x 229 мм		
	C6	114 x 162 мм		
	№ 9	98 x 225 мм		
	6 3/4	92 x 165 мм		
<b>Қалың қағаз</b>	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Науаға қолмен салынатын 90-105 г/м <sup>2</sup> қағаз.	Науаға қолмен салынатын 5 парақ.
<b>Жұқа қағаз</b>	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Науаға қолмен салынатын 60-70 г/м <sup>2</sup> қағаз.	
<b>Жапсырмалар<sup>c</sup></b>	Letter, A4	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Науаға қолмен салынатын 120-150 г/м <sup>2</sup> қағаз.	
<b>Карта бумасы</b>	PostCard	101,60 x 152,4 мм	Науаға қолмен салынатын 105-163 г/м <sup>2</sup> қағаз.	
<b>Слайд<sup>d e f</sup></b>	Letter, A4,	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	-	
<b>Жалтыр фотосурет<sup>g</sup></b>	Letter, A4	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Науаға қолмен салынатын 111-105 г/м <sup>2</sup> қағаз.	Науаға қолмен салынатын 1 парақ
<b>Күңгірт фотосурет</b>	Letter, A4, PostCard 4 x 6	Тегіс қағаз бөлімін қараңыз	Науаға қолмен салынатын 111-105 г/м <sup>2</sup> қағаз.	
<b>Ең аз өлшем (теңшелетін)</b>		76 x 152,4 мм	60 - 163 г/м <sup>2</sup>	
<b>Ең үлкен өлшем (теңшелетін)</b>		216 x 356 мм		

a. Егер баспа құралының салмағы 120 г/м<sup>2</sup> көрсеткішінен асса, қағазды науаға біреуден салыңыз.

b. Ең жоғары сыйымдылық баспа құралының салмағына, қалыңдығына және қоршаған орта жағдайларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

c. Біркелкілігі: 100-250 (шеффилд) Бұл - тегістіктің сандық дейгейін білдіреді.

d. Ұсынылатын баспа құралы: **Xerox 3R91331 (A4)**, **Xerox 3R2780 (стандартты)** түрлі-түсті лазерлік принтері үшін мөлдірлік.

e. Ұсынылатын баспа құралы: 0,104-0,124 мм мөлдір қағаз.

f. Басып шығарылған суреттер диапроекторда пайдаланылса, мөлдірлікті пайдаланып түрлі-түсті басып шығарғандағы сурет сапасы монохромды басып шығарудағыдан нашарлау болады.

g. Ұсынылатын баспа құралы: Осы құрылғыға арналған **HP Brochure Paper** шығарған жалтыр қағаз (стандартты) (өнім: Q6611A). Осы құрылғыға арналған **HP Superior Paper 160 glossy** шығарған жалтыр қағаз (A4) (өнім: Q6616A).

# Contact SAMSUNG worldwide

If you have any comments or questions regarding Samsung products, contact the Samsung customer care center.

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
<b>ARGENTINE</b>	0800-333-3733	www.samsung.com
<b>ARMENIA</b>	0-800-05-555	
<b>AUSTRALIA</b>	1300 362 603	www.samsung.com
<b>AUSTRIA</b>	0810-SAMSUNG (7267864, € 0.07/min)	www.samsung.com
<b>AZERBAIJAN</b>	088-55-55-555	
<b>BAHRAIN</b>	8000-4726	
<b>BELARUS</b>	810-800-500-55-500	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru
<b>BELGIUM</b>	02-201-24-18	www.samsung.com/be (Dutch) www.samsung.com/be_fr (French)
<b>BRAZIL</b>	0800-124-421 4004-0000	www.samsung.com
<b>CANADA</b>	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>CHILE</b>	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>CHINA</b>	400-810-5858 010-6475 1880	www.samsung.com
<b>COLOMBIA</b>	01-8000112112	www.samsung.com
<b>COSTA RICA</b>	0-800-507-7267	www.samsung.com
<b>CZECH REPUBLIC</b>	800-SAMSUNG (800-726786)  Samsung Zrt., česká organizační složka, Oasis Florenc, Sokolovská394/17, 180 00, Praha 8	www.samsung.com
<b>DENMARK</b>	70 70 19 70	www.samsung.com
<b>ECUADOR</b>	1-800-10-7267	www.samsung.com
<b>EGYPT</b>	0800-726786	
<b>EIRE</b>	0818 717100	www.samsung.com
<b>EL SALVADOR</b>	800-6225	www.samsung.com
<b>ESTONIA</b>	800-7267	www.samsung.com
<b>KAZAKHSTAN</b>	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru
<b>KYRGYZSTAN</b>	00-800-500-55-500	
<b>FINLAND</b>	030-6227 515	www.samsung.com
<b>FRANCE</b>	01 48 63 00 00	www.samsung.com


Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
<b>GERMANY</b>	01805 - SAMSUNG (726-7864 € 0,14/min)	www.samsung.com
<b>GEORGIA</b>	8-800-555-555	
<b>GUATEMALA</b>	1-800-299-0013	www.samsung.com
<b>HONDURAS</b>	800-7919267	www.samsung.com
<b>HONG KONG</b>	(852) 3698-4698	www.samsung.com/hk www.samsung.com/hk_en/
<b>HUNGARY</b>	06-80-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>INDIA</b>	3030 8282 1800 110011 1800 3000 8282 1800 266 8282	www.samsung.com
<b>INDONESIA</b>	0800-112-8888 021-5699-7777	www.samsung.com
<b>ITALIA</b>	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>JAMAICA</b>	1-800-234-7267	www.samsung.com
<b>JAPAN</b>	0120-327-527	www.samsung.com
<b>JORDAN</b>	800-22273	
<b>KSA</b>	9200-21230	www.samsung.com
<b>BAHRAIN</b>	8000-4726	
<b>LATVIA</b>	8000-7267	www.samsung.com
<b>LITHUANIA</b>	8-800-77777	www.samsung.com
<b>LUXEMBURG</b>	261 03 710	www.samsung.com
<b>MALAYSIA</b>	1800-88-9999	www.samsung.com
<b>MEXICO</b>	01-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>MOLDOVA</b>	00-800-500-55-500	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru
<b>NETHERLANDS</b>	0900-SAMSUNG (0900-7267864) (€ 0,10/ min)	www.samsung.com
<b>NEW ZEALAND</b>	0800 SAMSUNG (0800 726 786)	www.samsung.com
<b>NICARAGUA</b>	00-1800-5077267	www.samsung.com
<b>NORWAY</b>	815-56 480	www.samsung.com
<b>PANAMA</b>	800-7267	www.samsung.com

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
<b>PHILIPPINES</b>	1800-10-SAMSUNG (726-7864) 1-800-3-SAMSUNG (726-7864) 1-800-8-SAMSUNG (726-7864) 02-5805777	www.samsung.com
<b>POLAND</b>	0 801 1SAMSUNG (172678) 022-607-93-33	www.samsung.com
<b>PORTUGAL</b>	80820-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>PUERTO RICO</b>	1-800-682-3180	www.samsung.com
<b>QATAR</b>	800-2255	
<b>REP. DOMINICA</b>	1-800-751-2676	www.samsung.com
<b>RUSSIA</b>	8-800-555-55-55	www.samsung.ru
<b>SINGAPORE</b>	1800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>SLOVAKIA</b>	0800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>SOUTH AFRICA</b>	0860 SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>SPAIN</b>	902-1-SAMSUNG(902 172 678)	www.samsung.com
<b>SWEDEN</b>	0771 726 7864 (SAMSUNG)	www.samsung.com
<b>SWITZERLAND</b>	0848-SAMSUNG (7267864, CHF 0.08/min)	www.samsung.com
<b>SYRIA</b>	1825-22-73	
<b>TADJIKISTAN</b>	8-10-800-500-55-500	
<b>TAIWAN</b>	0800-329-999	www.samsung.com
<b>THAILAND</b>	1800-29-3232 02-689-3232	www.samsung.com
<b>TRINIDAD &amp; TOBAGO</b>	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>TURKEY</b>	444 77 11	www.samsung.com
<b>U.A.E</b>	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>U.K</b>	0845 SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>U.S.A</b>	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
<b>UKRAINE</b>	8-800-502-000	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
<b>UZBEKISTAN</b>	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru
<b>VENEZUELA</b>	0-800-100-5303	www.samsung.com
<b>VIETNAM</b>	1 800 588 889	www.samsung.com



# Глоссарий

 Келесі глоссарий басып шығаруға қатысты көп қолданылатын және осы пайдаланушыға арналған нұсқаулықта кездесетін терминологияны түсіну арқылы өніммен танысуға көмектеседі.

## 802.11

802.11 - сымсыз жергілікті желі (WLAN) байланысына арналған стандарттар жиынтығы, IEEE LAN/MAN Стандарттар комитеті (IEEE 802) тарабынан дайындалған.

## 802.11b/g/n

802.11b/g/n кейбір жабдықтарды ортақ пайдалануы және 2,4 ГГц жиілігін пайдалануы мүмкін. 802.11b 11 Мб/с-қа дейінгі өткізу мүмкіндігін, 802.11n 150 Мб/с-қа дейінгі өткізу мүмкіндігін қолдайды. 802.11b/g/n құрылғыларына кейде микротолқындық пештер, сымсыз телефондар және Bluetooth құрылғылары кедергі келтіруі мүмкін.

## Қатынас нүктесі

Қатынас нүктесі немесе сымсыз қатынас нүктесі (AP немесе WAP) - сымсыз жергілікті желілерде (WLAN) сымсыз байланыс құрылғыларын байланыстыратын және WLAN радиосигналдары үшін орталық трансмиттер және ресивер ретінде жұмыс істейтін құрылғы.

## ADF

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF) - түпнұсқа қағаз парағын автоматты түрде беретін сканерлеу құрылғысы, құрылғы қағаздың біршама көлемін бір уақытта сканерлей алады.

## AppleTalk

AppleTalk - компьютерлік желі құру үшін Apple, Inc шығарған арнайы протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Macintosh (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

## Биттік тереңдік

Растрлік суреттегі бір пикселдің түсін көрсету үшін пайдаланылатын биттер санын сипаттайтын компьютерлік графика термині. Жоғарырақ түс тереңдігі анық түстердің кеңірек ауқымын береді. Биттер саны көбейген сайын, түстер картасы үшін мүмкін болатын түстер саны тым көбейіп кетеді. 1-битті түс әдетте монохромды немесе қара және ақ деп аталады.

## BMP

Microsoft Windows графикалық ішкі жүйесі (GDI) пайдаланатын және сол платформада қарапайым графикалық файл пішімі ретінде пайдаланылатын растрлік графика пішімі.

## BOOTP

BOOTP протоколы. Желілік клиент өзінің IP-мекенжайын автоматты түрде алу үшін пайдаланатын желілік протокол. Әдетте ол компьютерлердің немесе олардағы жұмыс істейтін операциялық

жүйелердің бастапқы жүктелу процесінде орындалады. BOOTP серверлері әрбір клиентке IP-мекенжайды мекенжайлар тобынан тағайындайды. BOOTP протоколы «дисксіз жұмыс станциясының» компьютерлеріне IP-мекенжайды кез келген жетілдірілген операциялық жүйені жүктеуден бұрын алуға мүмкіндік береді.

## CCD

Зарядты байланысы бар құрылғы (CCD) - сканерлеу тапсырмасын қосатын аппараттық құрал. CCD бекіту құрылғысы CCD модулін құрылғыны жылжытқан кезде зақымдалудан сақтау үшін пайдаланылады.

## Реттеу

Реттеу - жинақта бірнеше көшірме тапсырмасы бойынша басып шығару процесі. Реттеу таңдалғанда, құрылғы қосымша көшірмелерді басып шығарудан бұрын бүкіл жинақты басып шығарады.

## Басқару панелі

Басқару панелі - басқару немесе бақылау аспаптары көрсетілетін тегіс, көбінесе тік болып келетін бөлік. Әдетте олар құрылғының алдыңғы жағында орналасады.

## Қамту

Басып шығару кезінде тонердің пайдаланылуын өлшеу үшін қолданылатын басып шығаруға қатысты термин. Мысалы, 5 % қамту A4 өлшеміндегі қағазда шамамен 5 % суреттің немесе мәтіннің болатынын білдіреді. Сондықтан, егер қағазда немесе түпнұсқада күрделі суреттер немесе көп мәтін болса, қамту жоғары болады және сонымен бірге, тонерді пайдалану көлемі қамту көлемімен бірге артады.

## CSV

Үтірлермен бөлінген мәндер (CSV). Файл пішімінің түрі, CSV әр түрлі бағдарламалар арасында деректер алмасу үшін пайдаланылады. Файл пішімі, Microsoft Excel бағдарламасында пайдаланылғандай, іс жүзінде сала стандартына айналды, Microsoft емес платформалар арасында да.

## DADF

Дуплексті құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (DADF) - құрылғы қағаздың екі жағын да сканерлей алатындай етіп, түпнұсқа парақты автоматты түрде беретін және аударатын сканерлеу құрылғысы.

## Әдепкі

Принтерді қорабынан алған кездегі, қалпына келтірген кездегі немесе бастапқы күйге орнатқан кездегі мән немесе параметр.

## **DHCP**

Хостарды динамикалық теңшеу протоколы (DHCP) - клиент-сервер желілік протоколы. DHCP сервері DHCP клиент хост сұрауына тән конфигурация параметрлерін қамтамасыз етеді, жалпы, IP желісінде қатысу үшін клиент хостына қажет мәліметтер. Сондай-ақ, DHCP клиент хосттарына IP-мекенжайларды бөліп беру механизмін қамтамасыз етеді.

## **DIMM**

Қос қосылған жад модулі (DIMM) - жад ұстайтын кішкентай схемалық тақта. DIMM басып шығару деректері, алынған факс деректері сияқты құрылғы ішіндегі барлық деректерді сақтайды.

## **DLNA**

DLNA альянсы (DLNA) - үй желісіндегі құрылғыларға желі арқылы бір-бірімен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін стандарт.

## **DMPr**

Сандық медиа принтер (DMPr) - DLNA үй желісінде басып шығаруға мүмкіндік беретін құрылғы. DMPr суреттерді Созылмалы гипермәтінді белгілеу тілі (XHTML) үлгісімен біріктіру арқылы бетті басып шығарады.

## **DNS**

Домен атауларының сервері (DNS) - Интернет сияқты желілердегі бөлінген дерекқордағы домен атауларына қатысты мәліметтерді сақтайтын жүйе.

## **Нүктелік-матрицалық принтер**

Нүктелік-матрицалық принтер - басатын басы бетте алға және артқа қозғалатын, соққы арқылы басатын, жазу машинкасы сияқты қағазға бояу сіңірілген мата таспаны соғу арқылы басатын компьютер принтері.

## **DPI**

Дюймдегі нүктелер саны (DPI) - сканерлеу және басып шығару үшін пайдаланылатын ажыратымдылық өлшемі. Әдетте, DPI жоғарылаған сайын ажыратымдылық артады, суреттегі көрінетін бөліктер көбейеді және файл өлшемі үлкейеді.

## **DRPD**

Шартты қоңырауды автоматты тану. Шартты қоңырау - пайдаланушыға әр түрлі бірнеше телефон нөмірлеріне жауап беру үшін бір телефон желісін пайдалануға мүмкіндік беретін телефон компаниясының қызметі.

## **Дуплекс**

Құрылғы қағаздың екі жағында да басатын (немесе сканерлейтін) етіп қағаз парағын автоматты түрде аударатын механизм. Дуплекс құрылғысы бар принтер бір баспа циклінде қағаздың екі жағынан да баса алады.

## **Өнімділік**

Өнімділік - принтердің бір айдағы жұмыс өнімділігіне әсер етпейтін беттер саны. Әдетте принтерде бір жылдағы беттер саны сияқты

пайдалану мерзімінің шектеуі болады. Пайдалану мерзімі басып шығарулардың орташа көрсеткішін білдіреді, әдетте кепілдік мерзімі ішіндегі. Мысалы, егер өнімділік 20 жұмыс күні бар бір ай үшін 48 000 бет болса, принтердің жұмыс істеу шегі күніне 2 400 бет болады.

## **ECM**

Қателерді түзету режимі (ECM) - 1-класс факс машиналарына немесе факс-модемдерге қосылатын қосымша беру режимі. Ол кейде телефон желісіндегі кедергілерден болатын факс жіберу процесіндегі қателерді автоматты түрде табады және түзетеді.

## **Эмуляция**

Эмуляция - бір құрылғының басқа құрылғының нәтижелерімен бірдей нәтижелер алу әдісі.

Эмулятор бір жүйенің функцияларын басқа жүйеде қайталайды, екінші жүйе бірінші жүйе сияқты әрекет етеді. Эмуляция сыртқы жұмысты дәл көшіруге назар аударады, симуляциядан өзгеше болады, симуляцияда симуляцияланатын жүйенің абстрактілік моделіне, көбінесе ішкі күйіне көңіл бөлінеді.

## **Ethernet**

Ethernet - жергілікті желілерге (LAN) арналған фреймдік компьютер желісінің технологиясы. Ол физикалық деңгей үшін схеманы және сигнал беруді сипаттайды және кадр пішімдері және протоколдар үшін, ортамен қатынасты басқару (MAC)/деректер беру деңгейі, OSI моделі. Ethernet көбінесе IEEE 802.3 ретінде стандартталады. Ол 1990 жылдардан бастап қазірге дейін пайдаланылып келе жатқан ең көп таралған LAN технологиясына айналды.

## **EtherTalk**

Компьютер желісіне арналған Apple Computer тарапынан жасалған протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Macintosh (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

## **FDI**

Сыртқы құрылғы интерфейсі (FDI) - монеталық құрылғы немесе кардридер сияқты үшінші тараптың құрылғысына рұқсат етуге арналған құрылғы ішіне орнатылған карта. Ол құрылғылар сіздің құрылғыңызда төлемге негізделген қызметті қамтамасыз етеді.

## **FTP**

Файлдарды беру протоколы (FTP) - TCP/IP протоколын (мысалы, Интернет немесе интранет) қолдайтын кез келген желі арқылы файлдар алмасу үшін кең пайдаланылатын протокол.

## **Термофиксатор құрылғысы**

Баспа құралына тонерді түсіретін лазерлік принтердің бөлігі. Ол жылу ролигі мен қысым ролигінен тұрады. Тонер қағазға түсірілгеннен кейін, термобекіту құрылғысы тонердің қағазда тұрақты қалуы үшін жылу мен қысымды қолданады, сондықтан да қағаз лазерлік принтерден шыққан кезде ол жылы болады.

## **Шлюз**

Компьютер желілерінің арасындағы қосылым немесе компьютер желісі мен телефон желісінің арасындағы қосылым. Ол өте кең

таралған, себебі ол басқа компьютермен немесе желімен қатынасты қамтамасыз ететін компьютер немесе желі болып табылады.

## Сұр түстің реңктері

Түсті суреттер сұр түстің реңктеріне түрлендірілгенде суреттің ашық және қара бөліктерін көрсететін сұр түстің шкаласы; түстер әр түрлі сұр түстің шкаласымен көрсетіледі.

## Көмескі түс

Нүктелер санын өзгерту арқылы сұр түстің реңктерін көрсететін сурет түрі. Қатты боялған бөліктерде нүктелердің саны көп болады, ал ақшыл бөліктердегі нүктелердің саны азырақ болады.

## HDD

Қатты диск жетегі (HDD), әдетте қатты жетек немесе қатты дискіні білдіреді, энергиядан тәуелсіз сақтау құрылғысы, сандық кодталған деректерді магнитті беті болатын жылдам айналатын дискілерде сақтайды.

## IEEE

Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) - электрге қатысты технологияны дамытуға арналған халықаралық коммерциялық емес кәсіби ұйым.

## IEEE 1284

1284 параллель порт стандартын Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) жасаған. «1284-B» термині сыртқы құрылғыға (мысалы, принтерге) қосылатын параллель кабельдің ұшындағы арнайы коннектор түрін білдіреді.

## Интранет

Ұйымның мәліметтерінің немесе операцияларының бір бөлігін сенімді түрде өз қызметкерлерімен бірлесіп пайдалану үшін IP протоколдарын, желі қосылымын және жалпы байланыс жүйесін пайдаланатын жеке желі. Кейде бұл термин тек ең нақты көрінетін қызметті, ішкі веб-сайтты білдіреді.

## IP мекенжай

Интернет протоколы (IP) мекенжайы - IP протоколы стандартын пайдаланатын желіде бір-бірімен байланысу және анықтау үшін құрылғылар пайдаланатын бірегей нөмір.

## IPM

Бір минуттағы суреттер (IPM) - принтер жылдамдығын өлшеу әдісі. IPM көрсеткіші принтер бір минут ішінде басып шығара алатын бір жақты парақтар санын көрсетеді.

## IPP

Интернет басып шығару протоколы (IPP) басып шығару, басып шығару тапсырмаларын басқару, баспа құралдарының өлшемі, ажыратымдылық және т.б. үшін стандартты протоколды сипаттайды. IPP протоколын жергілікті немесе Интернет арқылы жүздеген принтерлер үшін пайдалануға болады және ол қатынасты басқару, аутентификация және шифрлау мүмкіндіктерін қолдайды,

бұл оны бұрынғыларға қарағанда икемдірек және қауіпсіз басып шығару шешімі етеді.

## IPX/SPX

IPX/SPX - желіаралық бумалар алмасу протоколы/бірізді бумалар алмасу. Novell NetWare операциялық жүйелері пайдаланатын желілік протокол. IPX және SPX протоколдары TCP/IP протоколына ұқсас қосылым қызметтерін қамтамасыз етеді, IPX протоколы IP протоколына ұқсас және SPX протоколы TCP протоколына ұқсас. IPX/SPX протоколы негізінен жергілікті желілерге (LAN) арналған және осы мақсатта ол өте тиімді протокол болып табылады (әдетте оның жұмыс көрсеткіштері жергілікті желідегі TCP/IP көрсеткіштерінен жоғары).

## ISO

Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) - ұлттық стандарттау органдарының өкілдерінен құралған халықаралық стандарттау органы. Ол халықаралық өнеркәсіп және сауда стандарттарын шығарады.

## ITU-T

Халықаралық телекоммуникация одағы - халықаралық радио және телекоммуникация саласын стандарттау және реттеу үшін құрылған халықаралық ұйым. Оның негізгі мақсаттары радиожіліліктер диапазонын бөлу, стандарттау және халықаралық телефон байланыстарын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі елдер арасында өзара байланыс келісімдерін ұйымдастыру. ITU-T сөзіндегі -T әрпі телекоммуникацияны білдіреді.

## ITU-T № 1 диаграмма

Құжаттарды факсимильді байланыс арқылы жіберу үшін ITU-T жариялаған стандартталған сынақ диаграммасы.

## JBIG

Екі деңгейлі кескіндер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JBIG) - дәлдік пен сапаны жоғалтпай кескіндерді қысу стандарты, бинарлық кескіндерді қысуға арналған, әсіресе факстер үшін, сонымен қатар басқа кескіндер үшін де пайдалануға болады.

## JPEG

Фотосуреттер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JPEG) - фотосуреттерді жоғалтумен қысу үшін ең көп қолданылатын стандартты әдіс. Фотосуреттерді Интернетте сақтау және жіберу үшін пайдаланылатын пішім.

## LDAP

Каталогқа кіру үшін жеңілдетілген протокол (LDAP) - TCP/IP арқылы жұмыс істейтін каталог қызметтерін сұрауға және өзгертуге арналған желілік протокол.

## Жарық диодты экран

Жарық шығаратын диод (LED) - құрылғы күйін көрсететін жартылай өткізгішті құрылғы.

## **MAC-мекенжай**

Ортамен қатынасты басқару (MAC) мекенжайы - желілік адаптермен байланысқан бірегей идентификатор. MAC-мекенжай бірегей 48-биттік идентификатор болып табылады, әдетте екі-екіден топталған 12 он алтылық таңбалар (мысалы, 00-00-0c-34-11-4e). Бұл мекенжай әдетте өндіруші тарапынан желілік интерфейстік картаға (NIC) қатты бекітіледі және үлкен желілерде құрылғыларды табуға әрекет жасайтын маршрутизаторларға көмек ретінде пайдаланылады.

## **MFP**

Көп функциялы сыртқы құрылғы (MFP) - бір физикалық денеде келесі функцияларды қамтитын кеңсе құрылғысы, принтер, көшіру құрылғысы, факс, сканер және т.б.

## **MH**

Өзгертілген Хаффман (MH) - ITU-T T.4 ұсынған кескінді тасымалдау үшін факс құрылғылары арасында берілетін деректер көлемін азайтуға арналған қысу әдісі. MH - бос орынды тиімді қысу үшін оңтайландырылған кодтық кітапқа негізделген бірізді кодтау схемасы. Факстер көбінесе бос орыннан тұратындықтан, бұл факстердің берілу уақытын барынша азайтады.

## **MMR**

Модификацияланған модификацияланған Рид коды (MMR) - ITU-T T.6 ұсынған қысу әдісі.

## **Модем**

Сандық ақпаратты кодтау үшін негізгі сигналды модуляциялайтын құрылғы және ол берілген ақпараттың кодын ашу үшін негізгі сигналды демодуляциялайды.

## **MR**

Модификацияланған Рид коды (MR) - ITU-T T.4 ұсынған қысу әдісі. MR бірінші сканерленген жолды MH көмегімен қолдайды. Келесі жол бірінші жолмен салыстырылады, айырмашылықтары анықталады, сонан соң айырмашылықтар кодталады және жіберіледі.

## **NetWare**

Novell, Inc. компаниясы жасаған желілік операциялық жүйе. Басында ол жеке компьютерде әр түрлі қызметтерді орындау үшін кооперативті көп тапсырмалылықты пайдаланды және желілік протоколдар бастапқы Xerox XNS стегіне негізделді. Қазір NetWare жүйесі TCP/IP және IPX/SPX протоколдарын қолдайды.

## **OPC**

Фотобарабан (OPC) - лазерлік принтерден шығатын лазер сәулесін пайдаланып басып шығару үшін виртуалды кескін жасайтын механизм және ол әдетте жасыл немесе тот түсті болады және цилиндр пішініне ие.

Принтерде пайдалану кезінде барабаны бар кескін жасау блогы барабан бетін ақырын тоздырады және оны дұрыстап ауыстыру керек, себебі ол картридждің шығару щеткасына, тазалау механизміне және қағазға тиіп тозады.

## **Түпнұсқалар**

Басқаларын шығару үшін көшірілетін, шығарылатын немесе аударылатын, бірақ өзі басқа бірдеңеден көшірілмейтін немесе шығарылмайтын бірдеңенің бірінші үлгісі, мысалы, құжат, фотосурет немесе мәтін және т.б.

## **OSI**

Ашық жүйелердің әрекеттестігі (OSI) - байланыс үшін Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) тарапынан жасалған модель. OSI желіні жобалау үшін стандартты, модульді әдісті ұсынады, ол кешенді функциялардың қажетті жиынтығын басқарылатын, тәуелсіз, функционалдық деңгейлерге бөледі. Деңгейлер - жоғарыдан төменге қарай, қолданба, презентация, сеанс, транспорт, желі, деректер беру арнасы және физикалық.

## **PABX**

Ішкі автоматты телефон станциясы (PABX) - жеке мекеме ішіндегі автоматты телефон коммутация жүйесі.

## **PCL**

Принтердің басқару тілі (PCL) - принтер протоколы ретінде HP компаниясы жасаған беттерді сипаттау тілі (PDL), өнеркәсіп стандартына айналған. Басында бастапқы себелеу принтерлері үшін жасалған, PCL түрлі деңгейлерде термопринтерлер, нүкте-матрицалық принтерлер және лазерлік принтерлер үшін шығарылды.

## **PDF**

Тасымалданатын құжат пішімі (PDF) - Adobe Systems жасаған арнайы файл пішімі, екі өлшемді құжаттарды құрылғыдан тәуелсіз және ажыратымдылықтан тәуелсіз пішімде көрсетуге арналған.

## **PostScript**

PostScript (PS) - беттерді сипаттау тілі және бағдарлама тілі, негізінен электрондық және үстелдік баспа жүйелерінде пайдаланылады. - кескін шығару үшін интерпретаторда орындалады.

## **Принтер драйвері**

Компьютерден принтерге деректерді тасымалдау және командаларды жіберу үшін пайдаланылатын бағдарлама.

## **Баспа құралы**

Принтерде, сканерде, факста немесе көшіру құрылғысында пайдалануға болатын қағаз, конверт, белгілер және көшіргіш сияқты құралдар.

## **PPM**

Бір минуттағы беттер саны (PPM) - принтердің жұмыс істеу жылдамдығын анықтау әдісі, принтер бір минут ішінде басып шығаратын беттер санын көрсетеді.

## **PRN файлы**

Құрылғы драйверіне арналған интерфейс, бағдарламалық жасақтамаға стандартты кіріс/шығыс жүйелік қоңыраулар арқылы

құрылғы драйверімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл көп тапсырмаларды жеңілдетеді.

## Протокол

Екі есептегіш соңғы нүктелер арасында деректерді тасымалдауды, қосылымды, байланысты қамтамасыз ететін немесе басқаратын ереже немесе стандарт.

## PS

PostScript бөлімін қараңыз.

## PSTN

Жалпыға арналған телефон желісі (PSTN) - жалпыға бірдей коммутациялық телефон желілерінің жүйесі, өнеркәсіптік ғимаратта орналасады, әдетте коммутатор арқылы реттеледі.

## RADIUS

Телефон желісінің абонентін қашықтан аутентификациялау қызметі (RADIUS) - пайдаланушыны қашықтан аутентификациялау және тіркеу протоколы. RADIUS аутентификация деректерін орталықтан басқаруға мүмкіндік береді, мысалы, пайдаланушы аты және құпия сөздер, желіге кіруді басқару үшін AAA (аутентификация, авторизация және есеп) принципін пайдаланады.

## Ажыратымдылық

Кескіннің анықтығы, дюймдегі нүктелер санымен (DPI) өлшенеді. Дюймдегі нүктелер саны көбейсе, ажыратымдылық жоғарылайды.

## SMB

Сервердің хабарлар блогы (SMB) - желілік протокол, негізінен файлдарды, принтерлерді, бірізді порттарды бірлесіп пайдалану үшін және басқа түрлі байланыстар үшін желі нүктелерінің арасында пайдаланылады. Сонымен қатар, ол тексерілген процесс аралық байланыс механизмін қамтамасыз етеді.

## SMTP

Пошта жіберуге арналған қарапайым протокол (SMTP) - Интернет арқылы электрондық пошта хабарларын жіберуге арналған стандарт. SMTP - салыстырмалы түрде қарапайым, мәтінге негізделген протокол, бір немесе бірнеше хабар алушылары көрсетіледі, сонан соң хабар мәтіні беріледі. Ол клиент-сервер протоколы, клиент серверге электрондық пошта хабарын жібереді.

## SSID

Сымсыз желі идентификаторы (SSID) - сымсыз жергілікті желінің (WLAN) атауы. Бір бірімен байланысу үшін сымсыз жергілікті желідегі барлық сымсыз құрылғылар бірдей SSID пайдаланады. SSID регистрге тәуелді болады және ең үлкен ұзындығы 32 таңба.

## Ішкі желі маскасы

Ішкі желі маскасы мекенжайдың қайсы бөлігі желілік мекенжай, ал қайсысы хост мекенжай екендігін анықтау үшін желілік мекенжаймен бірге пайдаланылады.

## TCP/IP

Берілісті басқару протоколы (TCP) және Интернет протоколы (IP); байланыс протоколдарының жиынтығы, Интернет және басқа көптеген коммерциялық желілер жұмыс істейтін протоколдар жиынтығын енгізеді.

## TCR

Берілісті растау есебі (TCR) әрбір беріліс мәліметтерін қамтамасыз етеді, мысалы, тапсырма күйі, беріліс нәтижесі және жіберілген беттер саны. Бұл есепті әр тапсырмадан кейін басып шығарылатын етіп немесе беріліс сәтсіз болғанда ғана басып шығарылатын етіп қоюға болады.

## TIFF

Кескін файлының тегтік пішіні (TIFF) - ажыратымдылығы өзгеретін растрлық кескін пішімі. TIFF сканерлерден келетін кескін деректерін сипаттайды. TIFF кескіндері файлдағы кескін сипаттамаларын анықтайтын тегтерді, кілт сөздерді пайдаланады. Бұл икемді және платформадан тәуелсіз пішімді кескін өңдейтін түрлі бағдарламаларда түсірілген суреттер үшін пайдалануға болады.

## Тонер картриджі

Ішінде тонер болатын принтер сияқты құрылғыда пайдаланылатын ыдыс немесе контейнер. Тонер - лазерлік принтерлерде және ксерокстарда пайдаланылатын ұнтақ, басылған қағазда мәтінді және кескіндерді пайда етеді. Тонер термофиксатордан қыздыру/қысым арқылы беріліп, қағаздың талшықтарына жабысуы мүмкін.

## TWAIN

Сканерлер мен бағдарламалық жасақтамаларға арналған өнеркәсіптік стандарт. TWAIN стандартына сәйкес бағдарламасы бар TWAIN сканерін пайдалану арқылы сканерлеуді бағдарламадан қосуға болады. Ол кескін алу API, Microsoft Windows және Apple Macintosh операциялық жүйелері үшін.

## UNC жолы

Бірегей атау беру ережесі (UNC) - Window NT және басқа Microsoft өнімдерінде ортақ желіге кірудің стандартты жолы. UNC жолының пішімі: \\<servername>\<sharename>\<Additional directory>

## URL

Ресурстардың бірегей көрсеткіші (URL) - құжаттардың және ресурстардың Интернеттегі ғаламдық мекенжайы. Мекенжайдың бірінші бөлігі пайдаланылатын протоколды көрсетеді, екінші бөлігі ресурс орналасқан IP-мекенжайды немесе домен атауын сипаттайды.

## USB

Әмбебап бірізді шина (USB) - USB Implementers Forum, Inc. жасаған стандарт, компьютер мен сыртқы құрылғыларды қосу үшін пайдаланылады. Параллель порттан айырмашылығы, USB бір мезгілде бір компьютер USB портын бірнеше сыртқы құрылғыларға қосады.

## **Су таңбасы**

Су таңбасы - қағаздағы көрінетін кескін немесе өрнек, жарықпен қарағанда ашық көрінеді. Алғаш рет су таңбалары 1282 жылы Италияның Болонья қаласында пайдаланылды; оларды өз өнімдерін белгілеу үшін қағаз жасаушылар пайдаланды, пошта маркаларында, ақшада және басқа үкімет құжаттарында қолдан жасауды болдырмау мақсатында пайдаланылды.

## **WEP**

Енгізілген құпиялылық эквиваленті (WEP) - қауіпсіздік протоколы, IEEE 802.11, сымды жергілікті желідегі қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді. WEP радио арқылы деректерді шифрлау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, екі нүкте арасында берілген кезде деректер қорғалады.

## **WIA**

Windows кескін архитектурасы (WIA) - басында Windows Me және Windows XP жүйесінде енгізілген кескін архитектурасы. Сканерлеуді WIA сканерін пайдаланып осы операциялық жүйелердің ішінен қосуға болады.

## **WPA**

Wi-Fi қорғалған қатынас (WPA) - сымсыз (Wi-Fi) компьютер желілерін қорғайтын жүйелер тобы, WEP қауіпсіздік мүмкіндіктерін жетілдіру үшін жасалған.

## **WPA-PSK**

WPA-PSK (WPA алдын ала ортақтасқан кілт) - шағын бизнес пен үйде пайдаланушылар үшін WPA арнайы режимі. Ортақ кілт немесе құпия сөз, сымсыз кіру нүктесінде (WAP) конфигурацияланады және сымсыз лэптоп немесе үстел құрылғылары. WPA-PSK қауіпсіздікті арттыру үшін сымсыз клиент пен тиісті WAP арасындағы әрбір сеанс үшін бірегей кілт шығарады.

## **WPS**

Wi-Fi қорғалған орнату (WPS) - сымсыз үй желісін орнату стандарты. Егер сымсыз кіру нүктесі WPS стандартын қолдаса, сымсыз желі қосылымын компьютерсіз оңай конфигурациялауға болады.

## **XPS**

XML қағаз сипаттамасы (XPS) - беттерді сипаттау тіліне (PDL) және жаңа құжат пішіміне арналған сипаттама, тасымалы құжат және электрондық құжат үшін артықшылықтары бар, Microsoft тарапынан жасалған. XML негізіндегі сипаттама, жаңа баспа жолына негізделген және векторға негізделген құрылғыдан тәуелсіз құжат пішімі.

# Индекс

---

## C

curled [92](#)

## L

Linux

unified driver configurator [77](#)  
басып шығару [73](#)  
берілген бағдарламалық жасақтама [31](#)  
жалпы Linux мәселелері [93](#)  
желі қосылған драйверді орнату [42](#)  
жүйеге қойылатын талаптар [32](#)  
принтер сипаттары [74](#)

## M

Macintosh

SetIP бағдарламасын пайдалану [38, 52](#)  
басып шығару [72](#)  
жалпы Macintosh мәселелері [94](#)  
желі қосылған драйверді орнату [41](#)  
жүйеге қойылатын талаптар [31](#)  
құрылғыны жергілікті түрде ортақ пайдалану [35](#)

## N

Нжоғары басып шығару

Macintosh [73](#)  
Windows [67](#)

## S

SetIP бағдарламасы [38, 51, 52](#)

Smart Panel

жалпы ақпарат [76](#)  
қаріп параметрі [56](#)

SyncThru Web Service

жалпы ақпарат [75](#)

service contact numbers [103](#)

## U

USB кабелі

драйвер орнату [32](#)

## W

Windows

SetIP бағдарламасын пайдалану [38, 51](#)  
басып шығару [65](#)  
жалпы Windows мәселелері [93](#)  
желі қосылған драйверді орнату [40](#)  
жүйеге қойылатын талаптар [31](#)  
құрылғыны жергілікті түрде ортақ пайдалану [35](#)

windows жүйесінде қабаттасуды пайдалану [69](#)

windows жүйесінде су таңбаларын пайдалану [69](#)

## A

алдыңғы көрінісі [25](#)

анықтаманы пайдалану [67](#)

## Б

басқару панелі [27](#)

басқару панелін түсіну [28](#)  
бас тарту түймесі [29](#)

баспа құралы

арнайы баспа құралы [61](#)  
жалтыр қағаз [64](#)  
жапсырмалар [63](#)  
карта бумасы [63](#)  
конверт [62](#)  
слайд [62](#)  
шығысты қолдау [102](#)

басып шығару

Linux [73](#)  
Macintosh [72](#)  
әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту [71](#)  
бір қағаз парағында бірнеше бет  
Macintosh [73](#)  
Windows [67](#)  
құжатқа басып шығару [72](#)  
құжатты басып шығару  
Windows [65](#)  
құжатты таңдалған қағаз өлшеміне қиыстыру [69](#)  
плакат [67](#)

басып шығару ажыратымдылығы орнату  
Macintosh [73](#)

басып шығару ажыратымдылығын

орнату

Linux [74](#)

басып шығару сапасына қатысты мәселелер шешу [90](#)

## Г

глоссарий [105](#)

## Д

Демонстрациялық бетті басып шығару [30](#)

## Е

екіжақты басып шығару қолмен принтер драйвері [68](#)

## Ж

Жарық диоды

күйтонер [28](#)  
сымсыз [29](#)

желі

IPv4 конфигурациясы [38](#)  
IPv6 конфигурациясы [39](#)  
SetIP бағдарламасы [38, 51, 52](#)  
драйвер орнату  
Linux [42](#)  
Macintosh [41](#)  
Windows [40](#)  
желілік бағдарламаларды енгізу [37](#)  
орнату ортасы [37](#)  
сымды желіні пайдалану [37](#)

## К

кептелу

қағаздың кептелуіне жол бермеге қатысты кеңестер [84](#)

керекжарақтар

алуға болатын жабдықтар [95](#)  
тапсырыс беру [95](#)  
тонер картридждің ауыстыру [96](#)  
тонер картридждің болжамды қызмет мерзімі [82](#)

кітапшалар [68](#)

кітапшаны басып шығару [68](#)

## Қ

қабаттасуды басып шығару  
басып шығару [70](#)  
жасау [69](#)  
жою [70](#)

қағаз  
өлшемді өзгерту [58](#)

қағаз түрі  
орнату [64](#)

қаріп параметрі [56](#)

қателер  
қағазды беру қателері [87](#)

қауіпсіздік  
ақпараты [7](#)  
таңбалары [7](#)

қолмен беру науасы  
арнайы баспа құралын пайдалану [61](#)

қуат үнемдегіш  
қуат үнемдеу режимін пайдалану [56](#)

құжатты басып шығару  
Linux [73](#)  
Macintosh [72](#)

құжаттың пайызын өзгерту [68](#)

құрылғы есебін басып шығару [80](#)

құрылғыны қосу [29](#)

құрылғыны орналастыру  
биіктігін реттеу [55](#)  
орналасу [30](#)

құрылғыны тазалау [80](#)

## М

мәселе шешу  
басып шығару сапасы [90](#)

мүмкіндіктер [23](#)  
берілген бағдарламалық жасақтама [30](#)  
қуат үнемдеу мүмкіндігі [56](#)  
құрылғы мүмкіндіктері [100](#)

## Н

науа  
ені мен ұзындығын реттеу [58](#)

нормативтік ақпарат [12](#)

## П

плакат [67](#)

принтер драйвері

мүмкіндіктер [65](#)

принтер сипаттары  
Linux [74](#)

## Р

реттеу  
науа өлшемі [55](#)

## С

салу  
арнайы баспа құралы [61](#)

су таңбасы  
басып шығару [69](#)  
жасау [69](#)  
жою [69](#)  
өңдеу [69](#)

СЫМСЫЗ  
WPS түймесі [45](#)

СЫМСЫЗ желі  
USB кабелі [46](#)  
wps  
PIN коды [45](#)  
желі кабелі [51](#)

## Т

тазалау  
сыртқы бөлігі [80](#)  
ішкі бөлігі [80](#)

таңдаулы параметрлер басып шығару  
үшін [67](#)

техникалық сипаттамалары  
баспа құралы [102](#)  
жалпы [100](#)

тонер  
таралу [83](#)

тонер картриджі  
Samsung компаниясы шығармаған  
және қайта құйылған [82](#)  
болжамды қызмет мерзімі [82](#)  
картриджді ауыстыру [96](#)  
пайдалану нұсқаулары [82](#)  
сақтау [81](#)

түймелер  
wps [29](#)  
басып шығару экраны [29](#)  
болдырмау [29](#)  
демонстрациялық басып шығару [29](#)  
қуат [29](#)

## Ш

шартты белгілер [21](#)